

KAZAKH LANGUAGE

**Oxford**

NO. 752 1/3

**ESSELTE**

10%





"Қазақша сөйлегіңіз келе ме?" оқу кешені бір-бірімен байланысты төрт кітаптан тұрады:

1. Бағдарлама (оқу кешеніне арналған).
2. "Алғашқы қадам" (оқулықтың 1-кітабы).
3. "Сөйлей білсеніз — ұтасыз" (оқулықтың 2-кітабы).
4. "Тілді білсеніз — елді білесіз" (оқулықтың 3-кітабы).

Қазақша сөйлегіңіз келе ме? АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ



# АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ



TDV İSAM  
Kütüphanesi Arşivi  
No TK/123.1

Қазақша сөйлегіңіз келе ме?

Г. Ә. Мұсаева  
Ә. Ә. Құрышжанова  
Ж. Ш. Ахмедова  
Л. В. Екшембева

# АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

*1-кітап*

АЛМАТЫ  
"БАЛАУСА"  
1998

*Оқу кешенінің демеушісі — белгілі американ кәсіпкері  
және қоғам қайраткері ДЖОРЖ СОРОС*

А40 Алғашқы қадам: ("Қазақша сөйлегіңіз келе ме?" оқу кешенінің 1-кітабы)/Г.Ө. Мұсаева, Ө.Ө. Құрышжанова, Ж.Ш. Ахмедова, Л.В. Екшембеева.—Алматы: Балауса, 208 бет. — (Сорос — Қазақстан қоры)

ISBN 5-7063-0303-7

1997 жылы Сорос—Қазақстан қоры Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесе отырып "Гуманитарлық білім беруді жаңғырту" бағдарламасы негізінде қазақ тілінен басқа тіл топтарына арналған қазақ тілі оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына конкурс жариялаған еді. Ұсынылып отырған бұл авторлық басылым — сол конкурста жеңімпаз атанған оқулықтардың бірі.

Оқулық қазақ тілін үйренгісі келетін шетел азаматтарына, мектеп оқушыларына, студенттерге және өз бетімен үйренушілерге арналған.

А 4602000000—043 — қосым. шешім 98  
404(05)—98

ББК 81(5 каз)

ISBN 5-7063-0303-7

© Мұсаева Г. Ө.,  
© Құрышжанова Ө. Ө.,  
© Ахмедова Ж. Ш.,  
© Екшембеева Л. В., 1998

"Қазақша сөйлегіңіз келе ме?" атты оқу кешені — қазақ тілін үйренушілерге арнап жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының ешқайсысына ұқсамайтын, тіл үйретуде пайдаланып жүрген озық әдістерге сүйене отырып жазылған еңбек.

Қазақ тілі мемлекеттік дәреже алып, оны республикада тұратын басқа ұлттарға ғана емес, дүние жүзінің түкпір-түкпірінен келген ұлт өкілдеріне екінші шетел тілі ретінде оқытып үйрету көзделіп отыр.

"Қазақша сөйлегіңіз келе ме?" оқу кешені қазақ тілін мүлде білмейтін, тілді оқытушының көмегімен үйренгісі келетін оқушыларға, студенттерге арналған бірнеше саладан тұратын оқу құралы.

Тіл үйретуге коммуникативті тұрғыдан келу — бүгінгі күн төртібі алға қойып отырған талапқа жауап беру деп білеміз.

Қазіргі компьютерлік техниканы коммуникативті тіл үйрету әдісімен ұштастыра білу тұрғысында жазылған бұл оқу кешені — қазақ тілін күнделікті тұрмыста қажетіне жаратамын және оны білім алу мен базалық білімді меңгеру құралы ретінде үйренемін деушілердің алдына қойған мақсатын шешуге көмектесетін құрал. Бұл ретте оқу құралын мынадай мақсаттарға пайдалануға болады:

- тіл үйренушілермен жеке жұмыс жүргізуге;
- түрлі тіл үйрену орталықтарында құрылған топтармен жұмыс жүргізуге;
- жоғарғы оқу орындарының орыс топтарында оқитын қазақ тілін жана үйрене бастаған студенттермен жұмыс жүргізуге;
- шетелдік азаматтарға арналған дайындық факультеттерінде тіл үйретуге.

Бағдарлама бойынша оқу курсы 700 сағатқа лайықталған. Оқу материалдары мынадай принциптерге сүйене отырып ұйымдастырылған:

- белсенді коммуникативтік;
- күнделікті өмір қажетіне бағыт ұстау;
- елтану бағдары;
- тілдік әрекеттің барлық түрімен байланыс;

- түсіне білу;
  - тіл үйренуде кезең-кезеңмен ілгері жылжу;
  - тіл үйренушіге өз қабілетін жетілдіруге мүмкіндік туғызу.
- Оқу құралының алға қоятын міндеттері:
- коммуникативтік мақсатта тіл қызметінің мүмкіндігін пайдалана білу;
  - дұрыс, сауатты, мәдениетті сөйлесе білу мүмкіндігін қалыптастыру және оны іске асыра білу;
  - жай және құрмалас сөйлемдер бойынша өз білгенін жаза білу.

Бұл міндеттерді шешуге бұрын қазақ тілін оқытуда көп пайдаланылмаған түрлі тіл үйрету технологиясы ұсынылып отыр. Олар:

- коммуникативті міндет (интенция, талпыныс);
- оның қызметтік грамматикалық көрінісі;
- тілдік міндеттерге сөйкес сөйлеу үлгілерін алгоритм бойынша модельдеу (түрлендіру);
- берілген ситуацияларға сөйкес диалог түрінде берілген тілдік міндеттер комплексін талдау;
- ситуацияны бағалау (монологтік сөйлей білу).

Бұл ретте сөйлей білуге үйрету оқытушы — тіл үйренуші қатынасымен жүзеге асады.

Оқу кешенінің мақсаты, міндеті, принципі бір ғана бағытты ұстанғанымен, олар өзіне тән жеке оқу материалдарынан және өзіндік оқыту технологиясынан тұратын үш кезеңнен құралған.

“Алғашқы қадам” кезеңі бастауыш фонетикалық курс пен бастауыш грамматикалық курстан тұрады.

Бастауыш фонетикалық курс үндестік заңын сақтай отырып, дыбыстарды, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс айтуға, айту дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Курс логикалық жағынан бірін-бірі толықтыратын, сонымен бірге әр бағдарламаны және оларды оқытуға лайықты өдістемелік тұрғыдағы көптеген жаттығулар тобын біріктіреді. Сабақтың тапсырмаларында түрлі графикалық символдар, кестелер, сызбалар (схемалар) кеңінен пайдаланылады.

Бастауыш грамматикалық курс өмірдегі әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерден туатын коммуникативті міндеттерді шешуге керекті грамматикалық конструкцияларды меңгертуді көздейді. Ол негізінен төрт бөліктен тұрады, ал әр бөлік функционалдық грамматика құралының көмегімен коммуникативті міндетті шешуге болатын бірнеше сабақты қамтиды.

Коммуникативті міндеттерді шешудің кілті қазақ халқының дәстүріне сай екі түрлі нұсқада, яғни үлкен кісінің кішімен, кішінің үлкенмен сөйлесуі түрінде берілген.

“Сөйлей білсеңіз — ұтасыз” атты аралық кезең үлкен бес тақырып төңірегіне шоғырланып, тіл ұстарту, сөйлеуге дағдыландыру, сөйлемдерді күрделендіре білу мақсаттарын көздейді.

“Тілді білсеңіз — елді білесіз” атты соңғы кезең тоғыз тақырыпты қамтып, тіл үйренушіге қазақ халқы, оның жері, дәстүрі, тарихы, мәдениеті, атақты адамдары туралы мәлімет береді. Бұл кезеңнің мақсаты — елтану тақырыбын пайдалана отырып, тіл үйренушілерге хабарлау, түсіндіру, мақұлдау, анықтау, сендіру секілді сөйлеу әрекеттерін игеруге көмектеседі.

\*\*\*

Өз алдына жеке оқулық ретінде ұсынылған бұл “Алғашқы қадам” кезеңі қазақ тілін үйрене бастаушыларды қазақ тілінің фонетикасымен таныстыруға, оны игертуге лайықталған. Ол өз кезегінде кіріспе-грамматикалық курспен ұштасып, сөйлеу дағдысын үйрене бастаушыларға грамматика саласынан да білім береді. Оқу кешенінің бұл алғашқы оқулығы қарапайым сөйлесу формаларын игеруден күрделі сөйлесу формаларын игеруге бағытталған.

Өмірде кездесетін әр түрлі ситуацияларға байланысты сөйлеу үлгілерін тіл үйренушілерге меңгерту үшін ыңғайлы, жеңіл және ұтымды өдістер тандап алынған. Қазақ тілін алғаш үйрене бастаушыларды тіл үйрету барысында интенсивті оқытуға және тіл үйренуге қызығушылығын арттыра түсу мақсатында осы оқулықтың 1-кітабына сөйкес компьютерлік оқулық сынақ тестері және оны пайдалана білудің нұсқауы (жеке) жасалған. Егер тіл үйренушілер компьютерлік оқу бағдарламасына қызығушылық білдірсе, оны жеке-дара пайдалануына да болады.

Аралық кезеңге өту кезінде тіл үйренуді жеделдетуді көздеп, “Алғашқы қадамның” әрбір 18 сабағында тілдік сөйлеу үлгілері ұсынылған. Сонымен бірге “Тіл ұстарту” атты қосымша беріліп отыр. Соңғы 19-сабақта тіл үйренушілердің білімін тексеру мақсатында бақылау жұмыстары тест түрінде берілген. Лексикалық материалдарды есте ұстауды, оны игеруді жеделдетуді көздеп, әрбір сабақтан соң сөзтізбе беріліп отырады. Оқу кешенінің соңында берілетін грамматикалық анықтағыш қазақ тілінің грамматикасына байланысты туған қиындықтарды тез шешуге мүмкіндік береді.

Әрбір сабақ нақты әрекеттік бағытты білдіріп, лексика-грамматикалық материалдарды пайдаланып бір немесе бірнеше коммуникативтік міндетті шеше алады. Берілген грамматикалық формалардың қызметін жандандыруға сабаққа қосымша берілген ықшам текстер көмектеседі. Ал мұнан кейін грамматикалық дағды автоматты түрде пайдаланылып, оны әрі қарай жетілдіру кезең-кезеңмен ілгері жылжу принципіне негізделеді. Грамматикалық материалдардың бөліктері сөйлемдерді түрлендіруде құрылыс заттары қызметін атқарады. Сөйлемді түрлендіре білуді біз оқытудың алғашқы кезеңіндегі негізгі міндеттердің бірі ретінде

қарап, оны сөйлеу тілін тезірек меңгеруге мүмкіндік жасайтын әдіс деп білеміз. Мұның мынадай бірнеше көмегі бар:

1. Сөйлемнің әр түрлі бөліктерін пайдалана отырып, грамматикалық жағынан дұрыс, мағынасы бар, өз алдына қолдануға болатын сөйлеу тексін құра білуге көмектеседі.

2. Сөйлемнің негізгі құрылысын, яғни субъекті-баяндауыштық байланысты құрайтын сөйлеу әрекетін іске асыра білуге жәрдемдеседі.

3. Қазақ тілінде сөйлей білуге үйрету дағдысын қалыптастыруды тілдің грамматикалық құрылысымен бірлікте жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Сабақтардағы сөйлей білуге үйрету текстері белгілі бір ситуацияларға байланысты сөйлеу үлгілері ретінде берілгенімен, ол күнделікті өмірдегі нақты оқиғаларға жақындатылып, тіл үйренушінің өмірінде кездесетін жағдайларға сай алынған. Кез келген ситуацияны тілдік тұрғыдан шешудің бірнеше нұсқасы беріліп, диалогты түрлендірумен өрнектелген.

Берілген ситуацияларға өзіндік баға бере білуге үйрету тіл үйренушіге монологтік сөйлеу үлгісін үйренуге де мүмкіндік береді. Ал ол берілген сөйлемдерді түрлендіруге, оны тек түрлендіру ғана емес, күрделендіре білуге де дағдыландырылады.

Оқулық коммуникативті міндеттерден және оны шешуге арналған сабақтардан құралған. Әрбір сабақта лексикалық, грамматикалық жинақтау және жаттығулар берілген.

Сөйлеуге үйрету кезеңінде ұсынылған тапсырма тірек сөздер көмегімен мынадай бес түрлі міндетті шешуге үйретеді:

- хабарлай білу;
- мақұлдай білу;
- талқылай білу;
- сендіре білу;
- теріске шығара білу.

Бұл кезеңде де әрбір тақырыпты меңгеру кезінде белгілі бір грамматикалық дағдыны үйрету мақсат етіледі.

Сөйлеудің формасы мен мәннің бірлігі ретіндегі қазақ тілінде жиі қолданылатын тілдік сөйлеу құралдары, тұрақты синтаксистік тіркестер, тілдік өрнектер мен клишелер интенциялық қызметтік кешен (хабарлау, мақұлдау, келісу) түрінде ұсынылады. Сөйлеудің (ауызекі сөйлесу және тұрмыстық, әлеуметтік, мәдениет тақырыптары төңірегінде сөйлесу) стильдік ерекшеліктеріне көңіл аударылады.

Оқулықта грамматикалық терминдердің мынадай шартты көрсеткіштері пайдаланылды:

Зат е. — зат есім  
Сын е. — сын есім  
Сан е. — сан есім  
Есім. — есімдік  
Ет. — етістік  
Ет. (т.) — түйық етістік  
К. ет. — көмекші етістік  
К. е. — көмекші есімдер

S — субъект  
P — предикат  
01 — атау септік  
02 — ілік септік  
03 — барыс септік  
04 — табыс септік  
05 — жатыс септік  
06 — шығыс септік  
07 — көмектес септік

I — жуан дауысты, қосарлы дауысты  
II — жіңішке дауысты  
III — үнді дауыссыз  
IV — ұяң дауыссыз  
V — қатаң дауыссыз  
∅ — нөлдік форма  
жік. ж. — жіктік жалғау  
тәу. ж. — тәуелдік жалғау

Оқулық шетел азаматтарына, жоғарғы және орта оқу орындарында қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқытумен айналысып жүрген оқытушылардың пайдалануына ұсынылады.

"Қазақша сөйлегіңіз келе ме?" оқу кешенінің жазылуына авторлар мынадай ретпен қатысты:

1. "Бағдарлама" авторлары: А.С. Бұлдыбаев, Л.В. Екшембеева.
  2. "Алғашқы қадам" оқулығының авторлары: Г.Ө. Мұсаева (1—7, 14—19-сабақтар, тіл ұстарту), Ә.Ө. Құрышжанова (8—13-сабақтар, тіл ұстарту, сөздік), Ж. Ш. Ахмедова (сөздік, тіл ұстарту), Л.В. Екшембеева (1—7, 14—19-сабақтар), А.С. Бұлдыбаев (сөз басы, тіл ұстарту).
  3. "Сөйлей білсеңіз — ұтасыз" оқулығының авторлары: А.С. Бұлдыбаев, Л.В. Екшембеева.
  4. "Тілді білсеңіз — елді білесіз" оқулығының авторлары: Ә. Е. Ағманова, Ф. Е. Ағманова, Л. В. Екшембеева. Осы оқулықтың соңында топтап берілген "Грамматикалық анықтағыштың" авторлары: Г. Ө. Мұсаева, Ә. Е. Ағманова, Ә. Ә. Құрышжанова.
- Оқу кешенінің жұмыс концепциясын түзген Л. В. Екшембеева. Жалпы редакциясын басқарған А. С. Бұлдыбаев.

TDV İSAM  
Kütüphanesi Arşivi  
No TK/123.1

## Бастауыш фонетикалық курс

### Алфавит

Аа	Аа	Ққ	Ққ	Фф	Фф
Әә	Әә	Лл	Лл	Хх	Хх
Бб	Бб	Мм	Мм	Һһ	Һһ
Вв	Вв	Нн	Нн	Цц	Цц
Гг	Гг	Ңң	Ңң	Чч	Чч
Ғғ	Ғғ	Оо	Оо	Шш	Шш
Дд	Дд	Өө	Өө	Щщ	Щщ
Ее	Ее	Пп	Пп	Ъ	ъ
Ёё	Ёё (й+о)	Рр	Рр	Ыы	Ыы
Жж	Жж	Сс	Сс	Іі	Іі
Зз	Зз	Тт	Тт	Ь	ь
Ии	Ии	Уу	Уу	Ээ	Ээ
Йй	Йй	Ұұ	Ұұ	Юю	Юю (й+у)
Кк	Кк	Үү	Үү	Яя	Яя (й+а)

### ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

Д А У Ы С Т Ы	жуан	I	а о ұ ы ә и у
	қосарлы		я ё (й+а) (й+о) е ю (й+ә) (й+у)
	жіңішке	II	ә ө ү і е и у
Д А У Ы С С Ы З	үнді	III	м н ң л р (й) (у)
	ұян	IV	б в г д ж з р
	катаң	V	п ф к т ш с қ х Һ ц ч щ

## 1-САБАҚ

1-жаттығу. Дауысты дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

а) а о ұ ы э  
ө ө ү і е

ә) и <  $\begin{matrix} [й] \\ [ый] \end{matrix}$  у <  $\begin{matrix} [ыу] [үу] \\ [iy] [yu] \end{matrix}$

б) я=[й+а] ё=[й+о] ю=[й+у] е=[й+э]

2-жаттығу. Дауысты дыбыстарды дұрыс жазып үйреніңіз.

Аа Аа Оо Оо Ұұ Ұұ ЫыЫыЭэ Ээ Ии Ии УуУу  
Әә Әә Өө Өө Үү Үү Іі Іі Ее Ее Яя Яя Ёё Ёё Юю Юю

3-жаттығу. Берілген дыбысты тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, жазыңыз.

Бб Бб

4-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

б <  $\begin{matrix} [б] — ба бо бұ бы бэ би бу \\ [б'] — бә бө бү бі бе би бу \end{matrix}$

5-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз. Кеңіл аударыңыз.

а-ба	о-бы[ү]	ө-бе	ө-бі[ү]
ы-бы	ү-бы[ү]	е-бе	ү-бі[ү]
и-би	у-бу[үу]	и-би	у-бу[үу]

6-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

ба — бә	баба	бәбе
бо — бө	бобо	бөбе
бұ — бү	бұбұ	бүбү
бы — бі	быбы	бібі
бә — бө	бәбә	бөбө
би — би	биби	бубу
бу — бу	бубу	

7-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз.

бо бө бы бі бұ бү бә бе ба бә

8-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз, егер жіңішке буын естісеңіз, қасына жіңішкелік белгісін (ll) қойыңыз: бә (ll).

ба, бы, бә, бо, бұ, бі, бұ, бө

9-жаттығу. Тыңдаңыз, буынның жуан түрін айтыңыз.

бә, бұ, бі, бө

10-жаттығу. Дыбысты тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, жазыңыз.

Лл Лл

Л <  $\begin{matrix} [л] + а-о-ұ-ы-э-и-у \\ [л'] + ө-ө-ү-і-е-и-у \end{matrix}$

11-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

ла — ал	а — ла	лө — өл	ө — ле
ло — ол	о — ла	лө — өл	ө — ле
лұ — ұл	ұ — лы [ү]	лү — үл	ү — лі [ү]
лы — ыл	ы — лы	лі — іл	і — лі
ли — ил	и — ли	ле — ел [йе]	е — ле
лу [ыу]	ү — лу [үу]	ли — ил	и — ли
		лу [iy]	ү — лу [үу]

12-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

ал — өл	ла — лә	[йе] ел
ол — өл	ло — лө	
ұл — үл	лұ — лү	
ыл — іл	лы — лі	ле

13-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз, жіңішке айтылатын сөздің астын сызыңыз.

ал,	ол,	ұл,	өл,	ел,	іл
ала,	еле,	іле,	алу,	ұлы	

14-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

ба — ла	бала	бал
бо — ла	бола	бол
бұ — ла	бұла	бұл
бы — ла	была	
бу — ла	була	

TDV İSAM  
Kütüphanesi Arşivi  
No TK/123.1



бә — ле	бәле	
бө — ле	бөле	бөл
бү — ле	бүле	
бі — ле	біле	біл
би — ле	биле	

15-жаттығу. Тыңдаңыз, оқыңыз, жазыңыз.

Ал, ол, ұл, ұлы, ала, бал, бол, бұл, бала  
әл, ел, іл, іле, бөл, біл, бел, би, биле

16-жаттығу. Тыңдаңыз, егер жуан сөздерді естісеңіз (I) деп, жіңішке сөзді (II) деп белгілеңіз: ал (I); ел (II)

ал, іл, ұл, ол, ел, бал, бел, біл, бол, бұл, іл, бөл.

17-жаттығу. Дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, жазыңыз.

Рр Рр

а) 
$$p \begin{cases} [p] + a - o - \ddot{u} - ы - \ddot{e} - и - у \\ [p] + \ddot{a} - \ddot{o} - \ddot{u} - \ddot{i} - e - и - у \end{cases}$$

ә) ра — ар	а — ра	рә — әр	ө — ре
ро — ор	о — ра	рө — өр	ө — рі[ү]
рұ — ұр	ұ — ры [ү]	рү — үр	ү — рі[ү]
ры — ыр	ы — ры	рі — ір	і — рі
ри — ир	и — ри[ый]	ри — ир	и — ри[ий]
ру [ыу] — ур	у — ру[ұу]	ру [iy] — ур	у — ру[уу]
		ре — ер	е — ре

18-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

ра — рә	ар — әр
ро — рө	ор — өр
рұ — рү	ұр — үр
ры — рі	ыр — ір
ри — ри	ир — ир
ру — ру	ур — ур
рә — ре	әр — ер

19-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз.

ро рө ұр үр ры рі ар әр рұ рү ыр ір ра рө ор өр

20-жаттығу. Төмендегі буындардың жіңішке түрін айтыңыз.

ро, рұ, ры, ра, ор, ыр, ар, ұр

21-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз, жуан сөздердің астын сызыңыз.

әр, ор, ұр, ара, әрі, бер, бор, бір, ұр, ар, өр, ер, ара, өре, ере, ері, ірі, бар, бұр

22-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

ар — ал	ара — ала	әр — әл	әре — әле
ор — ол	ора — ора	өр — өл	өре — өле
ұр — ұл	ұры — ұлы	ұр — ұл	үре — үле
ыр — ыл		ір — іл	ірі — ілі
бар — бал	бара — бала	ер — ел	ере — еле
бор — бол	бора — бола	бөр — бөл	бөре — бөле
бұр — бұл	бұра — бұла	бер — бел	
		бөр — бөл	бөре — бөле
		бүр — бүл	бүре — бүле
		бір — бір	

23-жаттығу. Тыңдаңыз, "л" дыбысын естісеңіз, қол көтеріңіз.

Ал, ор, ұл, ол, ара, бар, бол, бұл, ора, бал, ар, бала, ұр, алу.  
Әр, ел, өр, ер, іл, бер, бел, бұр, бөл, ірі, биле, білу.

24-жаттығу. Тыңдаңыз, "р" дыбысын естісеңіз, қол көтеріңіз.

Ұл, ор, ал, бар, бол, ұл, бала, бор, бұл, ара, олар, ол, ар.  
Ер, бел, бір, бол, ел, өр, бір, ірі.

25-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

I. ал	бала	бал	олар
ол	ара	бол	борлар
ұл	ора	бұл	балалар
ар	ұлы	бар	
ор		бор	

II. әл	еле	бел	биле
ел	ірі	біл	өрелер
іл	ере	бөл	бөлелер
әр	өре	бер	
ер		бір	біреулері

26-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

ál — alá
бál — balá — balalár
ól — olár

бі — билé — билёр  
ёр — өрe — өрелёр  
бір — бірeу — біреулёр — біреулері

**27-жаттығу.** Оқыңыз. Төмендегі сөздердің жуан, жіңішкелігіне қарап екі топқа бөліп жазыңыз.

ал, ел, бұл, бол, бер, бел, бір, ұл, өр, ор, бор, біл, би, ірі, бар, бөл, іл, ол, ар, өр, ер

**28-жаттығу.** Сөйлемдерді тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Бұл — бала. Олар — балалар.  
Бұл — бор. Ол — би.

**29-жаттығу.** Оқыңыз, жазыңыз.

Бұл — бал. Бұл — ел. Ол — бала. Ол — бор. Олар — балалар. Олар — борлар.

**30-жаттығу.** Тыңдаңыз, жазыңыз.

Бұл — бор. Ол — бала. Олар — балалар. Бұл — би. Бұл — ел. Олар — борлар. Бор бер. Бор ал, апар.

### СӨЗДІК

алу	бар	болу	бір
апару	бару	бор	ел
бала	беру	бұл	ол

## 2-САБАҚ

**1-жаттығу.** Берілген дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, жазыңыз.

Мм Мм Пп Пп

**2-жаттығу.** Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

а)  $M < \begin{matrix} [м] + а о ұ ы э и у \\ [м'] + ө ө ү й е и у \end{matrix}$

$P < \begin{matrix} [п] + а о ұ ы э и у \\ [п'] + ө ө ү й е и у \end{matrix}$

- ә) ма — мө па — пө  
мо — мө по — пө  
мұ — мұ пұ — пұ  
мы — мі пы — пі  
ме пе  
ми[ый] — ми[ий] пи[ый] — пи[ий]  
му[ыу] — му[іу] пу[ыу] — пу[іу]
- б) ама — апа әме — өпе  
ома — опа імі — іпі  
ымы — ыпы еме — епе  
ұмы[ұ] — үмі[ү] ұпы[ұ] — үпі[ү]  
омы[ұ] — өмі[ү] опы[ұ] — өпі[ү]

**3-жаттығу.** Тыңдаңыз, қайталаңыз.

б — п — м б — м б — п б — м — п

ба — па — ма бө — пө — мө  
бо — по — мо бө — пө — мө  
бұ — пұ — мұ бұ — пұ — мұ  
бы — пы — мы бі — пі — мі  
бе — пе — ме

**4-жаттығу.** Тыңдаңыз, жазыңыз.

бө әп мө үм бұ мұ еп бе ем бұ ұп мұ пе өм бө бі іп ім бо по ом  
ап ба ма

**5-жаттығу.** Сөздерді оқыңыз.

апа, бала, алма, ми, бала, Омар, ем, би, білім, өмір, бөлім, бөлме, бөпе.

**6-жаттығу.** Тыңдаңыз, жазыңыз.

а) Апа, алма, білім, бөлме, бөлім, ал, бер, бар.

ә) Бұл — алма. Бұл — бөлме. Ол — Омар. Ол — апа. Алма ал. Бөлме бар. Білім бер. Білім ал.

**7-жаттығу.** Берілген дыбыстарды оқыңыз, жазыңыз.

Тт Тт Дд Дд Нн Нн

Т <  $\frac{[т] а о ұ ы ә и у}{[т'] ө ө ү і е и у}$       Н <  $\frac{[н] а о ұ ы ә и у}{[н'] ө ө ү і е и у}$

Д <  $\frac{[д] а о ұ ы ә и у}{[д'] ө ө ү і е и у}$

8-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

та — тө	ат — өт	ата — өте
то — тө	от — өт	ота — өте
тү — тү	үт — үт	ұты[ү] — үті[ү]
ты — ті	ыт — іт	ыты — іті
те	эт — ет	ете
ти[ый] — ти[ий]	ит — ит	
ту[уу] — ту[уу]	ут — ут	

да — дө	ада — өде
до — дө	ода — өде
дү — дү	ұды[ү] — үді[ү]
ды — ді	ыды — іді
де	еді

на — нө	ан — өн	ана — өне
но — нө	он — өн	она — өне
нү — нү	үн — үн	ұны[ү] — үні[ү]
ны — ні	ын — ін	ыны — іні
не	эн — ен	өнө — ене
ну[уу] — ну[уу]		

9-жаттығу. Оқыңыз.

та — да — на	тө — дө — нө
то — до — но	тө — дө — нө
тү — дү — нү	тү — дү — нү
ты — ды — ны	ті — ді — ні
	те — де — не

10-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз.

ат, от, ұт, ит, өт, ет, та, то, тұ, ты, өн, ту, да, дө, те, ті, дү, дү, үн, өн, үн, нан, ды, ді, де

11-жаттығу. Буын құрастырып оқыңыз.

Т	↗	А	↘	Т		Т	↗	Ө	↘	Т
		О						Ө		
		Ұ						Ұ		
Д		Ы		Д		Д		І		Д
		И						Е		
Н		У		Н		Н		И		Н

12-жаттығу. Оқыңыз, жазыңыз.

I. Ат, өт, ол, он, үн, ата, ана, апа, доп, адам, отыр, тұр, мынау, нан, дала, пана, дана, бала, бота, бата, тара, дара, нала, мата, алма, парта, бұл.

II. Мән, мен, мін, ем, бел, бөл, бер, біл, бір, бет, біт, дөл, пән, әр, ер, әл, ел, өн, ен, үн, ін, өн, ет, ит, өмір, би, бөрі, бері, өрі, әлі, бөлме, не, әдемі, іні, ене, өте, дәптер.

13-жаттығу. Көңіл аударып оқыңыз.

Бала — бала	— Лар — ба-ла-лар	A(I) — лар
Бөлме — бөлме	— Лер — бөл-ме-лер	E(II) — лер
Нан — нан	— Дар — нан-дар	H(III) — дар
Ел — ел	— Дер — ел-дер	L(III) — дер
Доп — доп	— Тар — доп-тар	P(V) — тар
Бет — бет	— Тер — бет-тер	T(V) — тер

14-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз, оқыңыз.

Бөлме — бөлмелер, іні — інілер, парта — парталар, не — нелер, нан — нандар, ел — елдер, от — оттар, бет — беттер, доп — доптар, ет — еттер, би — билер, апа — апалар, ата — аталар, өн — өндер, дәптер — дәптерлер.

15-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз.

— Бұл не?  
— Бұл — бөлме. Бұл бөлме әдемі. Бұл бөлме өте әдемі.

16-жаттығу. Дауыстап оқыңыз.


а) — Мынау не?	ө) — Мынау нелер?
— Бұл — алма.	— Бұл — дәптерлер.
— Ал анау не?	— Анау нелер?
— Ол — нан.	— Ол — парталар.

### 3-САБАҚ

б) Мынау — бөлме. Бұл бөлме өдемі. Бұл бөлме өте өдемі.  
Мынау — дәптерлер. Бұл менің дәптерлерім. Бұл бір бет.  
Ол — адам. Ол білімді адам. Ол отыр. Ол тұр.


17-жаттығу. Қанша сөз таба аласыз?

I



Үлгі: бал  
ар

II



пән  
ән

18-жаттығу. Жаңылтпаштарды жаттап алыңыз.

Ол аралда да марал,  
Бұл аралда да марал.  
От болды маралға арал,  
Оттасын аралда марал.

Доп теп,  
Тек дөп теп, кеп теп.

#### СӨЗДІК

адам	бет	дәптер	мынау	от
алма	бөлме	доп	нан	отыру
білімді	өдемі	мен	не	тұру

1-жаттығу. Берілген дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, жазыңыз.

Қ қ Қ қ      Ғ ғ Ғ ғ  
К к К к      Г г Г г

К ↗ а - о - ү - ы - и - у

К ↘ ө - ө - ү - і - е - и - у

Ғ ↗ а - о - ү - ы - и - у

Ғ ↘ ө - ө - ү - і - е - и - у

2-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а) қа - кө      ға - гө  
қо - кө      ғо - гө  
кү - кү      ғү - гү  
қы - кі      ғы - гі  
ке      ге

ки[ый] - ки[ий]      ғи[ый] - ғи[ий]  
ку[ыу] - ку[иу]      ғу[ыу] - ғу[иу]

ә) ақа - аға      өке - өге  
оқа - оға      өке - өге  
ықы - ығы      ікі - ігі

оқы[ү] - оғы[ү]      өкі[ү] - өгі[ү]  
үқы[ү] - ұғы[ү]      үкі[ү] - үгі[ү]

3-жаттығу. Буын құрап оқыңыз.

Қ ↗ А      К ↗ Ә      К  
О      О      К  
Ғ      Ғ      Г      Г  
Ү      Ү      Е  
Ы      Ы      У  
И      И  
У      У

4-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

қа — қат, қақ, қап, қан, қам  
қо — қон, қонақ, қол  
құ — құт, құп, құм, құн, құр, құл  
қы — қыр, қырық, қылық  
ға — аға, таға, баға, ғалым  
ғұ — ғұмыр  
ғы — ағым, ұғым, ұғын  
кө — көл, көп, көр, көн, көмек, көне, көрме  
кү — күн, күл, күп, күт, күлкі  
ке — кең, кел, кеп, кем, керек, кет, өке  
кі — екі, үкі, түлкі, күлкі

5-жаттығу. Оқыңыз. Төмендегі сөздердің жіңішке түрін жазыңыз.

қол, құт, қон, қыр, құн, құл, ұқ, ки.

6-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Қырық, аға, баға, ғалым, ғұмыр, ұғым, қалам, орындық, гүл, тақта, кел, кет, кір, күн, тап, дерек, тарақ.

Ескерту: *кітап, қажет*

7-жаттығу. Сөздердің өзгеруіне көңіл аударыңыз.

бақ + Ым = бағым	К	→ F
дерек + I = дерегі	К	→ Г
кітап + Ы = кітабы	П	→ Б

+ - Ы/-I (I, II)  
+ - У

8-жаттығу. а) Төмендегі сөздерге дауысты -ы/-і дыбыстарын қосып оқыңыз. Ү л г і: ұқтым=ұғым

тарақ	берік	кек
дерек	елік	қырық
парақ	ерік	көк
бап	орындық	леп
тақ	тап	
қарақ	егіндік	

ә) Мына сөздерге у дыбысын қосып оқыңыз.

бак	тік	қак
так	ек	үк
тап	ерік	үк

9-жаттығу. Көп нүктенің орнына қ, ғ, к, г дыбыстарының қайсысын жазасыз?

а...а	... ыры...	...алым
...ел	орынды...	...өме...
А...ан	...ө...	...ет
ба...а	та...та	...ере...
...он	...ұл	...алам
...үн	ұ...ым	тара...

10-жаттығу. Жаңылтпашты жаттап алыңыздар.

— Мынау бал қаймақ қай бал қаймақ?  
— Бұл бал қаймақ — май бал қаймақ.

11-жаттығу. Берілген дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, жазыңыз.

Ңң Нң Хх Хх Ыы Ыы

12-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

а)  $H < \begin{matrix} [h] \\ [h'] \end{matrix} \frac{a-o-y-y}{\text{ө-ө-ү-і-е}}$  аң — өң  
оң — өң  
үң — үң  
ың — ің  
ең

ә) [h] [h]

ан — аң	өң — өң
оң — оң	өң — өң
үң — үң	үң — үң
ың — ың	ің — ің
ең — ең	

13-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

а) X — ах — ох — ұх — ых  
h — ah — oh — ұh — ыh

ха — ах	аха	һа — аһ
хо — ох	охо	һо — оһ
хұ — ұх	ұхұ	һұ — ұһ
хы — ых	ыхы	һы — ыһ

б) [k] [x] [h]

қа — ха — һа	қо — хо — һо	құ — хұ — һұ
қк — ах — аһ	қк — ох — оһ	қк — vx — vһ

14-жаттығу. Оқыңыз.

Ң — аң, ең, оң, таң, ертең, таңертең  
Х — хат, хабар, Рахмет  
Һ — аһ, ұһ, еһ, аһа, қаһар, гауһар

15-жаттығу. Сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз.

аң, оң, ең, аха, аһа, еһ, оһ, уһ, аңқау, қаһар, гауһар, халық, менің, оның.

16-жаттығу. Кеңіл аударыңыз. Оқыңыз.

<p>I. О → +Ы → [Y] Ұ →</p> <p>жазылуы айтылуы орындық — орудүк ұзын — үзүн</p>	<p>II. Ә → +І → [Y] Ү →</p> <p>жазылуы айтылуы өмір — өмүр үміт — үмүт</p>	<p>III. Ә → +Е → [Ө] Ү →</p> <p>жазылуы айтылуы өнер — өнөр үлкен — үлкөн</p>
--	--	---

17-жаттығу. Дауыстап оқыңыз.

- а) I. Отыр, орындық, торы, тоты.  
Құлын, мұрын, жұлын, ұры.  
II. Өмір, өнді, көмір, көңіл.  
Үміт, үтік, күлкі, түлкі.  
III. Үлкен, үлпек, үйрек.  
Бөлер, бөле, өнер, көнер, сөнер.
- ә) Бұл — орындық. Бұл үлкен орындық. Орындық өкел, отыр.  
Көңілді өн. Өнер үйрен. Өнерлі бала.

18-жаттығу. Сөйлемдерді тыңдаңыз, жазыңыз.

Менің атым Үміт. Бұл — кітап, анау — оқулық. Кітап оқы. Он кітап керек. Таңертең көп кітап өкел. Екі қалам апар. Хабар айт, хат бер. Дана, мені тыңда, қайтала. Тақтаға қара. Арман, ертең қонаққа кел.

19-жаттығу. Диалогты тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

- Бұл кім? — Анау кім?  
— Бұл — бала. — Ол — Гауһар.  
— Оның аты кім?  
— Оның аты Омар.

20-жаттығу. Дауыстап оқыңыз.

- Ол кім? — Бұл кім? — Анау кімдер?  
— Ол менің өкем. — Бұл менің ұлым. — Олар — атам мен апам.  
— Оның аты кім? — Оның аты кім?  
— Оның аты Болат. — Оның аты Арман. — Олардың аттары кім?  
— Бұл — Марат ата, ол  
— Әлима апа.

21-жаттығу. Жаңылтмашты жаттап алыңыздар.

Бүлдіргенді Бүлдірген  
Бүлдірген де күлдірген.  
Күлдірген де Бүлдірген,  
Бүлдіріп алып, күлдірген.  
Дейді: “Енді бүлдірмеймін,  
Бүлдірсем де, күлдірмеймін”.

СӨЗДІК

аға	екі	қайталау	өнерлі
айту	ертен	қалам	рақмет
апа	келу	қарау	тақта
ат	керек	қонақ	таңертең
ата	көңілді	оқы	тарақ
өке	көп	оқулық	тыңдау
өкелу	кім	орындық	хат
өң	кітап	өнер	хабар

## 4-САБАҚ

1-жаттығу. Берілген дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, жазыңыз.

Сс Сс Зз Зз

2-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

С < [с] а-о-ұ-ы-и-у  
[с'] ө-ө-ү-і-е-и-у

3 < [з] а - о - ү - ы - и - у  
 [з'] ө - ө - ү - і - е - и - у

3-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

са — за	ас — аз	сө — зө	өс — өз
со — зо	ос — оз	сө — зө	өс — өз
сұ — зұ	ұс — ұз	сү — зү	үс — үз
сы — зы	ыс — ыз	сі — зі	іс — із
си[ый] — зи[ый]	ис — из	се — зе	ес — ез
су[уу] — зу[уу]	ус — уз	су — зу	ус — уз

аса — аза	өсе — өзе	осы[ү] — озы[ү]
оса — оза	өсе — өзе	өсі[ү] — өзі[ү]
ұса — ұза	үсе — үзе	
ысы — ызы	ісі — ізі	

4-жаттығу. Тыңдаңыз, "с" дыбысын естісеңіз, қол көтеріңіз.

- а) са, зо, зы, сұ, зу, су, зе, сө, се, сұ  
 ө) ас, оз, ос, ұз, үз, ұс, өз, өс, ес, із, ұс, іс  
 б) аза, аса, осы, ұзын, есе, ыса

5-жаттығу. Тыңдаңыз, оқыңыз.

ас — аса, басар, асар, астық, бастық, дастан  
 ос — осы, осында, бос, бостық  
 ұс — ұсыныс, құс  
 ыс — ыстық, қыс, тыс  
 ус — су  
 аз — азат, азамат, тазар  
 оз — озат, боз, боз ат  
 үз — түз, ұзын, ұзақ, бұз  
 ыз — қыз, қызық, қызықты

өс — өсем, өсел, бөс, бөсе, тәсіл  
 өс — өсімдік, өсер, сөз  
 үс — түс, мүсін  
 іс — тіс, піс  
 ес — есе, есеп, тес, бес, бесік, есіл, ілес  
 сө — сәлем, сәлеметсің бе, сәлеметсіз бе  
 өз — өзер  
 өз — өзен  
 үз — сүз, түз, үзік, түзу  
 із — ізет, біз, сіз  
 ез — тез, лезде, сезім

6-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз, оқыңыз

Сәлем, сәлеметсің бе, сәлеметсіз бе, сіз, біз, сен, сіздер, сендер, сол, сөз, сөйлем, сөздік, қыз, қызық, әсем, тәсіл, бес, түз, тұзу, ұзын, ұзақ, құс, дос, студент, сау бол, сау болыңыз.

7-жаттығу. Оқыңыз.

таз — тез	қаз — кез	таза — таса
түз — түз	қүз — күз	қаза — қаса
тыз — тіз	қыз — кіз	

сап — сеп	тас — тес	бес — без
сат — сәт	қас — кес	тес — тез
сан — сен	бас — бес	кес — кез
сал — сел	лас — лес	тос — тоз

8-жаттығу. Диалогтарды тыңдаңыз, оқыңыз.

I

- Сәлеметсіз бе!  
 — Сәлеметсіз бе!  
 — Сіздің атыңыз кім?  
 — Менің атым Үміт. Сіздің атыңыз кім?  
 — Менің атым Ұлан.  
 — Сау болыңыз.  
 — Сау болыңыз.

II

- Сәлеметсің бе!  
 — Сәлем.  
 — Сенің атың кім?  
 — Арман.  
 — Ал менің атым Азамат.  
 — Анау кім?  
 — Ол менің ағам. Оның аты — Әділ.  
 — Сау бол.  
 — Сау болыңыз.

9-жаттығу. Берілген дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, жазыңыз.

Жж Жж      Шш Шш

10-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

Ж <  $\frac{[ж] а о ұ ы и у}{[ж'] ө ө ү і е и у}$       Ш <  $\frac{а о ұ ы и у}{ө ө ү і е и у}$

11-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

жа — ша	ажа — аша	аж[ш]
жо — шо	ожа — оша	ож[ш]
жү — шү	үжү — үшү	үж[ш]
жы — шы	ыжы — ышы	ыж[ш]
жи[ый] — ши[ый]		
жу[үү] — шу[үү]		

жә — шә	әже — әше	әж[ш]
жө — шө	өже — өше	өж[ш]
жү — шү	үжү — үшү	үж[ш]
жі — ші	іжі — іші	іж[ш]
же — ше	еже — еше	еж[ш]
жи[ий] — ши[ий]		
жу[үү] — шу[үү]		

12-жаттығу. Тыңдаңыз, “ж” дыбысын естісеңіз, қол көтеріңіз.

аш, ажа, әже, жу, шу, же, еш, үш, еш, жіп, іш, жөне, шөл

13-жаттығу. Тыңдаңыз, оқыңыз.

жа — жаңа, жаңалық	ша — шар, аша, ашар
жо — жол, жолдас	шо — Шолпан, Шоқан
жү — жұмыс, жұрт	шү — шұлық
жы — жыл, жыр, жылы	шы — жұмысшы
жи — жиын, жиналыс	шө — шөркей
жу — жуу, жуыну	шө — шөп, шөл
жә — жөне, әже	шү — шүберек
жө — жөн	ші — шілік, өнші
жі — жіп, жік	ше — шеше, неше

14-жаттығу. Тыңдаңыз, жазыңыз. Жуан, жіңішке сөздерді ажыратыңыз.

Жаңа, жол, жолдас, жұмысшы, жыл, жыр, ажар, шеше, көше, кешке, өнші, әже, жиналыс, жыл, шөп, ағаш, бала-шаға, үш, күш.

15-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

[с] [ш]

са — ша	ас — аш	аса — аша	қас — қаш
со — шо	ос — ош	оса — оша	тас — таш
сү — шү	үс — үш	үсү — үшү	құс — құш
сы — шы	ыс — ыш	ысы — ышы	сас — шаш

сә — шә	әс — әш	әсе — әше	кес — кеш
сө — шө	өс — өш	өсе — өше	күс — күш
сү — шү	үс — үш	үсү — үшү	сес — шеш
сі — ші	іс — іш	ісі — іші	түс — түш
се — ше	ес — еш	есе — еше	бес — беш

[ж] [з]

жа — за	ажа — аза	жаза — заза
жо — зо	ожа — оза	қаж — қаз
жү — зү	үжү — үзү	бажа — база
жы — зы	ыжы — ызы	

жә — зә	әже — әзе	теже — теze
жө — зө	өже — өзе	кеже — кезе
жү — зү	үжү — үзү	теж — тез
жі — зі	іжі — ізі	кеж — кез
же — зе	еже — езе	

[ж] [з] [с] [ш]

жал — зал — сал — шал	қаж — қаш — қаз — қас
жап — зат — сат — шап	таж — таш — таз — тас

ажу — ашу — азу — асу  
әже — әше — әзе — әсе

16-жаттығу. а) Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

жол	— жолдар	— жолымыз
жыл	— жылдар	— жылдарың
шеше	— шешелер	— шешеніз
әже	— әжелер	— әжеңіз
ағаш	— ағаштар	— ағаштары
жыр	— жырлар	— жырымыз
шөп	— шөптер	— шөптері
жұмысшы	— жұмысшылар	— жұмысшымыз



5-САБАҚ

ә) Мақалдарды оқыңыз.

1. Өнерлі өрге жүзеді.                      3. Өнерлі жігіт өрде озар,  
2. Өнерлінің өрісі кең.                      Өнерсіз жігіт жер соғар.

17-жаттығу. Жаңылтпаштарды оқып, жаттап алыңыз.

1. Шеше, неше кесе сынды кеше?  
2. Үш кіші ішік піштім,  
Бес кіші ішік піштім.  
Неше кіші ішік піштім?  
3. Жақсы қайшы қайсы қайшы?  
4. Басшы асшыға: “Есік ашшы”,— десе,  
Асшы басшыға: “Тұздығы да ашы екен”,— депті.

18-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз.

Күн ыстық. Кеш жылы. Түн суық. Су суық, таза. Қазақ тілі қызық. Жігіт және қыз дос. Көше кең, тұзу, ұзын. Жаңа сөздік жақсы. Бес сөйлем жаз. Жаттығу жаса. Тапсырма орында. Сөз қайтала. Сұрақ сұра. Қағаз, қарындаш ал. Көп жұмыс істе. Есік аш. Шүберек әкел.

СӨЗДІК

азамат	және	қызық	сұрақ
ас	жұмыс	орындау	сұрау
асшы	жылы	салу	сіз
ашу	жігіт	сәлем	таза
басшы	кең	сәлеметсіз бе	тапсырма
бес	кеш	сәлеметсің бе	түз
бүгін	күн	сен	тұздық
дос	қағаз	сөз	тұзу
есік	қазақ	сөздік	түн
жазу	қазақ тілі	сөйлеу	ұзын
жақсы	қарындаш	сөйлем	үш
жана	қыз	су	шеше
жасау		суық	шүберек
жаттығу			ыстық

1-жаттығу. Берілген дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, жазыңыз.

Ии Ии Йй Йй Уу Уу

2-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

[ий]

-ина — жина, қинама, сақина  
-има — жима, қима, Нағима  
-ира — қира, Зағира  
-иды — қиды, жиды  
-иын — жиын, қиын

[ій]

-ине — ине  
-име — име, тиме  
-иле — иле, биле  
-иді — тиді, биді

3-жаттығу. Оқыңыз.

Ине, иі, киін, киім, тиін, тиын, жина, қима, жиын, биле, ти, илеу, тиме, жи, қи, сақина, иық, сирек, иіс, тиіс, Нағима, Зағира, Әлима, Сәлима.

Ескертту: *Сый, сыйлау, сыйлық, тый, тыйым.*

4-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

а)

[й]

ай — өй                      Ай, тай, қай, той, бой, үй, үйлену, үйрену, сүйе-  
ой — өй                      ну, түй, түйін, кейбір, Айдар, ұйым.  
ый — ій  
үй — үй  
ей

ә)

[у]

уа — уә                      Уақыт, уақ, уағыз, уайым, уату.  
Уәж, уәде, уәкіл, уәзір.

ау — еу

Тау, жау, бау, сау, қауын, жауын, өулие, жи-  
нау, сыйлау, тындау, қайталау, сөйлеу.

[үу] [үү]

бу — бу — табу, тебу, қабу, кебу, жабу, себу  
ту — ту — айту, кету, бату, жату, сөйту, ету

су — су — асу, кесу, басу, тасу, тесу  
 лу — лу — баулу, келу, талу, телу, салу, желу  
 зу — зу — жазу, жүзу, қазу, кезу, азу, езу  
 ку — ку — оқу, беку, тоқу  
 ғу — ғу — тағу, тігу, жағу, жаттығу  
 ру — ру — бару, керу, теру

**5-жаттығу.** Берілген дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, жазыңыз.

Яя Яя      Юю Юю      Ёё Ёё

Я [й+а]) Ая, аяқ, таяқ, жаяу, таяу, жая, ояну, бояу, ояу, оят, қоян, ноян, тояр, яки, япырай, қияды, жияды. Ядро, яхта, якорь.

Ю [й+у] Аю, ою, қою, тою, сыю, оюлар, сою, кию, кию. Юпитер, юстиция.

Ё [й+о] Актёр, шахтёр, вахтёр

**6-жаттығу.** Берілген дыбыстарды тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, жазыңыз.

Ээ Ээ    Вв Вв    Фф Фф    Чч Чч    Щщ Щщ    Цц Цц

**7-жаттығу.** Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Э — эк — эл — эм — эн — эп — эр — эт

Электр, экономика, экономист, этикет, элемент, эпос, экология, экран, экскурсия, эпитет.

**8-жаттығу.** Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

В — ва во ву ви ве  
 Ф — фа фо фу фи фе

ав[ф]	ив[ф]	ава — афа
ов[ф]	ев[ф]	ово — офо
ув[ф]		уву — уфу
		иви — ифи
		еве — ефе

В — вагон, вальс, валюта, ватт, вольт, вектор, вокзал, вакцина, вафли, Варшава, Омаров, Оразбаева.

Ф — фабрика, фонд, фаза, вафли.

**9-жаттығу.** Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Ч — ча чо чу че чи ча	ац — ач — ащ
Щ — ша що шу ше ши ша	оц — оч — ощ
Ц[тс] — ца — цо — цу — це — ци	уц — уч — ущ
	иц — ич — ищ
	ец — еч — ещ

Ч — чек, чех, чемпион.

Щ — ашы, щётка

Ц — цирк, юстиция, энциклопедия, цемент, центнер, цех, циркуль.

**10-жаттығу.** Сөйлемдерді оқыңыз.

Сабақ баста. Үй жина, тазала. Уәде бер. Тіл үйрен. Уақыт тап. Биыл жауын сирек. Цирк көңілді. Экскурсия қызық.

**11-жаттығу.** Сөйлемдерге көңіл аударып оқыңыз.

Сен оқы. Сіз оқыңыз. Сен жаз. Сіз жазыңыз. Сен кір. Сіз кіріңіз. Сен көр. Сіз көріңіз. Сен көмектес. Сіз көмектесіңіз. Сен айт. Сіз айтыңыз. Сен тыңда. Сіз тыңдаңыз. Сен аш. Сіз ашыңыз. Сен жап. Сіз жабыңыз. Сен іш. Сіз ішіңіз. Сен күт. Сіз күтіңіз. Сен түс. Сіз түсіңіз.

#### СӨЗДІК

ай	жинау	сирек	уақыт
бастау	көмектесу	сыйлық	уәде
биыл	күту	табу	үй
білу	кіру	тазалау	үйрену
вокзал	ояну	тазалау	цирк
жабу	сабақ	түсу	ішу
жауын			экскурсия

# Бастауыш грамматикалық курс

## 1-САБАҚ

АДАМДАРМЕН ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ  
БАЙЛАНЫСТЫ АМАНДАСА БІЛУ, ОЛАРМЕН  
ТАНЫСЫП, ӨЗІН, ДОСЫН ТАНЫСТЫРА  
ЖӘНЕ ҚОШТАСА БІЛУ

*Сәлеметсіз бе?  
Менің атым Қанат.  
Сіздің атыңыз кім?*

1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Сәлеметсіз бе!	[сә-ле-мет-сіз-бе]
Сәлеметсіздер ме!	[сә-ле-мет-сіз-дер-ме]
Сәлеметсің бе! (Сәлем!)	[сә-ле-мет-сің-бе/сә-лем]
Сәлеметсіндер ме!	[сә-ле-мет-сің-дер-ме]
Амансың ба, қарағым?	[а-ман-сың-ба, қа-ра-ғым]
Амансыңдар ма, қарақтарым?	[а-ман-сың-дар-ма, қа-рақ-та-рым]




*Амансың ба,  
Сәлеметсің бе,* | *айналайын?  
қарағым?  
балам?*



*Амансыңдар ма, айналайындар?  
Сәлеметсіңдер ме, қарақтарым?  
балалар?*

2-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.




*— Сәлеметсің бе?  
— Сәлеметсің бе? (Сәлем!)*

*— Сәлеметсіз бе, ағай?  
— Сәлеметсің бе, айналайын?*



*— Сәлеметсіз бе, апай?  
— Сәлеметсіңдер ме, балалар?*





- Сәлеметсіздер ме?
- Сәлеметсің бе, қарағым?

**ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:**

I. II. III—р, й, у	I -лар	II -лер	балалар оқытушылар
III—м, н, ң, л IV—з, ж	-дар	-дер	айналайындар қыздар
IV—б, в, г, д V.	-тар	-тер	қарақтар жігіттер

**3-тапсырма.** Сөйлемдерді аяқтаңыз.

- Сәлеметсіз... ме, қыз...?
- Сәлеметсің... ме, бала...?
- Сәлеметсің... ме, жігіт...?
- Сәлем, дос...?
- Амансың... ма, қарақ ...ым?
- Амансың... ма, айналайын...?

**4-тапсырма.** Мына адамдармен амандасыңыз.

Ү л г і: Ағай — *Сәлеметсіз бе, ағай?*

- а) Апай, қыздар, достар, оқушы, балалар, жігіттер, ағай.
- ә) Айналайын, қарақтарым, қарағым, балам, қызым.

**5-тапсырма.** а) Мүғалімдеріңізбен амандасыңыздар.  
ә) Досыңызбен (бір-бірлеріңізбен) амандасыңыз.

- *Сәлеметсіз бе!*
- *Сәлеметсіз бе! Танысайық, менің атым Қанат.*

- *Сіздің атыңыз кім?*
- *Менің атым Анар.*
- *Өте жақсы, мен қуаныштымын!*
- *Мен де!*

**6-тапсырма.** Дұрыс оқып, айтып үйреніңіздер.

Танысайық.	[та-ны-са-йық]
Танысып қояйық.	[та-ны-сып-ко-я-йық]
Сіздің атыңыз кім?	[сіз-дің-а-ты-ңыз к/гім]
Сенің атың кім?	[се-нің-а-тың к/гім]
Оның аты кім?	[о-ның-а-ты к/гім]
Атың кім?	[а-тың-к/гім]

**7-тапсырма.** Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Сіздің атыңыз кім?	Менің атым Қанат.
Сенің атың кім?	
Оның аты кім?	Оның аты Айжан.
Атың кім, айналайын?	Асқар.
Аттарың кім, қарақтарың?	Менің атым Арман, ал оның аты Жанат.

**8-тапсырма.** Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Менің ат+ым (есім+ім), бала+м, әпке+м	Біздің ат+ымыз (есім+іміз), бала+мыз, әпке+міз
Сенің ат+ың (есім+ің), бала+ң, әпке+ң	Сендердің аттар+ың (есімдер+ің), балалар+ың, әпкелер+ің
Сіздің ат+ыңыз (есім+іңіз), бала+ңыз, әпке+ңіз	Сіздердің аттар+ыңыз (есімдер+ +іңіз), балалар+ыңыз,
Оның бала+сы, әпке+сі, ат+ы (есім+і)	Олардың аттар+ы (есімдер+і), балалар+ы

**ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:**

Менің ... -ым/-ім/-м	Біздің ... -ымыз/-іміз -мыз/-міз
Сенің ... -ың/-ің/-ң	Сендердің ... -ың/-ің
Сіздің ... -ыңыз/-іңіз -ңыз/-ңіз	Сіздердің ... -ыңыз/-іңіз
Оның ... -сы/-сі -ы/-і	Олардың ... -ы/-і

9-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

- а) Бұл кім? [бұл-гім]  
Бұлар кімдер? [бұ-лар-гім-дер]  
Мынау кім? [мы-нау-гім]  
Мыналар кімдер? [мы-на-лар-гім-дер]  
Ол кім? [ол-гім]  
Олар кімдер? [о-лар-гім-дер]

ә) Оқыңыз.

- Бұл кім? Бұл — Қанат.  
Мынау кім? Ол — Айжан.  
Ол кім? Ол — Асқар.  
Бұл кім? Бұл менің досым.  
Мынау кім? Бұл біздің ағайымыз.  
Бұлар кімдер? Бұлар біздің апайларымыз.  
Мыналар кімдер? Олар менің ағаларым.

10-тапсырма. Тектегі сөйлемдерді толықтырыңыз.

Сәлеметсіз бе? Танысайық.

Менің ат... Айжан. Ал бұл менің өпке... . Оның ат... Анар.  
Мынау Сәуле. Ол менің дос... . Ал бұл Асқар. Ол кім? Ол менің  
ағам. Ал мынау оның бала... . Оның есім... Диас. Бұл біздің ағай... .  
Оның аты Анарбай. Мыналар кімдер? Олар біздің апайлар... .  
Олардың аттары... Жанипа және Гүлжан. Ал мынау сендердің  
достар... . Олардың есімдер... Еркін және Нұржан. Бұл кім? Бұл  
менің көрш... . Оның ат... Самат.

### ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Танысайық  
Танысып қойық Менің атым ...

11-тапсырма. Тиісті сөздерді қойып жазыңыз.

- а) — Сәлеметсіз бе? Танысайық, ... атым Қанат, ал ... атың кім?  
— ... атым Айжан.  
— Өте жақсы. Мен қуаныштымын.  
— Мен де.
- ә) — Сәлеметсіз бе? Танысайық, ... атым Рик, ал ... атыңыз кім?  
— ... атым Ғалия.  
— Мен қуаныштымын!  
— Мен де қуаныштымын!

- б) — Сәлеметсіз бе, ағай?  
— Амансыңдар ма, балалар? ... аттарың кім, қарақтарың?  
— ... атым Арман, ал бұл менің досым. ... аты Жанат.  
— Өте жақсы. Ал менің атым Анарбай.  
— Біз қуаныштымыз, ағай.  
— Мен де қуаныштымын, балалар.

12-тапсырма. Диалогты толықтырыңыз.

- а) — ...  
— Сәлеметсің бе? Танысайық, ..., ал сенің атың кім?  
— ...  
— Өте жақсы. Мен қуаныштымын.  
— ...
- ә) — ...  
— Сәлеметсіз бе? Танысайық, Менің атым Айдар, ал ...?  
— Менің атым Аман.  
— Жақсы, мен ...  
— Мен де.
- б) — ...  
— Амансыңдар ма, қарақтарың?  
— ... ?  
— Менің атым Аманжол, ал бұл — Мәулен. Ол менің досым.  
— Өте жақсы, менің атым Сағынтай.

13-тапсырма. 1. Сіздің достарыңыздың, оқытушыңыздың, көршіңіздің аты кім, айтыңыз.

2. Сіздің досыңыздың оқытушысының, көршісінің аттары кім, сұрап, айтып беріңіз.

### ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Танысып қой  
Танысып қойыңыз Бұл менің досым. ...

14-тапсырма. Диалогты оқып, досыңызды топтағы студенттермен таныстырыңыз.

1. — Сәлеметсің бе, Жафар?  
— Сәлем, Ержан?  
— Жафар, танысып қой, бұл менің досым. Оның аты Қайрат.  
— Өте жақсы, қуаныштымын!  
— Мен де!
2. — Сәлеметсіздер ме?  
— Сәлеметсіз бе? Танысып қойыңыз, бұлар менің достарым.

Мынау Мұрат, ал бұл — Сәния.

— Өте жақсы, мен қуаныштымын. Менің атым Рақым.

— Біз де қуаныштымыз!

16-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Сау болыңыз	[сау-бо-лы-ңыз]
Сау болыңыздар	[сау-бо-лы-ңыз-дар]
Сау бол	[сау-бол]
Сау болындар	[сау-бо-лың-дар]

16-тапсырма. Диалогтарды ретімен орналастырыңыз.

- а) — Өте жақсы, мен қуаныштымын, Айдос.  
— Сәлеметсің бе, Мұрат?  
— Сау болындар.  
— Мұрат, танысып қой, мынау менің досым. Оның аты Айдос.  
— Сәлеметсің бе, Марат?  
— Сау бол, Мұрат.  
— Мен де қуаныштымын, Мұрат.
- ә) — Сау болыңыз, апай.  
— Мен қуаныштымын, апай!  
— Мен де қуаныштымын, сау бол, айналайын.  
— Атың кім?  
— Менің атым Хуан Сам.  
— Өте жақсы, Хуан Сам, ал менің атым Жанипа.  
— Сәлеметсіз бе, апай?  
— Сәлеметсің бе, карағым?

17-тапсырма. Тексті оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма. “Оның аты-жөні” деген сөз тіркесін қалай түсінесіз?

### ТАНЫСАЙЫҚ!

Сәлеметсіздер ме? Менің атым Нұрлан. Бұл менің ағам. Оның есімі Өркен. Мынау — Бақыт. Ол менің досым. Мынау біздің оқытушымыз. Оның аты-жөні Ақлима Сақанқызы. Бұл менің көршім. Оның аты Дима.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз және жазыңыз.

- а) Оның аты кім?  
ә) Өркен кім?  
б) Оның досының аты кім?  
в) Оның оқытушысының аты-жөні кім?  
г) Дима кім?

18-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің атыңыз кім?

Сіздің досыңыздың аты кім?

Сіздің оқытушыңыздың есімі кім?

Сіздің көршіңіздің аты-жөні кім?

- 19-тапсырма. 1. Топтағы студенттермен, оқытушыларыңызбен амандасып, танысып, қоштасыңыз.  
2. Досыңызды оқытушымен, көршіңізбен таныстырыңыз.

### Тіл ұстарту

#### І. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

1. — Сәлеметсіз бе?  
— Сәлеметсіз бе? Танысайық, сіздің атыңыз кім?  
— Менің атым Күләш, ал сіздің атыңыз кім?  
— Менің атым Қасым.  
— Танысқаным қуаныштымын.  
— Мен де қуаныштымын.  
— Сау болыңыз, Қасым.  
— Сау болыңыз, Күләш.
2. — Сәлеметсіз бе?  
— Сәлем, менің атым Рик, ал сенің есімің кім?  
— Менің есімім Нұрлан.  
— Өте жақсы, мен қуаныштымын, Нұрлан.  
— Мен де танысқаным қуаныштымын.  
— Сау бол.  
— Сау бол.
3. — Сәлеметсіз бе, ағай?  
— Амансың ба, карағым? Атың кім, айналайын?  
— Атым — Ержан.  
— Өте жақсы, Ержан, менің атым Көрім.  
— Танысқаным қуаныштымын, ағай!  
— Мен де. Аман-сау бол, айналайын.  
— Сау болыңыз.
4. — Сәлеметсіз бе, апай?  
— Сәлеметсіңдер ме, қарақтарым? Аттарың кім?  
— Менің атым Самат.  
— Бұл кім?  
— Бұл менің досым Ғалия.  
— Жақсы, айналайындар, менің атым Нәркеш.

- Танысқанымызға қуаныштымыз, апай!
- Мен де. Сау болындар, шырақтарым.
- Сау болыңыз.

### ОҚЫҢЫЗ, ҚАЙТАЛАҢЫЗ.

- Сәлеметсіз бе? Халіңіз қалай?
  - Жақсы, рақмет, өзіңіздің халіңіз қалай?
  - Жақсы, рақмет.
  - Сәлеметсің бе? Халің қалай?
  - Жақсы, рақмет, өзіңнің халің қалай?
  - Жақсы, рақмет.
5. — Сәлеметсіз бе, Бекзада?  
— Сәлеметсіздер ме?  
— Бекзада, халіңіз қалай?  
— Жақсы, рақмет, Данияр, өзіңіздің халіңіз қалай?  
— Жақсы, рақмет. Бекзада, танысып қойыңыз, бұл — Медет. Медет, бұл Бекзада, ол да менің досым.  
— Бекзада, танысқанымға қуаныштымын.  
— Мен де, Медет. Сау болыңыздар.  
— Сау болыңыз, Бекзада.
6. — Сәлеметсің бе, Қасым?  
— Сәлеметсің бе, Әли? Халің қалай?  
— Жақсы, рақмет, өзіңнің халің қалай?  
— Жақсы, рақмет. Аға, танысыңыз, бұл менің досым Әли. Әли, ол менің ағам. Оның аты Қасен.  
— Мен танысқанымға қуаныштымын.  
— Мен де.  
— Жақсы, сау бол, Әли.  
— Сау болыңыздар.

### II. СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Сіздің тобыңызға жаңа студент келді. Онымен амандасыңыздар, танысыңыздар.
2. Сіз көшеде танысыңызды кездестірдіңіз, қасыңыздағы досыңызбен таныстырыңыз.
3. Оқытушыға досыңызды таныстырыңыз.
4. Сіз досыңыздың әкесімен амандасыңыз, танысыңыз, қоштасыңыз.

### СӨЗДІК

ағай	жақсы	мүғалім
айналайын	көрші	оқытушы
амандасу	қалқам	сау бол(ыңыз)
аман-сау бол(ыңыз)	халің(із) қалай	сәлемдесу
апай	қарағым	танысайық
аты-жөні	қарындас	танысып қояйық
есім	қуанышты	топ
		шырақ

### 2-САБАҚ

СӨЙЛЕСІП ОТЫРҒАН АДАМНАН ҚАЙДАН КЕЛГЕНІН СҰРАЙ БІЛУ ЖӘНЕ ӨЗІҢІЗ ҚАЙДАН КЕЛГЕНІН АЙТА БІЛУ

*Мен Түркияданмын, ал сіз қайдансыз?  
(Қай жерденсіз?)*

*Кім қайдан?  
Мен Түркияданмын.  
Ол Кореядан.*

1-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

Сіз қайдансыз?	[сіз-ғай-дан-сыз]
Сіз қай жерденсіз?	[сіз-ғай-жер-ден-сіз]
Сен қайдансың?	[сең-ғай-дан-сың]
Сен қай жерденсің?	[сең-ғай-жер-ден-сің]
Мен Семейденмін.	[мен-се-мей-ден-мін]
Ол қайдан?	[ол-ғай-дан]
Ол қай жерден?	[ол-ғай-жер-ден]
Ол Түркиядан.	[ол-Түр-ки-я-дан]

2-тапсырма. а) Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Сіз қайдансыз? (қай жерденсіз?) Мен Түркияданмын.  
Сен қайдансың? (қай жерденсің?) Ол Семейден.  
Ол қайдан? (қай жерден?) Біз Пекинненбіз.  
Сіздер қайдансыздар? (қай жерденсіздер?)  
Сендер қайдансыңдар? (қай жерденсіңдер?) Олар Талдықорғаннан.  
Олар қайдан? (қай жерден?)

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

-дан/-ден ...+ -нан/-нен + жік.ж. -тан/-тен	I. II. III—р, й, у, л IV—з, ж	I -дан	II -ден	Түркиядан. Семейден Тараздан
	III—м, н, ң,	-нан	-нен.	Ираннан Пекиннен
	IV—б, в, г, д V.	-тан	-тен	Ашхабадтан Нью-Йорктен

(Мен) Түркия+дан+мын

ә) Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен Ақмоладанмын Біз Ақмоладанбыз  
Семейденмін Семейденбіз  
Сен Ақмоладансың Сендер Ақмоладансыңдар  
Семейденсің Семейденсіңдер  
Сіз Ақмоладансыз Сіздер Ақмоладансыздар  
Семейденсіз Семейденсіздер  
Ол Ақмоладан Олар Ақмоладан  
Семейден Семейден

3-тапсырма. Оқыңыз.

а) Қазақстан Алматы Корея Сеул  
Ресей Мәскеу Қытай Пекин  
Америка Нью-Йорк Түркия Стамбул  
Франция Париж Иран Тегеран  
Жапония Токио Үндістан Дели

ә) Алматы Жезқазған Шымкент Өскемен  
Талдықорған Қарағанды Тараз Ақмола  
Семей Қостанай Ақтөбе Орал

4-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, жазыңыз.

а) Мен — менің, сен — сенің, сіз — сіздің, ол — оның, біз — біздің, сендер — сендердің, сіздер — сіздердің;  
ә) Менің атым, сенің есімің, сіздің атыңыз, оның аты-жөні;  
б) Мен Кореяданмын, сен Жапониядансың, сіз Американдансыз, ол Қазақстаннан, Ақтөбеден.

5-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Менің атым Ким Хан Сам. Мен Корея... Бұл менің досым.  
Оның аты Су Ли. Ол Қытай...

2. а) — Сен қайдансың? ә) — Сіз қайдансыз?  
— Мен Өскемен... — Мен Иран...  
— Сен ше? — Ал сіз қай жерденсіз?  
— Мен Жезқазған... — Мен Ресей...
- б) — Сендер қайдансыңдар? в) — Сіздер қайдансыздар?  
— Мен Ташкент... — Мен Жапония...  
Ал менің досым Алматы... — Мен Америка...  
— Сендер ше? — Мен Пакистан...  
— Біз Нью-Йорк... — Өте жақсы, ал мен  
Қазақстан...

6-тапсырма. Диалогтарды толықтырыңыз.

1. — Сен ... ? 4. — Сендер ... ?  
— ... Ресейденмін. — ... Қытайданбыз.
2. — Сіздер ... ? 5. — Олар ... ?  
— ... Америкаданбыз. — ... Кореядан.
3. — Сіз ... ? 6. — Сіздің досыңыз ... ?  
— ... Жапонияданмын. — ... Қазақстаннан.

7-тапсырма. Үлгі бойынша диалог құрастырыңыз.

Үлгі: Мен Талдықорғаннанмын. — Сіз қайдансыз?  
— Мен Талдықорғаннанмын.

Мен Талдықорғаннанмын. Ол Атыраудан. Олар Қарағандыдан. Біз Ақтөбеденбіз. Мен Қытайданмын. Біз Түркияданбыз. Мен Америкаданмын, ал досым Англиядан.



8-тапсырма. Сіз қалай ойлайсыз, кім қай жерден?

Хуан, Саори, Жан, Ричард, Шоқан, Су Ли, Жафар, Александр, Ен Хун, Радж, Жун Фен.

Керекті сөздер: Жапония, Түркия, Франция, Англия, Қазақстан, Қытай, Корея, Үндістан, Ресей.

9-тапсырма. 1. Тексті оқып, текст бойынша сұрақтар дайындаңыз.  
2. Тексті үлгі ете отырып, өзіңіз туралы айтыңыз.

Сәлеметсіздер ме? Менің атым Михо Ямада. Мен Жапонияданмын. Бұл менің досым. Оның аты Сәуле. Ол Семейден.

— Сіз Америкадансыз ба?

— Иә, Америкаданмын.

— Жок, Америкадан емеспін, Англияданмын.

10-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

— Сіз Америкадансыз ба? [сіз-а-ме-ри-ка-дан-сыз-ба]  
— Иә, Америкаданмын. [иә -а-ме-ри-ка-дан-мын]

— Сен Пекинненсің бе? [сен пе-кин-нен-сің-бе]  
— Жок, Пекиннен емеспін. [жок пе-кин-нен-е-мес-пін]

11-тапсырма. Оқыңыз.

— Сіздер Ираннансыздар ма? — Иә, біз Ираннанбыз.  
— Сендер Ресейденсіңдер ме? — Жок, біз Ресейден емеспіз, Украинаданбыз.  
— Ол (Олар) Қазақстаннан ба? — Иә, ол (олар) Қазақстаннан.

#### ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

I. II. III— л, р, у, й	I -ма	II -ме	Қытайдансыздар ма? Ресейденсіңдер ме?
III—м, н, ң IV—з, ж.	-ба	-бе	Ираннансыз ба? Пекинненсің бе?

12-тапсырма. Қандай сұрақ қойылды, анықтаңыз.

1. — ... ?  
— Иә, мен Қазақстаннанмын.

2. — ... ?  
— Жок, мен Түркиядан емеспін, Ираннанмын.

3. — ... ?  
— Иә, біз Кореяданбыз.

4. — ... ?  
— Жок, олар Жапониядан емес, Кореядан.

13-тапсырма. Сұраққа жауап беріп, жазыңыз.

- |  |   |
|--|---|
| 1. — Сіз Қытайдансыз ба?<br>— Иә, ...<br>— Жок, ...          | 2. — Сен Жапониядансың ба?<br>— Иә, ...<br>— Жок, ...       |
| 3. — Сіздер Кореядансыздар ма?<br>— Иә, ...<br>— Жок, ...    | 4. — Сендер Америкадансыңдар ма?<br>— Иә, ...<br>— Жок, ... |
| 5. — Сіздің досыңыз Түркиядан ба?<br>— Иә, ...<br>— Жок, ... | 6. — Олар Пакистаннан ба?<br>— Иә, ...<br>— Жок, ...        |

14-тапсырма. 1. Диалогтарды ретімен орналастырып жазыңыз.  
2. Диалогтарда кімнің қайдан келгенін айтыңыз.

- а) — Сәлеметсіз бе?  
— Сау бол.  
— Менің атым Сүмейра.  
— Иә, мен Түркияданмын.  
— Жақсы, көріскенше сау бол.  
— Танысайық, менің атым Хуан Сам. Сенің атың кім?  
— Сен Қытайдансың ба?  
— Сәлем!  
— Сен Түркиядансың ба?  
— Жок, мен Қытайдан емеспін, Кореяданмын.
- ә) — Көріскенше.  
— Сәлеметсіз бе?  
— Иә, мен Қарағандыданмын. Ал сіз қай жерденсіз?  
— Өте жақсы, мен қуаныштымын!  
— Менің атым Жомарт.  
— Мен де! Болат сіз Қарағандыдансыз ба?  
— Сәлеметсіз бе?  
— Ақмоладанмын. Жақсы, Болат, сау болыңыз.  
— Танысайық, менің атым Болат. Сіздің атыңыз кім?

- б) — Жақсы, сау бол.  
 — Сәлеметсіңдер ме?  
 — Өте жақсы, мен қуаныштымын.  
 — Мен де. Ербол, сен қайдансың?  
 — Сәлеметсің бе, Ербол?  
 — Мен Ақтөбеденмін.  
 — Көріскенше, сау болыңдар.  
 — Ербол, танысып қой, бұл менің досым Серік.  
 Ол Атыраудан. Серік, бұл Ербол.

15-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің аты-жөніңіз кім?  
 Сіз қай жерденсіз?  
 Сіздің досыңыздың аты кім?  
 Ол Қазақстаннан ба?

- 16-тапсырма. 1. Өзіңіз туралы айтыңыз: атыңыз кім, қай жерденсіз?  
 2. Топтағы студенттермен танысып, қай елден, қай жерден келгенін сұрап, оқытушыға айтып беріңіз.

### Тіл ұстарту

1-тапсырма. Тексті оқыңыз.

Менің атым Ен Хун, Кореяданмын. Бұл менің досым Әли. Ол Түркиядан. Ал бұл біздің достарымыз. Олар Қазақстаннан.

2-тапсырма. 1-тапсырмадағы текст негізінде құралған диалогты оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе, ағай?  
 — Амансың ба? Атың кім?  
 — Менің атым Ен Хун.  
 — Өте жақсы. Өзің қайдансың?  
 — Мен Кореяданмын.  
 — Ал бұл кім?  
 — Бұл менің досым. Аты — Әли, Түркиядан.  
 — Жақсы, аналар кімдер?  
 — Олар біздің достарымыз.  
 — Олар қайдан?  
 — Олар Қазақстаннан.

### ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ

- Сіздің атыңыз кім?  
 — Менің атым Сон Хе.  
 — Сіз қайдансыз?  
 — Мен Кореяданмын.  
 — Ал сіздердің аттарыңыз кім, қайдансыздар?  
 — Менің атым Дженифер, бұл Уолтер. Біз Америкаданбыз.  
 Ал бұл Михо...  
 — Михо қайдан? Михо Жапониядан ба?  
 — Иә, ол Жапониядан. Мынау достарымыз Әли мен Ибрагим.  
 — Әли мен Ибрагим қайдан?  
 — Олар Түркиядан.
- Сәлеметсіз бе, апай?  
 — Сәлемет пе, Әли?  
 — Апай, танысыңыз, бұл жігіт менің досым, аты — Жафар.  
 — Өте жақсы, ол да Түркиядан ба?  
 — Иә, Түркиядан, Измирден.  
 — Жақсы, танысқаныма қуаныштымын.  
 — Мен де қуаныштымын.
- Сәлеметсіз бе, ата?  
 — Амансыңдар ма, жігіттер?  
 — Халіңіз қалай, ата?  
 — Рақмет, халім жақсы. Сендер қай жерденсіңдер, қарақтарым?  
 — Біз Оңтүстік Кореяданбыз.
- Жун Фен, сіз Үрімшіденсіз бе?  
 — Жоқ, мен Пекинненмін. Ал сіз қайдансыз?  
 — Мен Қазақстаннан, Семейденмін.
- Сәлеметсіздер ме?  
 — Сәлеметсіңдер ме?  
 — Танысайық.  
 — Иә, танысайық, аттарың кім?  
 — Менің атым Ахмед, ал бұл Хуан Сам. Сендердің аттарың кім?  
 — Менің атым Су Ли.  
 — Ал менің атым Саори.  
 — Су Ли, сендер қайдансыңдар?  
 — Мен Қытайданмын, ал Саори Жапониядан. Сендер ше?  
 — Мен Түркияданмын, ал Хуан Сам Кореядан.

- Өте жақсы, біз танысқанымызға қуаныштымыз.
- Біз де қуаныштымыз, қыздар.
- Жақсы, сау болындар, жігіттер!
- Сау болындар, қыздар.

### СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Тобыңыздың студенттері қайдан екенін біліңіз және оқытушыға айтып беріңіз.
2. Сіздің досыңыз сізді Мұратпен таныстырды. Мұраттың қайдан екенін сұраңыз, өзіңіздің қайдан екеніңізді айтыңыз.
3. Өзіңіз және достарыңыз туралы айтыңыз.

### СӨЗДІК

анау	көріскенше	қай жер
емес	қайдан	жер

### 3-САБАҚ

#### **ӨЗІНІҢ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ АЙТА БІЛУ ЖӘНЕ БАСҚА АДАМДАРДАН ОЛ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ АЛА БІЛУ**

- Сіздің отбасыңызда кімдер бар?
- Менің отбасымда әкем, шешем, екі ағам бар.


1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

#### ОТБАСЫ

ата	аға	күйеу	бала
әже	әпке, апа	әйел	немере
әке	іні	жезде	ұл
шеше	сіңлі/қарындас	жеңге	қыз

Қайда	Кім	Бар?
-------	-----	------

(Менің) отбасымда (менің) әкем, шешем, екі ағам, інім бар.



Сенің отбасында

Сіздің отбасыңызда

2-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

Менің отбасым	[ме-нің-од-ба-сым]
Менің отбасымда	[ме-нің-од-ба-сым-да]
Сенің отбасында	[се-нің-од-ба-сың-да]
Сіздің отбасыңызда	[сіз-дің-од-ба-сы-ңыз-да]
Оның отбасында	[о-ның-од-ба-сын-да]

3-тапсырма. Оқыңыз.

- Сіздің отбасыңызда кімдер бар? — Менің отбасымда әкем, шешем, әпкем бар.
- Сенің отбасында кімдер бар?
- Оның отбасында кімдер бар? — Оның отбасында әкесі, шешесі, інісі бар.

4-тапсырма. Сандарды оқыңыз.

#### ҚАНША?/НЕСHE?

1 — бір	5 — бес	9 — тоғыз
2 — екі	6 — алты	10 — он
3 — үш	7 — жеті	11 — он бір
4 — төрт	8 — сегіз	12 — он екі

5-тапсырма. Мына сандарды оқыңыз.

1, 3, 5, 9, 6, 4, 7, 2, 8, 10.

6-тапсырма. Сөйлемдерді оқыңыз.

Менің ағаларым бар. Досымның 3 әпкесі, 1 інісі бар. Оның 1 сіңлісі, 4 ағасы бар. Менің отбасымда 6 адам бар. Ағамның өзінің отбасында 5 адам бар.

7-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, жазыңыз.

- а) Ата, әже, әке, шеше, іні, аға, әпке, қарындас, сінлі, жезде, жеңге, бала, немере, күйеу, әйел, қыз, жігіт;  
 ә) Менің әжем, оның інісі, сенің жеңген, сіздің жездеңіз, біздің балаларымыз;  
 б) Менің отбасымда үш адам бар. Олар: әкем, шешем және мен. Оның отбасында оның әкесі, шешесі, ағасы бар.

8-тапсырма. Сіздің отбасыңызда және досыңыздың отбасында кімдер бар, төмендегі жаттығуды пайдалана отырып айтыңыз.

- а) Менің отбасы... | әке, шеше, ата, әже, аға, әпке, іні, сінлі/қарындас, жезде, жеңге | бар.  
 ә) Оның отбасы... |

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз. Жазыңыз.

Ү л г і: — Сіздің атаңыз бар ма?  
 — *Иә, менің атам бар.*  
 — *Жоқ, менің атам жоқ.*

- а) — Сіздің атаңыз, әжеңіз бар ма?  
 — ...  
 — Олардың аттары кім?  
 — ...  
 ә) — Сіздің ағаңыз бар ма?      б) — Сіздің әпкеңіз бар ма?  
 — ...  
 — Оның аты кім?                      — Оның аты кім?  
 — ...  
 — Оның әйелі бар ма?                — Оның күйеуі бар ма?  
 — ...  
 — Оның аты кім?                      — Оның аты кім?  
 — ...  
 — Ол қайдан?                          — Ол қайдан?  
 — ...  
 в) — Сенің інің, сіннің/қарындасың бар ма?  
 — ...  
 — Оның аты (олардың аттары) кім?  
 — ...

- г) — Сіздің әйеліңіз бар ма?      д) — Сіздің күйеуіңіз бар ма?  
 — ...  
 — Оның аты кім?                      — Оның аты кім?  
 — ...  
 — Сіздің әйеліңіз қай жерден?    — Ол қай жерден?  
 — ...  
 — Сіздің балаларыңыз бар ма?    — Сіздің балаларыңыз бар ма?  
 — ...

10-тапсырма. 1. Топтағы студенттердің отбасында кімдер бар екенін сұраңыз.

2. Досыңыздың отбасы туралы сұраңыз.

*Менің ағам бар.  
 Ағамның аты Еркін.*

Кімнің	Несі/Кімі?
Менің	ағам.
Ағамның	аты.
Оның	ағасы.
Ғалияның ағасының	аты.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

-ның/-нің	-ы/-і
...+ -дың/-дің ...	...+ -сы/-сі
-тың/-тің	
Ғалия + ның	аға + сы

I, II, III -м, н, ң	I -ның	II -нің	ағамның әкемнің Ғалияның әкесінің
III-р, л, й, у IV- з, ж	-дың	-дің	ағаңыздың өкеніздің Омардың қыздың
IV-б, в, г, д V.	-тың,	-тің	Қанаттың Әсеттің Саматтың жігіттің

11-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Бұл менің ағам. Ағам... ат... Бақыт. Оның өзі... отбас... бар. Оның әйел... ат... Ғалия. Олар... бала... бар. Оның аты Дәурен. Бұл мен... досым. Оның аты Болат. Болат... іні... бар. Болат... іні... ат... Дидар. Сіздің әкеңіз... аты-жөн... кім? Ағаңыз бар ма? Ағаңыз... есім... кім?

12-тапсырма. Қандай сұрақ қойылғанын айтыңыз.

Үлгі: — Сіздің әкеңіздің аты кім? — Әпкеңіздің баласы бар ма?  
— Менің әкемнің аты Әнуар. — Иә, бір ұлы бар. Жок, баласы жок.

1. — ... ?

— Менің отбасымда әкем, шешем, екі інім бар.

— ... ?

— Әкемнің аты-жөні Саржан Бекұлы.

— ... ?

— Шешемнің есімі Батима.

2. — ... ?

— Менің отбасымда әкем, шешем, екі әпкем, бір інім бар.

— ... ?

— Әкемнің аты Нұржан.

— ... ?

— Шешемнің аты Гүлнар.

— ... ?

— Үлкен әпкемнің аты Анар.

— ... ?

— Иә, оның күйеуі бар.

— ... ?

— Ол Ақтөбеден.

— ... ?

— Иә, олардың бір қызы бар.

— ... ?

— Оның аты Айнұр.

— ... ?

— Кіші әпкемнің аты Сәуле.

— ... ?

— Жок, оның күйеуі жок.

— ... ?

— Інімнің аты Талғат.

13-тапсырма. Досыңыздың отбасында кімдер бар? Олардың аттары кім? Сұраңыз.

КІМ	ҚАНДАЙ?
шешем	әдемі/сұлу
әкем	жақсы
інім	қайырымды
ағам	кішкентай

14-тапсырма. Оқыңыз.

Менің әпкем әдемі. Менің досым қайырымды, жақсы жігіт. Қанаттың әкесі қайырымды адам. Менің шешем әдемі әйел. Менің інім кішкентай.

Бұл/мынау	Кімнің	Кімі?
Бұл	менің	ағам (кімім?)
Мынау	сіздің	ағаңыз (кіміңіз?)
Ол	оның	ағасы (кімі?)
	олардың	ағалары (кімдері?)



15-тапсырма. Тексті оқып, тапсырмаларды орындаңыз: "Отбасым үлкен" және "Үлкен ағасымын" деген сөйлемдердегі "үлкен" деген сөзді қалай түсінесіз, айтыңыз.

## ТАНЫСЫҢЫЗ! БҮЛ МЕНІҢ ОТБАСЫМ

Менің атым Арман. Мен Талдықорғаннанмын. Менің отбасым үлкен. Бұл суретте — менің отбасым. Менің отбасымда алты адам бар. Мынау менің інім және қарындасым. Інімнің аты Ахат. Қарындасымның аты Айжан. Мен оның үлкен ағасымын. Бұл менің шешем. Оның аты Жанипа. Ол өте әдемі. Ал мынау әжем. Ол менің әкемнің шешесі. Оның аты Ғайша. Ал мынау менің әкем. Оның аты Қален. Ол қайырымды, жақсы адам.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Арман қай жерден?
2. Оның отбасы үлкен бе?
3. Оның отбасында неше адам бар?
4. Оның отбасында кімдер бар?

5.	әжесінің әкесінің шешесінің інісінің қарындасының	аты кім?
Арманның		

6. Арманның атасы бар ма?

**16-тапсырма.** Жоғарыдағы сурет бойынша құрылған диалогты оқыңыз.

- Арман, бұл сенің отбасың ба?  
— Иә, бұл суретте — менің отбасым.  
— Мынау шешең бе?  
— Иә, бұл менің анам. Оның аты Жанипа.  
— Ол әдемі екен!  
— Иә, менің шешем әдемі және өте қайырымды.  
— Мынау әжең бе?  
— Иә, ол әкемнің шешесі.  
— Ал бұл балалар кімдер?  
— Олар менің інім мен қарындасым.  
— Олардың аттары кім?  
— Інімнің аты Ахат, қарындасымның аты Айжан.  
— Олар кішкентай екен?  
— Иә, олар өлі кішкентай. Ал мынау менің әкем. Оның аты Қален. Ол да қайырымды адам.

## 17-тапсырма. Кел ойнайық!

Оқушылар (немесе студенттер) үйден отбасының суретін әкелу керек немесе сабақта отырып отбасының суретін салуға болады. Сол сурет бойынша оқытушы немесе өздері бір-бірімен әңгімелесу керек.

Мысалы: *Мынау кім?*

*Ол әдемі екен!*

*Ал мынау сенің ағаң ба? Оның аты кім?.. осылай жалғаса береді.*

## 18-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сіздің атыңыз кім?  
Сіз қай жерденсіз?  
Сіздің отбасыңыз үлкен бе?  
Сіздің отбасыңызда неше адам бар?  
Сіздің атаңыз, әжеңіз бар ма?  
Отбасыңызда кімдер бар?

- 19-тапсырма.** 1. Өзіңіздің отбасыңыз туралы айтыңыз.  
2. Топтағы студенттердің отбасы туралы сұрап, оқытушыға айтып беріңіз.

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

1. — Михо, сенің отбасыңда неше адам бар?  
— Менің отбасымда төрт кісі бар. Олар: әкем, шешем, сіңлім және мен.  
— Сіңліңнің аты кім?  
— Оның аты Саори.
2. — Сейфолла, сенің отбасыңда неше адам бар?  
— Менің отбасымда бес кісі бар.  
— Олар кімдер?  
— Әйелім, екі ұлым, қызым және өзім.  
— Әйеліңнің аты кім?  
— Әйелімнің аты Әмина.  
— Ұлдарыңның аты кім?  
— Үлкен ұлымның аты Ахмед, кіші ұлымның аты Мұрат.  
— Қызыңның аты кім?  
— Гүлназ.
3. — Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіз бе!  
— Менің атым Мұхтар.

- Менің атым Касен.
- Мен Атырауданмын. Сіз ше?
- Мен Қызылордаданмын. Танысқаным қуаныштымын!
- Мен де! Сіздің отбасыңыз (әйеліңіз) бар ма?
- Жоқ, менің әйелім жоқ. Әке-шешем, әпкем, қарында-  
сым бар. Ал сіздің ше?
- Менің әйелім, кішкентай ұлым бар және әке-шешем,  
әпкем, ағам бар.
- Өте жақсы, ұлыңыздың аты кім?
- Оның аты Әлішер.
- Әлішер! О-о, әдемі есім екен! Әйеліңіздің аты кім?
- Жадыра.
- Өте жақсы, мен сізбен танысқаным қуаныштымын!
- Мен де танысқаным қуаныштымын!
- Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

Тексті оқыңыз. Текст бойынша диалог құраңыз.

### МЕНИҢ ОТБАСЫМ

Менің атым Ғалия. Мен Талдықорғаннанмын. Менің отба-  
сым үлкен. Онда жеті адам бар. Олар менің әкем, шешем, екі  
ағам, сінлім және атам. Менің әкемнің аты Әнуар. Ол қайырым-  
ды адам. Шешемнің есімі Меруерт. Ол өте әдемі кісі. Үлкен ағам-  
ның аты Сабыржан. Кіші ағамның аты Ержан. Менің сінлімнің  
аты Жазира. Ол өлі кішкентай. Ағамның аты Жомарт. Ол да қайы-  
рымды, жақсы адам.

### II. СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Үйіңізге қонақ келді, оған отбасыңызды таныстырыңыз.
2. Сіздің әйеліңіз, балаларыңыз бар ма, айтыңыз.
3. Сіздің әпкеңіздің, ағаныздың отбасы бар ма, айтыңыз.
4. Досыңыздың отбасында кімдер бар және оның ағалары-  
ның, әпкелерінің отбасы бар ма, сұрап әңгімелесіңіздер.

#### СӨЗДІК

әйел	кішкентай	сурет
әпке	кіші	сұлу
бес	қайырымды	сінлі
бір	қанша	тоғыз
екі	назар	төрт
жезде	немере	ұл
женге	неше	ұсыну
жеті	отбасы	үлкен
күйеу	сегіз	үш
		іні

### 4-САБАҚ

#### СӨЙЛЕСУШДЕН ЖАС МӨЛШЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ СҰРАЙ БІЛУ ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ ЖАСЫ ТУРАЛЫ АЙТА БІЛУ

*Менің жасым он тоғызда.  
Сіздің жасыңыз нешеде?*

Кімнің	жасы	нешеде?
Менің	жасым	он тоғызда.

1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Менің жасым он тоғызда	[ме-нің-жа-сым он-то-ғыз-да]
Сенің жасың	[се-нің жа-сың]
Сіздің жасыңыз	[сіз-дің жа-сы-ңыз]
Оның жасы	[о-ның жа-сы]

2-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

- Сіздің жасыңыз нешеде? — Менің жасым он тоғызда.
- Сенің жасың нешеде?
- Оның жасы нешеде? — Оның жасы жиырмада.

Неше? Нешеде? Неше? Нешеде?

1	бір	бірде	30	отыз	отызда
2	екі	екіде	40	қырық	қырықта
3	үш	үште	50	елу	елуде
	...	...	60	алпыс	алпыста
10	он	онда	70	жетпіс	жетпісте
11	он бір	он бірде	80	сексен	сексенде
	...	...	90	тоқсан	тоқсанда
20	жиырма	жиырмада	100	жүз	жүзде

#### ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

I, II	I	II	алтыда
III, IV — 3, ж	-да	-де	екіде
IV — б, в, г, д	-та	-те	қырықта
V			он төртте

3-тапсырма. Мына сандарды оқыңыз.

10, 11, 12, 13, 20, 25, 24, 30, 31, 38, 40, 42, 50, 55, 60, 63, 69, 70, 80, 90, 100.

4-тапсырма. Мына сандарды цифрмен жазыңыз.

Үш, тоғыз, жиырма үш, он сегіз, он жеті, отыз бес, қырық төрт, елу, алпыс, алпыс жеті, жетпіс сегіз, сексен тоғыз, тоқсан екі, жүз.

5-тапсырма. Кімнің жасы нешеде, айтыңыз және жазыңыз.

Менің жасым 17, 20, 19, 23, 28.  
Сенің жасың 5, 8, 10, 18, 26, 31.  
Оның жасы 1, 42, 37, 64, 58, 70.

6-тапсырма. Сіздің отбасыңызда кім неше жаста және досыңыздың отбасында кім неше жаста екенін айтыңыз.

КІМНІҢ	ЖАСЫ	НЕШЕДЕ?
Менің	әке, шеше, ата, аға, әпке, іні, сіңлі	жасы ...
Досымның	қарындас, әйел, күйеу жезде, жеңге	

7-тапсырма. а) Сіздің жасыңыз нешеде?  
ә) Топтағы студенттердің жасы нешеде?

Кім	неше жаста?	(Кім нешеде?)
Мен	он тоғыз жастамын.	(Мен он тоғыздамын).

8-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

Мен он жеті жастамын [мен-он-же-ті-жас-та-мын]  
Мен он жетідемін [мен-он-же-ті-де-мін]  
Менің әкем қырық екі жаста [ме-нің-ә-кем-қы-ры-ға-кі-жас-та]

9-тапсырма. Оқыңыз.

а)  
Мен он жеті жастамын. Біз он жеті жастамыз.  
он жетідемін. он жетідеміз.  
Сен он жеті жастасың. Сендер он жеті жастасындар.  
он жетідесің. он жетідесіндер.  
Сіз он жеті жастасыз. Сіздер он жеті жастасыздар.  
он жетідесіз. он жетідесіздер.

Ол он жеті жаста. Олар он жеті жаста.  
он жетіде. он жетіде.

- ә) — Сіз неше жастасыз? (нешедесіз?) — Мен он тоғыз жастамын.  
Сен неше жастасың? (нешедесің?) Мен он тоғыздамын.  
— Ол неше жаста? (нешеде?) — Ол жиырма жаста.  
Ол жиырмада
- б) 1. Сіздің жасыңыз нешеде? Менің жасым он сегізде.  
2. Сіз неше жастасыз? Мен он сегіз жастамын.  
3. Сіз нешедесіз? Мен он сегіздемін.

10-тапсырма. Диалогты толықтырыңыз.

- Сіз неше жастасыз?  
— ...  
— Мынау сіздің әкеңіз бе?  
— ...  
— Ол нешеде?  
— ...  
— Сіздің ініңіз бар ма?  
— ...  
— Оның жасы нешеде?  
— ...

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

I. П III — л, р, у, й	I -ма	II -ме	Сіздің атаңыз бар ма?
III — м, н, ң IV — з, ж	-ба	-бе	Бұл ағаныз ба?
IV — б, в, г, д V	-па	-пе	Мынау Әсет пе? Мынау Ахат па?

11-тапсырма. Үлгі бойынша диалог құрастырыңыз.

Үлгі: Ахат жиырма төрт жаста. — Бұл Ахат па?  
— Иә, бұл Ахат.  
— Ол неше жаста?  
— Ахат жиырма төрт жаста.



Гүлнар отыз екіде. Ғарифолла жиырма бес жаста. Дәурен он алтыда. Самат екі жаста. Беріктің жасы отызда. Біздің деканымыз қырықта. Олардың мұғалімдері жиырма алты жаста. Біздің топтың студенті Тақсын он тоғызда. Ағайдың жасы қырық үште.

**12-тапсырма.** Топтағы студенттердің жасы нешеде, сұраңыз, оқытушыға айтып беріңіз.

Кім	Қандай?
Жігіт	жас
қыз	
кісі	үлкен
әйел	көрі/қарт

**13-тапсырма.** Диалогты оқыңыз.

- Сіздің әке-шешеніз жас па?
- Иә, жас. Әкем отыз сегізде, шешем отыз алты жаста.
- Иә, жас екен.
- Сіздің әке-шешеніз үлкен кісілер ме?
- Иә, үлкен кісілер, олар алпыста.
- Иә, үлкен екен.

**14-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

- а) Сіздің әке-шешеніз үлкен кісілер ме?
- ә) Досыңыздың әке-шешелері ше? (Сұрап біліңіз.)
- б) Сіздің оқытушыңыз қандай кісі, неше жаста?
- в) Сіздердің декандарыңыз қандай кісі, ол нешеде?

**15-тапсырма.** Тексті оқып, астындағы тапсырмаларды орындаңыз.

Менің атым Қайрат. Мен Қарағандыданмын. Менің жасым жиырма үште. Менің отбасым үлкен емес. Онда алты адам бар. Олар: әкем, шешем, атам, ағам, қарындасым және өзім.

Менің әкемнің аты Берік. Шешемнің аты Аклима. Олар орта жаста. Әкем қырық екіде. Шешем қырық жаста. Менің қарт атам бар. Оның аты Бекбол. Ол жетпіс екі жаста. Ағамның аты Ербол. Ол отыз бірде. Оның әйелі және екі баласы бар. Олардың балалары әлі кішкентай. Менің жеңгем Ақтөбеден. Ол өте әдемі. Менің ағам мен жеңгем құрдас. Қарындасымның аты Кенжегүл. Ол он бес жаста. Кенжегүл — ақылды, мейірімді қыз.

1. “Әке-шешем орта жаста” деген сөйлемдегі *орта жас* дегенді қалай түсінесіздер?

2. “Ағам мен жеңгем құрдас” деген сөйлемдегі *құрдас* деген сөзді қалай түсінесіз?

3. Жоғарыдағы текст бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Қайрат қай жерден? Оның жасы нешеде?
- 2) Оның әке-шешесі жас па? Олар нешеде?
- 3) Оның атасы қандай адам? Ол неше жаста?
- 4) Ербол кім?
- 5) Қайраттың жеңгесінің аты кім?
- 6) Ағасы мен жеңгесінің жастары нешеде?
- 7) Қайраттың қарындасының жасы нешеде?

- 16-тапсырма.**
- 1) Сіздің отбасыңызда кімдер бар? Олардың аттары кім және жастары нешеде?
  - 2) Сіздің досыңыз бар ма? Оның аты кім? Ол неше жаста?
  - 3) Оның отбасында кімдер бар, неше жаста? Сұрап, оқытушыға айтыңыз.

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ

- 1. — Сәлеметсіз бе, ата?
  - Амансың ба, атың кім, балам?
  - Атым Куртис.
  - Қайдансың, Куртис?
  - Америкаданмын.
  - Отбасың бар ма?
  - Бар.
  - Әке-шешен бар ма?
  - Иә, бар.
  - Олар жас адамдар ма?
  - Жок, олар үлкен кісілер. Әкем алпыс бірде, шешем елу тоғыз жаста.
  - Тағы кімің бар?
  - Ағам, жеңгем бар. Олардың бес жаста қызы бар.
  - Өзің нешедесің?
  - Өзім он тоғыздамын.
- 2. — Тахир, сен Ираннансың ба?
  - Жок, мен Ираннан емеспін, Түркияданмын.
  - Отбасың үлкен бе?
  - Иә, үлкен, жеті адам бар.
  - О-о-о, үлкен екен!
  - Әке-шешен жас па?

- Жоқ, жас емес, олар орта жаста. Әкем қырық бесте, шешемнің жасы қырық төртте.
  - Ата, өжең бар ма?
  - Иә, бар. Олар үлкен кісілер.
  - Атаң нешеде?
  - Атам мен әжем құрдас, олар алпыс бесте.
3. — Михо, сенің өкең үлкен кісі ме?
- Жоқ, менің өкем қырықта, ал анам отыз алтыда.
  - Е-е-е, жас екен ғой.
4. — Дженифер, отбасыңда неше адам бар?
- Менің отбасымда үш-ақ адам бар.
  - Әкемнің жасы елу үште, анам елу бір жаста, мен жиырма бір жастамын.
  - Түсінікті, жарайсың.
5. — Әли, мына жас жігіттер сенің достарың ба?
- Иә, бұлар менің достарым. Біз бәріміз Түркияданбыз.
  - Олардың аттары кімдер?
  - Олардың аттары Жафар, Осман, Мұрат.
  - Бәрің құрдасыңдар ма?
  - Иә, бәріміз құрдаспыз, бәріміз он тоғыздамыз.

## II. СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Басқа топтың студенттерімен сұхбаттасыңыз. Сіздің сұрақтарыңыздың мазмұны мынадай:  
Аты-жөні, қай жерден, жасы нешеде, отбасы туралы, отбасында кімнің жасы нешеде.
2. Алған мәліметтеріңізді жинақтап, қай елдерден неше студент келді, олардың жасы нешеде, отбасында неше адам бар, олар кімдер, жастары нешеде екенін айтып беріңіз.
3. Деканның сізбен сөйлескісі келеді. Оған өзіңіз және отбасыңыз туралы айтыңыз.

### СӨЗДІК

ақыл	жетпіс	құрдас	отыз
алпыс	жиырма	қырық	сексен
елу	жүз	мейірім	тоқсан
жас	кәрі	мейірімді	түсіну
жауап	карт	орта жас	

## 5-САБАҚ

### МАМАНДЫҚ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕСЕ БІЛУ

- Сіз студентсіз бе?
- Иә, мен студентмін.

Кім?	Кім?
Мен	студентпін
Әкем	дәрігер
Шешем	мұғалім

1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен студентпін. Менің өкем дәрігер. Шешем мұғалім. Менің досым журналист. Досымның ағасы экономист. Сен тарихшысың ба? Сіз тәрбиешісіз бе? Біз инженерміз.

### ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА:

	I	II		I	II
Мен студентпін	-пын/-пін	-мын/-мін	Біз студентпіз	-пыз/-піз	-мыз/-міз
Сен студентсің	-бың/-бін	-сың/-сін	Сендер студентсіңдер	-сыңдар/ -сіндер	-сыздар/ -сіздер
Сіз студентсіз	-сыз/-сіз		Сіздер студентсіздер	-сыздар/ -сіздер	
Ол студент	—		Олар студенттер	—	

Мен	V—б, в, г, д	I, II, III	IV—з, ж
	-пын/-пін	-мын/-мін	-бың/-бін
Біз	V—б, в, г, д	I. II. III—р, л, й, у	III—м, н, ң; IV—з, ж
	-пыз/-піз	-мыз/-міз	-быз/-біз

2-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, жазыңыз.

- 1) ғалым, ақын, мұғалім;
- 2) оқытушы, жазушы, тарихшы, тәрбиеші, есепші, әнші, биші;
- 3) заңгер, сазгер, дәрігер, аспаз;
- 4) студент, инженер, журналист, экономист, филолог, философ, геолог, биолог.

3-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып оқыңыз.

Мен дәрігермін, журналист..., инженер..., филолог..., әнші..., студент..., тарихшы..., философ... . Менің әкем заңгер, геолог, экономист..., философ... .

- Сіз студентсіз бе?
- Иә, студентпін.
- Жоқ, студент емеспін, журналиспін.

4-тапсырма. Диалогтағы сөйлемдерді аяқтаңыз.

- а) — Сіз дәрігерсіз бе?  
— Иә, мен дәрігер... .
- ә) — Сен журналист... бе?  
— Жоқ, журналист емес... . әдебиетші... .
- б) — Сіздер тарихшы... ма?  
— Иә, біз тарихшы... .
- в) — Сендер оқытушы... ма?  
— Жоқ, біз оқытушы емес..., біз дәрігер... .
- г) — Сіздің ағаңыз инженер... ме?  
— Иә, ол инженер.
- д) — Сендердің әпкелерің экономист... пе?  
— Жоқ, олар экономист емес..., тәрбиешілер.

5-тапсырма. Диалогтарды толықтырыңыз.

1. — Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіз бе!  
— Танысайық. Менің атым Айдар. Ал, сіздің атыңыз кім?  
— Мен Жандоспын.  
— Қуаныштымын. Сіз студентсіз бе?  
— Иә, ... . Ал, сіз ше?  
— Мен де студентпін.  
— О-о-о, мен қуаныштымын!  
— Мен де.
2. — Сәлеметсің бе, Қайрат!  
— Сәлем, Асқар!  
— Қайрат, танысып қой, бұл менің ағам Алматы.  
— Өте жақсы. Қуаныштымын. Менің атым Қайрат.  
— Мен де. ...?!  
— Жоқ, мен журналист емеспін, тарихшымын. ...?

- Мен журналиспін.
- Жақсы. Кездескенше сау болындар.
- Сау бол, Қайрат.

- Сіз кімсіз? — Мен студентпін.
- Сен кімсің? — Мен оқушымын.
- Ол кім? — Ол дәрігер.

6-тапсырма. Диалогты толықтырыңыз.

- а) — ...?  
— Иә, мен оқушымын. Ал, сен кімсің?  
— Мен ... .
- ә) — Сіз қайдансыз?  
— Жапонияданмын. Ал, сіз ше?  
— Мен Қытайданмын.  
— ...?  
— Мен тілшімін. ал ...?  
— Мен дәрігермін.
- б) — Сіздің әпкеңіз бар ма?  
— Иә, ...  
— Ол ...?  
— Ол мұғалім.

7-тапсырма. Диалогты оқып, астындағы сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сәлеметсіз бе, ағай!
- Сәлеметсіздер ме, қарақтарым!
- Аттарың кім? Қайдансыңдар?
- Менің атым Ахмет, ал бұл Мұстафа. Біз Түркияданбыз.
- О-о-о, өте жақсы! Сендер кімсіңдер, тарихшысыңдар ма?
- Иә, ағай, тарихшымыз.

Сұрақтар:

- 1) Ахмет пен Мұстафа қайдан?
- 2) Олар кімдер?

8-тапсырма. Кімнің кім екенін айтыңыз.

- |                  |                                       |
|------------------|---------------------------------------|
| Абай Құнанбайұлы | атақты ғалым, қазақтың ұлы ақыны,     |
| Әл-Фараби        | белгілі сазгер, ұлы жазушы, ұлы ақын. |
| А. С. Пушкин     |                                       |
| Моцарт           |                                       |
| Мұхтар Әуезов    |                                       |

9-тапсырма. Үлгі бойынша диалог құрастырыңыз.

Үлгі:

- Самат, бұл кім?
- Бұл Абай Құнанбайұлы.
- Ол кім?
- Ол қазақтың ұлы ақыны.



10-тапсырма. Текстерді оқып, соңындағы тапсырмаларды орындаңыз. "Мамандық" деген сөзді қалай түсінесіз? Айтыңыз.

а) Танысайық. Менің атым Еркін. Мен жиырма бес жастамын. Мен Семейденмін. Менің отбасымда бес адам бар. Олар әкем, шешем, әпкем, інім және өзім. Әке-шешем орта жаста. Әкем елу жаста. Оның аты Абзал. Ол дәрігер. Шешемнің аты Сәлима. Ол қырық сегіз жаста. Ол жақсы мамандықтың иесі. Оның мамандығы тәрбиеші. Әпкемнің аты Ұлжан. Оның жасы жиырмада. Ұлжан — тарихшы. Інімнің аты Ержан. Ол әлі кішкентай. Ол он төртте. Ержан — оқушы.

ә) Танысайық. Менің атым Жеңісбек. Мен жиырма тоғыз жастамын. Мен инженермін. Мен Ақтөбеденмін. Менің әйелім және бір ұл, бір қызым бар. Әйелімнің аты Құралай. Біз құрдаспыз. Ол өте әдемі әйел. Ол Өскеменнен. Ол — оқытушы. Ұлымның аты Алдияр. Ол бес жаста. Қызымның аты Жанерке. Оның жасы үште.

Тапсырмалар:

1. Еркіннің отбасы туралы айтыңыз.
2. Жеңісбектің отбасы туралы айтыңыз.
3. Бұл екі отбасында қандай мамандық иелері бар, айтыңыз және жазыңыз.

11-тапсырма. Кел, ойнайық!

Сіз тілшісіз (журналист), тобыңыздағы студенттерден интервью алыңыз. Алдымен өзіңізді таңыстырыңыз. Содан кейін сұрақтарыңызды қойыңыз. Сіздің сұрақтарыңыздың мазмұны шамамен төмендегідей:

- Аты-жөні.
- Қай жерден?
- Жас мөлшері.
- Мамандығы.
- Отбасы туралы.
- Отбасында қандай мамандық иелері бар?

- 12-тапсырма. 1. Бір-бірлеріңізбен танысып, мамандықтарыңызды сұраңыздар.
2. Өзіңіздің отбасыңыз туралы, ондағы адамдардың мамандықтары туралы айтыңыз және жазыңыз.
  3. Досыңыздың отбасында кімдер бар, олар кімдер, сұраңыз.

## Тіл ұстарту

### ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

1. — Сәлеметсіз бе, апай!  
— Сәлемет пе, шырағым! Сен кімсің?  
— Менің атым Тахир, Түркияданмын.  
— Жақсы. Студентсің бе?  
— Жоқ, мен аспирантпын.  
— Өте жақсы. Жасың нешеде?  
— Жасым отызда.  
— Отбасың (әйелің) бар ма?  
— Бар. Әйелім, ұлым, қызым бар.  
— Балаларың кішкентай ма?  
— Иә, кішкентай, ұлым төртте, қызым екі жаста.  
— Әйеліңнің мамандығы кім?  
— Әйелім тәрбиеші.  
— Жақсы, Тахир, танысқанымға қуаныштымын!  
— Рақмет, апай. Сау болыңыз.  
— Аман-сау бол, қарағым.
2. — Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіз бе!  
— Мен Кореяданмын, атым Мин Кен.  
— Аспирантсыз ба?  
— Жоқ, мұғаліммін.  
— Өте жақсы, мен де мұғаліммін. Жапонияданмын.  
— Өте жақсы. Танысқанымға қуаныштымын!  
— Мен де. Көріскенше сау болыңыз.  
— Сау болыңыз.
3. — Сәлеметсіздер ме!  
— Сәлеметсіздер ме!  
— Мен журналистпін. Сіздер студентсіздер ме?  
— Иә, біз студентпіз. Бәріміз де Түркияданбыз.  
— Өте жақсы. Есімдеріңіз кім?  
— Менің есімім Фарида, бұл Мұстафа және Тақсын.  
— Жастарыңыз нешеде?  
— Мен жиырмадамын, ал Тақсын мен Мұстафа құрдас.  
— Жақсы, рақмет. Мен танысқанымға қуаныштымын.  
— Сау болыңыз.  
— Көріскенше, сау болыңыздар.

## СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Пәтер иесіне өзіңізді таныстырыңыз.
2. Сізге анкета алып келді, толтырыңыз.

### АНКЕТА

1. \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні)
2. \_\_\_\_\_  
(Қай жерден?)
3. \_\_\_\_\_  
(Жасы)
4. \_\_\_\_\_  
(Мамандығы)
4. \_\_\_\_\_  
(Отбасында неше адам бар, олар кімдер?)
5. \_\_\_\_\_  
(Өкесінің, шешесінің аты және жас мөлшері)
6. \_\_\_\_\_  
(Өке-шешесінің мамандығы)

3. Анкеталарды тексеріп, мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қай жерден қанша студент келді?
2. Олардың жасы қаншада?
3. Қандай мамандықтар жиі кездеседі?
4. Қай мамандық иесі көп екен?

### СӨЗДІК

аспаз	геолог	тарихшы
ақын	ғалым	тәрбиеші
атақты	дәрігер	тілші
өдебиетші	есепші	ұлы
өңші	жазушы	филолог
белгілі	заңгер	философ
биші	инженер	экономист
биолог	мамандық	

## 6-САБАҚ

TDV İSAM  
Kütüphanesi Arşivi  
No TK/123.1

**ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ОРНЫН БІЛДІРЕ АЛУ  
(ОҚУ ОРНЫ, ЖҰМЫС ОРНЫ, ТҰРАТЫН ЖЕРІ)  
ЖӘНЕ ОЛ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ АЛА БІЛУ**

*Мен студентпін. Мен университетте оқимын.  
Әкем — дәрігер. Ол ауруханада жұмыс істейді.  
Біз Алматы қаласында тұрамыз.*

Кім	қайда	не істейді?
Кім		оқиды   жұмыс істейді   тұрады?
Мен	университетте	оқимын.
Әкем	ауруханада	жұмыс істейді.
Біз	Алматы қаласында	тұрамыз.

1-тапсырма. Кеңіл аударып оқыңыз.

не?	қай?	не?
факультет	тарих	факультет+і
аурухана	балалар	аурухана+сы
қала	Алматы	қала+сы
көше	Абай	көше+сі
қайда?	қай?	қайда? неде?
факультетте	тарих	факультет+і+нде
ауруханада	балалар	аурухана+сы+нда
қалада	Алматы	қала+сы+нда
көшеде	Абай	көше+сі+нде

2-тапсырма. Оқыңыз.

Факультет	филология факультеті заң факультеті халықаралық қатынас факультеті	— филология факультетінде — заң факультетінде — халықаралық қатынас факультетінде
Қала	Қарағанды қаласы Ақмола қаласы Стамбул қаласы	— Қарағанды қаласында — Ақмола қаласында — Стамбул қаласында

Көше	Абай көшесі	— Абай көшесінде
	Сейфуллин көшесі	— Сейфуллин көшесінде
	Төле би көшесі	— Төле би көшесінде

3-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

Оқу	[о-қуу]
Оқимын	[о-қый-мын]
Мен заң факультетінде оқимын	[мен... фа-куль-те-тін-до-кий-мын]
Жұмыс істеу	[жұ-мұс-іс-теу]
Ол ауруханада жұмыс істейді	[...ау-ру-ха-на-да-жұ-мұс-іс-тей-ді]
Тұру	[тұ-рүү]
Тұрамын	[тұ-ра-мын]
Алматы қаласында тұрамыз	[ал-ма-ты-қа-ла-сын-да-тұ-ра-мыз]

4-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

- а) Мен ... оқимын, жұмыс істеймін, тұрамын  
 Сен ... оқисың, жұмыс істейсің, тұрасың  
 Сіз ... оқисыз, жұмыс істейсіз, тұрасыз  
 Ол ... оқиды, жұмыс істейді, тұрады  
 Біз ... оқимыз, жұмыс істейміз, тұрамыз  
 Сендер ... оқисындар, жұмыс істейсіндер, тұрасындар  
 Сіздер ... оқисыздар, жұмыс істейсіздер, тұрасыздар  
 Олар ... оқиды, жұмыс істейді, тұрады

### ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Етістіктің шағы:

ылғи	-а/-е/-й	
_____	казір	_____
бұрын		болашақ

Ет. + -а/-е/-й+жік. ж.

(мен) жұмыс істе+й+мін

I. II.	III. IV. V.
-й	-а,-е
оқимын, жұмыс істеймін	тұрамын, келемін

5-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, жазыңыз.

Оқу. Оқимын. Мен оқимын. Мен университетте оқимын. Мен университетте тарих факультетінде оқимын.  
 Жұмыс істеу. Жұмыс істейді. Ол жұмыс істейді. Ол фабрикада жұмыс істейді. Ол тігін фабрикасында жұмыс істейді.  
 Тұру. Тұрамыз. Біз тұрамыз. Біз қалада тұрамыз. Біз Талдықорған қаласында тұрамыз.

6-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Мен тарихшымын. Мен университетте жұмыс істе... . Менің ағам инженер. Ол машина зауытында жұмыс істе... . Әкем дәрігер. Ол ауруханада жұмыс істе... . Біз Ақмолада тұр... . Менің досым Жезказғаннан. Ол қазір Алматы қаласында тұр... . Оның аты Дастан. Ол студент. Дастан университетте тарих факультетінде оқ(ы)... . Менің екі інім бар. Олар мектепте оқ(ы)...

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. — Сіздер қай факультетте оқисыздар?  
— Біз халықаралық қатынас ...
2. — Сіздер қайда тұрасыздар?  
— Университеттің жатақхана... ..
3. — Сіз қай факультетте оқисыз?  
— Философия ...
4. — Сіздің ағаңыз қайда жұмыс істейді?  
— Емхана... ..

8-тапсырма. Қандай сұрақ қойылды, айтыңыз.

1. — ...?  
— Мен университеттің дайындық факультетінде оқимын.
2. — ...?  
— Мен Абылай хан көшесінде тұрамын.
3. — ...?  
— Ағам фирмада жұмыс істейді.
4. — ...?  
— Біз Талдықорған қаласынанбыз.
5. — ...?  
— Қазір Алматы қаласында тұрамыз.

9-тапсырма. Сіз қалай ойлайсыз, ол кім?

Ү л г і: Ол құрылыста жұмыс істейді.  
Ол инженер немесе құрылысшы деп ойлаймын.  
Ол ауруханада жұмыс істейді.  
Ол театрда жұмыс істейді.  
Ол фирмада жұмыс істейді.  
Ол тарих факультетінде жұмыс істейді.

Ол мектепте оқиды.  
Ол аспирантурада оқиды.  
Ол жатақханада тұрады.

Қ а ж е т т і с ө з д е р: іскер, өртіс, оқушы, аспирант, дәрігер, студент, оқытушы.

10-тапсырма. Үлгі бойынша төмендегі сөйлемдерді пайдаланып диалог құрастырыңыз.

Ү л г і:

- Сен қайда оқисың?
- Филология факультетінде оқимын.
- Сен қайда тұрасың?
- Абай көшесінде тұрамын.

1. Мен биология факультетінің аспирантурасында оқимын, Жібек жолы көшесінде тұрамын.
2. Менің досым фирмада жұмыс істейді, Байзақов көшесінде тұрады.
3. Әкем мектепте жұмыс істейді, Жезказған қаласында тұрады.

11-тапсырма. Қандай сұрақ қойылды, айтыңыз.

- a) — ...?  
— Жоқ, мен инженер емеспін, экономиспін.  
— ...?  
— Мен фирмада жұмыс істеймін.  
— ...?  
— Шетел фирмасында жұмыс істеймін.  
— ...?  
— Абай көшесі... тұрамын.
- ө) — ...?  
— Мен аспазбын. Мен асханада жұмыс істеймін.  
— ...?  
— Мен тәрбиешімін, балабақшада істеймін.  
— ...?  
— Әуезов көшесінде тұрамын.  
— ...?  
— Мен Достық көшесінде тұрамын.

12-тапсырма. 1. Сіз қайда оқисыз/жұмыс істейсіз, қайда тұрасыз, айтыңыз.

2. Досыңыздан осы мәліметтерді сұраңыз.

— Сіз оқисыз ба?  
Сен оқисың ба?

— Иә, оқимын.  
Жоқ, оқымаймын.

- Сіздер оқисыздар ма? — Иә, оқимыз.  
Сендер оқисындар ма? Жок, оқымаймыз.  
— Ол (олар) оқи ма? — Иә, оқиды.  
Жок, оқымайды.

13-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

- Сіз жұмыс істейсіз бе?  
— Иә, мен жұмыс істеймін.  
Жок, мен жұмыс істемеймін, оқимын.  
— Сен университетте жұмыс істейсің бе?  
— Иә, университетте жұмыс істеймін.  
Жок, университетте жұмыс істемеймін, мектепте істеймін.  
— Сіздің досыңыз жұмыс істей ме?  
— Иә, жұмыс істейді.  
Жок, жұмыс істемейді, оқиды.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Жок, ...

-ма/-ме
Ет. + -ба/-бе + -й+ жік.ж.
-па/-пе

I. П.
III — р, л, й, у
-ма/-ме
оқыма тұрма жұмыс істеме

(Мен) оқы+ма+й+мын  
Жұмыс істе+ме+й+мін

14-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Мен жұмыс істе..., оқимын. Менің әкем зауытта жұмыс істе..., құрылыста істейді. Шешем еш жерде жұмыс істе... . Досым студент емес, ол оқы... . Әпкемнің өзінің отбасы бар. Оның күйеуі жұмыс істейді, ал әпкем жұмыс істе...

15-тапсырма. Үлгі бойынша топтағы студенттермен диалог құрастырыңыз.

Үлгі:

- Сенің әпкең бар ма? — Сенің әпкең бар ма?  
— Иә, бар. — Иә, бар.  
— Сенің әпкең жұмыс істей ме? — Ол жұмыс істей ме?  
— Иә, ол жұмыс істейді. — Жок, ол жұмыс істемейді.  
— Қайда жұмыс істейді?

- Дүкенде.  
— Қай дүкенде?  
— Азық-түлік дүкенінде.

- 1) Әкем инженер. Ол машина зауытында жұмыс істейді.  
2) Інім студент. Ол тарих факультетінде оқиды.  
3) Мен дәрігермін. Балалар ауруханасында жұмыс істеймін.

16-тапсырма. Отбасыңызда кім жұмыс істейді, оқиды, кім жұмыс істемейді, оқымайды, айтыңыз.


Мен университетте оқимын.  
Ол Тимирязев көшесінде орналасқан.

17-тапсырма. Диалогты оқыңыз.

- Сәлеметсің бе!  
— Сәлеметсің бе!  
— Танысайық, менің атым Мұрат. Сенің ше?  
— Мен Аянмын.  
— Сен оқисың ба?  
— Иә, университетте оқимын.  
— Университет қай жерде?  
— Тимирязев көшесінде орналасқан.

18-тапсырма. Төменде берілген қаланың картасы бойынша, қай жерде не орналасқанын айтыңыз.

1. Өуезов атындағы қазақ драма театры
2. Стадион
3. Ұлттық кітапхана
4. Республика сарайы



- 19-тапсырма. 1. Сіздің үйіңіз, оқу орныңыз, жұмыс орныңыз қай жерде орналасқанын айтыңыз.  
2. Топтағы студенттердің оқу орны, жұмыс орны, үйі қай жерде орналасқанын сұрап, оқытушыға айтыңыз.



20-тапсырма. Текстті оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Танысайық! Менің есімім Айдар. Жасым қырық сегізде. Мен инженермін. Құрылыста жұмыс істеймін. Менің жұмыс орным Сейфуллин көшесінде орналасқан. Менің отбасымда әйелім және екі қызым бар. Әйелім мұғалім. Ол қазір жұмыс істемейді. Ал үлкен қызым жиырмада. Ол студент. Университетте тарих факультетінде оқиды. Кіші қызым оқушы. Ол өлі мектепте оқиды. Біз Достық көшесінде тұрамыз.

Сұрақтар:

- Айдар кім?
- Ол қайда жұмыс істейді?
- Оның жұмыс орны қайда орналасқан?
- Оның әйелі кім?
- Ол қазір жұмыс істей ме?
- Оның қызы кім?
- Ол не істейді?
- Кіші қызы не істейді?

21-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сіз жұмыс істейсіз бе, оқисыз ба?
- Қайда?
- Ол қайда орналасқан?
- Сіздің өке-шешеніз не істейді?
- Олардың жұмысы қайда орналасқан?

- 22-тапсырма. 1. Сіздің досыңыз кім, ол не істейді, айтыңыз.
2. 20-тапсырмадағы текстті үлгі ете отырып, өзіңіздің отбасыңыз туралы айтыңыз және жазыңыз.
3. Сіз университетке оқуға келдіңіз, деканға өзіңізді таныстырыңыз (аты-жөніңіз, не істейсіз, мекен-жайыңыз).

### Тіл ұстарту

#### ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

1. — Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіз бе! Қайда жұмыс істейсіз?  
— Менің мамандығым журналист. Сіздің ше?  
— Мен аспазбын, кафеде жұмыс істеймін.

- Өте жақсы. Ол кафе қайда орналасқан?
- Әуезов көшесінде. Өзіңіз газетте жұмыс істейсіз бе?
- Жоқ, мен газетте емес, радиода жұмыс істеймін.
- Жақсы, тағы да кездесерміз. Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

2. — Сәлеметсің бе!  
— Сәлеметсің бе! Танысайық, менің атым Абылай.  
— Менің атым Райхан. Сен оқисың ба?  
— Жоқ, мен жұмыс істеймін. Ал сен ше?  
— Мен оқимын. Студентпін.  
— Қайда оқисың?  
— Университетте, философия факультетінде оқимын.  
Сенің мамандығың кім?  
— Мен экономистпін, банкіде жұмыс істеймін.  
— Қай банкіде жұмыс істейсің?  
— Ұлттық банкіде жұмыс істеймін. Сен жатақханада тұрасың ба?  
— Иә, мен университеттің жатақханасында тұрамын.  
— Жақсы, Райхан, танысқаныма қуаныштымын!  
Керіскенше.  
— Мен де танысқаныма қуаныштымын. Сау бол.  
— Сау бол.

3. — Сәлем, Куртис!  
— Сәлем, Кенен! Хал қалай?  
— Хал жақсы. Өз халің жақсы ма?  
— Жақсы, рақмет. Қай жерде тұрасың?  
— Мен жатақханада тұрамын.  
— Ол жатақхана қайда орналасқан?  
— ҚазМУУ қалашығында орналасқан. Өзің ше?  
— Мен пәтерде тұрамын.  
— Пәтерін қай көшеде?  
— Әуезов көшесінде.  
— Өте жақсы, жақын екен.  
— Иә, жақын.

#### СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Сіз Қазақстанға келіп, қазақ тілін үйреніп жүрсіз. Оқытушыңыз сізден факультеттің қабырға газетіне өзіңіз және отбасыңыз туралы мақала жазып беруді сұрады. Қалай жазасыз, айтып беріңіз.
2. Өзіңіз білетін, таныс қазақ отбасы туралы баяндап беріңіз.

СӨЗДІК

азық-түлік	достық	немесе
аспирант	дүкен	ойлау
аспирантура	жатақхана	орналасу
асхана	жұмыс істеу	орталық
аудармашы	зейнеткер	тәржімеші
аурухана	кездесу	театр
өрекет	көше	теледидар
өріпгес	қабырға	тігу
өртiс	қазір	үлттық
балабақша (балалар бақшасы)	қалашық	филология
банк	құрылыс	халықаралық қатынас
болашақ	құрылысшы	ылғи
бұрын	мақала	істеу
дайындық	мекен-жай	

7-САБАҚ

**УАҚЫТТЫ: АЙ, КҮН, АЙТА КҮНДЕРІНІҢ АТТАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ӨЗ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ АЙТА БІЛУ ЖӘНЕ ОЛ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ АЛА БІЛУ**

*Бүгін алтыншы ақпан (6.02.), дүйсенбі.  
Бүгін сағат онда (10-да) қазақ тілі сабағы болады.*

1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

ҚАЙ АЙ

1 — қаңтар	5 — мамыр	9 — қыркүйек
2 — ақпан	6 — маусым	10 — қазан
3 — наурыз	7 — шілде	11 — қараша
4 — көкек/сәуір	8 — тамыз	12 — желтоқсан

ҚАЙ КҮН

дүйсенбі	[дүй-сем-бі]
сейсенбі	[сей-сем-бі]
сәрсенбі	[сәр-сем-бі]
бейсенбі	[бей-сем-бі]
жұма	[жұ-ма]
сенбі	[сем-бі]
жексенбі	[жек-сем-бі]

АЙДЫҢ НЕШЕСІ, ҚАЙ КҮН?



Он сегізінші қаңтар, дүйсенбі  
(қаңтардың он сегізі)



Екінші ақпан, сәрсенбі  
(ақпанның екісі)



Жиырма алтыншы наурыз, жұма  
(наурыздың жиырма алтысы)

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШТАР:

1.

Сан е. + -ыншы/-ншы  
-інші/-нші

Бірінші

I. II	III. IV. V
-ншы/-нші	-ынші/-інші
алтыншы екінші	тоғызыншы төртінші

Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз!

Бір — бірінші — бірінші қаңтар  
Он бір — он бірінші — он бірінші қыркүйек  
Жиырма алты — жиырма алтыншы — жиырма алтыншы жел-  
тоқсан

2. Айдың нешесі?

ай +	-ның/-нің -дың/-дің -тің	сан е. +	-сы/-сі -ы/-і
------	--------------------------------	----------	------------------

Қаңтар+дың	бір+і
Ақпан+ның	тоғыз+ы
Көкек+тің	екі+сі
Шілде+нің	жиырма алты+сы

Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз!

Қаңтардың сегізі, қарашаның он екісі, шілденің он алтысы,  
желтоқсанның жиырма тоғызы, маусымның үші, мамырдың  
жиырмаасы.

2-тапсырма. Айдың нешесі, оқыңыз.

Ү л г і: 8.01. — сегізінші қаңтар немесе қаңтардың сегізі.  
9.03., 23.05., 16.02., 10.08., 19.11., 22.08.

3-тапсырма. Дұрыс айтып, оқып үйреніңіз.

Бұл қай ай?	[ бұл қ/ғай-ай]
Бүгін айдың нешесі?	[бү-гін ай-дың-не-ше-сі]
Бүгін қай күн?	[бү-гін қ/ғай-гүн]

4-тапсырма. Үлгілер бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Ү л г і:	Ү л г і:
1. — Бұл қай ай? — Бұл қаңтар айы.	2. — Бүгін айдың нешесі? — Бүгін алтыншы ақпан. (Бүгін ақпанның алтысы.)
— Бұл қай ай? — ...	— Бүгін айдың нешесі? — ...
— Келесі қай ай? — ...	— Ертең айдың нешесі? — ...
	— Кеше нешесі болды? — ...

Ү л г і:

3. — Бүгін қай күн?  
— Бүгін бейсенбі.  
— Бүгін қай күн?  
— ...  
— Ертең қай күн?  
— ...  
— Кеше қай күн болды?  
— ...

Қашан?

18. I. дс. — Он сегізінші қаңтарда дүйсенбіде  
(қаңтардың он сегізінде) (дүйсенбі күні)
2. II. сс. — Екінші ақпанда сейсенбіде  
(ақпанның екісінде) (сейсенбі күні)
26. III. ср. — Жиырма алтыншы наурызда сәрсенбіде  
(наурыздың жиырма алтысында) (сәрсенбі күні)

5-тапсырма. Көңіл аударып оқыңыз.

Екінші	ақпан+да	— Ақпанның	екісі+нде
Он үшінші	шілде+де	— Шілденің	он үші+нде
Алтыншы	көкек+те	— Көкектің	алтысы+нда
			Дүйсенбі+де
			Сейсенбі+де
			Жұма+да

6-тапсырма. Төмендегі жоспар бойынша қашан не болады,  
айтыңыз.

Ж о с п а р:

- 1.09, сәрсенбі — қазақ тілі сабағы
- 28.01, дүйсенбі — кездесу
- 22.03, сейсенбі — Наурыз мерекесі.
- 14.04, сенбі — досымның туған күні
- 6.05, жұма — саяхат

- 7-тапсырма. 1. Ертең қай күн, айдың нешесі, ертең не болады,  
айтыңыз.
2. Бүгін қай күн, айдың нешесі, бүгін не болады,  
айтыңыз.

САБАҚ КЕСТЕСІ

Дүйсенбі, 8-30 — тарих сабағы.

... ..

Дүйсенбіде сағат сегіз отызда тарих сабағы болады.


САҒАТ НЕШЕ?

8.30 — сағат сегіз жарым  
10.00 — сағат он  
11.40 — сағат он бір қырық  
13.00 — сағат он үш  
2.50 — сағат екі елу

САҒАТ НЕШЕДЕ?

сағат сегіз жарымда  
сағат онда  
сағат он бір қырықта  
сағат он үште  
сағат екі елуде

8-тапсырма. Сағат неше болды, айтыңыз.



9-тапсырма. Қай күні сағат нешеде қандай сабақ болатынын айтыңыз.

I. Дүйсенбі: 8-30 — Тарих  
10-00 — Қазақ тілі  
11-40 — Қазақ әдебиеті  
Сейсенбі: 10-00 — Қазақ тілі  
11-40 — География  
13-00 — Қазақстан тарихы  
Сәрсенбі: 2-35 — Математика  
4-05 — Информатика  
5-25 — Ағылшын тілі  
Бейсенбі: 12-00 — Тіл ұстарту  
II. Дүйсенбі: 9-00 — Жұмыс басталады.  
11-30 — Кездесу болады.  
13-00 — Түскі үзіліс болады.  
17-00 — Жұмыс аяқталады.

10-тапсырма. Сіздерде қай күні не болады, айтыңыз.

11-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

а) — Ертең қай күн?  
— ...  
— Ертең қай сабақтар болады?  
— ...

ө) — Сен нешінші курста оқисың?  
— (2) курста ...  
— Бүгін қазақ тілі бар ма?  
— Иә, ...  
— Сағат нешеде?  
— ... (11-40) ...

б) — Бүгін айдың нешесі?  
— ...  
— Қай күн?  
— ...  
— Бүгін бірінші сабақ сағат нешеде басталады?  
— ...  
— Нешеде аяқталады?  
— ...

12-тапсырма. Диалогты оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

— Сәлем, Дэвид!  
— Сәлеметсің бе, Патрик!  
— Дэвид, сен қай факультетте оқисың?  
— Мен заң факультетінде оқимын.  
— Нешінші курста оқисың?  
— Екінші. Ал сен ше?  
— Мен төртінші курста оқимын.  
— О-о-о, сендерде қазақ тілі сабағы бола ма?  
— Иә, әрине, сейсенбі және жұма күндері болады. Сендерде ше, қазақ тілі сабағы қай күндері болады?  
— Бізде қазақ тілі бір аптаның ішінде үш рет болады. Сабақ кестесі бойынша дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері болады, кейде сабақ кестесінен тыс қосымша сабақтар да болады.

1) Дэвид қай факультетте, нешінші курста оқиды?  
2) Патрик қай факультетте, нешінші курста оқиды?  
3) Оларда қазақ тілі қай күндері болады?  
4) Ал сіздер қай факультетте оқисыздар?  
5) Сіздерде қай күндері қазақ тілі болады?

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

мен — менде	біз — бізде
сен — сенде	сендер — сендерде
сіз — сізде	сіздер — сіздерде
ол — онда, ода	олар — оларда

13-тапсырма. Тексті оқып, мына тапсырмаларды орындаңыз:

1. "Басталады", "аяқталады" сөздерінің мағынасын сөздіктен қарап, қалай жасалғанын түсіндіріңіз.
2. Текст соңындағы сұрақтарға жауап беріңіз.

Менің атым Куртис. Мен Америкаданмын. Жасым жиырма төртте. Мен тарихшымын. Мен Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің тарих факультетінде үшінші курста оқимын.

Бүгін он жетінші қазан, сәрсенбі. Бүгін менің сабағым сегіз отызда басталады. Бүгін өте қызық пәндер — қазақ тілі, тарих, география сабақтары болады. Сабақ сағат бірде аяқталады.

Ал, бұл менің досым Кадзунори. Ол Жапониядан. Ол он тоғыз жаста. Ол — журналист. Біз он бесінші жатақханада тұрамыз. Бүгін оның сабағы сағат онда басталады. Оларда бүгін екі сабақ болады: қазақ әдебиеті және тарих сабақтары.

1. Олардың аттары кім?
2. Кадзунори кімнің досы?
3. Олар кімдер?
4. Олар қай факультетте оқиды?
5. Бүгін айдың нешесі, қай күн?
6. Бүгін Куртистің сабағы нешеде басталады, қай сабақтар болады?
7. Кадзуноридің сабағы нешеде басталады? Неше сабақ болады? Олар қай сабақтар?

14-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Бұл қай ай?  
Бүгін айдың нешесі?  
Бүгін қай күн?  
Сіз нешінші курста оқисыз?  
Сіздерде қандай сабақтар болады?  
Бүгін сіздерде қандай сабақтар болады?  
Сабақ сағат нешеде басталады, нешеде аяқталады.  
Қазір сағат неше болды?

- 15-тапсырма. 1) 13-тапсырмадағы тексті үлгі ете отырып, өзіңіз туралы айтыңыз.  
2) Досыңызда ертең қай сабақтар болады, нешеде басталады, сұраңыз.

## Тіл ұстарту

### Диалогтарды оқыңыз.

1. — Әли, дайындық факультетінде қандай пәндер оқисыңдар?  
— Біздің топта қазақ тілі, қазақ әдебиеті, математика, тарих, елтану, орыс тілі, география сабақтары болады.  
— Сабақ қай уақытта басталады?  
— Таңертең 8-30-да — бірінші сабақ, сағат 10-да екінші сабақ басталады. Түскі сағат бірде сабақ бітеді.
2. — Куртис, сіздің топтың сабақ кестесінде қай сабақтар бар, білесіз бе?  
— Бізде ертең бірінші — қазақ тілі, екінші — қазақ әдебиеті, үшінші — елтану.  
— Бәрі де қызық пәндер екен.  
— Сіздің топта қандай сабақтар болады?  
— О-о-о, біздегі сабақ кестесі де өте қызық, бірінші — қазақ әдебиеті, екінші — Қазақстан тарихы, үшінші қазақ тілі болады.
3. — Сәлеметсіз бе, Су Ли!  
— Сәлеметсің бе, Жан!  
— Халің қалай?  
— Жақсы, рақмет, өзіңнің халің қалай?  
— Рақмет, жақсы. Су Ли, сен қазір қайда тұрасың?  
— Байзақов көшесінде, елу алтыншы үйде тұрамын. Сен ше?  
— Мен университеттің он бесінші жатақханасында үшінші қабатта тұрамын.  
— Бүгін сендерде неше сабақ болады?  
— Бүгін сәрсенбі ме?  
— Иә, сәрсенбі.  
— Ендеше, бүгін екі сабақ болады. Сендерде ше?  
— Бізде үш сабақ. Жақсы, көріскенше сау бол.  
— Жақсы, сау бол, Су Ли.

### СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Төмендегі конвертті оқып, Ербол қайда тұрады, айтыңыз.

Қайда: Алматы қаласы  
Әуезов көшесі  
26-үй, 9-пәтер  
Кімге: Сағынов Ерболға

2. Сіз қайда тұрасыз, толық айтыңыз.
3. Досыңыз нешінші үйде, нешінші пәтерде тұрады, сұрап, оқытушыға айтыңыз.
4. Мына тақырыптарға әңгіме құрап, айтып беріңіз.

- 1) Өзіңіз неше жастасыз, қайда тұрасыз (қала, көше, үй)? Қай факультетте, қай курста оқисыз?
- 2) Қай уақытта (күніне неше сағат) оқисыз, сабақтарыңыз қашан бітеді?

### СӨЗДІК

ақпан	заң	мереке
апта	кесте	наурыз
аяқталу	көкек	сабақ
басталу	курс	сабақ кестесі
бейсенбі	қазан	саяхат
бүгін	қаңтар	сөрсенбі
білу	қарау	сейсенбі
дайындау	қараша	сенбі
дүйсенбі	қойын дәптер	тамақтану
елтану	қосымша	тамыз
жарым	қыркүйек	түсте
жексенбі	мамыр	туған күн
желтоқсан	маусым	ұйықтау
жұма	мейрам	шілде

### 8-САБАҚ

**БЕЛГІЛІ БІР ЗАТТЫҢ НЕМЕСЕ ІС-ӘРЕКЕТТІ ІСТЕУДІҢ ҚАЖЕТ ЕКЕНДІГІН АЙТА БІЛУ, СҰРАЙ БІЛУ. ҚАЖЕТ ЗАТТЫ СҰРАЙ БІЛУ ЖӘНЕ ҰСЫНА БІЛУ**

*Маған қалам керек еді. Алуға бола ма?  
Сізде қалам бар ма? Маған қалам беріңізші.*

1-тапсырма. Тыңдап, қайталаңыз, оқыңыз.

Маған қалам керек еді. [ма-ған қа-лам- г/ке-ре-ге-ді]  
Алуға бола ма? [а-лу-ға бо-ла-ма]

Сізде қалам бар ма? [сіз-де қа-лам-бар-ма]  
Маған қалам беріңізші. [ма-ған қа-лам-бе-рі-ңі-с/ші]

*Кімге не/не істеу керек?  
Маған қалам керек.  
Студентке кітап оқу керек.*

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

...+ -ға/ге  
-қа/ке

	I/II
I, II, III, IV	-ға/-ге
IV—б, в, г, д; V	-қа/-ке

2-тапсырма. а) Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

кім? — кімге?	кім? — кімге?
мен — маған	біз — бізге
сен — саған	сендер — сендерге
сіз — сізге	сіздер — сіздерге
ол — оған	олар — оларға

ә) Тыңдаңыз, қайталаңыз, жазыңыз.

Сізге не керек еді?	Маған қалам керек еді.
Саған не істеу керек?	Маған жазу керек.
Оған не істеу керек еді?	Оған кітап оқу керек еді.
Сіздерге не керек еді?	Бізге тілашар керек еді.
Сендерге не алу керек еді?	Бізге тілашар алу керек.
Оларға нелер керек?	Оларға сөздіктер керек.

б) Тыңдаңыз, жазыңыз, оқыңыз, аударыңыз.

Маған керек. Саған керек пе? Сізге керек емес пе?. Оған керек еді. Бізге магнитофон керек. Сендерге кассета керек пе? Сіздерге теледидар көру керек пе? Оларға телефон соғу керек.

3-тапсырма. а) Жазыңыз, оқыңыз.

Үлгі: ағай — ағайға

апай, әже, бала, жігіт, көрші, ата, қарындас, мұғалім, оқытушы, топ

ә) Тыңдаңыз, жауаптарды жазыңыз, оқыңыз, аударыңыз.

Кімге кітап оқу керек?	Студент... кітап оқу керек.
Қайда бару керек?	Кітапхана... бару керек.
Неге жазу керек?	Кассета... жазу керек.
Не істеуге болады?	Музыка жазу... болады.

4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз, оқыңыз.

а) Үлгі: (Біз) оқу керек. — *Бізге оқу керек.*

(Мен) қалам керек еді.

(Ол) қарындаш керек еді.

— (Сіз) тілашар керек пе?

— Иә, (мен) тілашар керек еді.

— (Сен) тілашар керек пе?

— Жоқ, (мен) тілашар керек емес. (Мен) сөздік керек.

— (Ол) бару керек пе, (мен) бару керек пе?

— (Сен) бару керек.

ә) Үлгі: Серік... сөздік керек еді. — *Серікке сөздік керек еді.*

Берік... магнитофон керек еді.

Жанар... теледидар керек еді.

Қанат... телефон керек еді.

Әли... радио керек еді.

б) Үлгі: Маған сабақ... бару керек. — *Маған сабаққа бару керек.*

Университет... 8.30 келу керек.

Үй... бару керек еді.

Жұмыс... уақытында бару керек.

Базар... жексенбі күні бару керек.

5-тапсырма. Үлгі бойынша сұрақтар қойыңыз және жазыңыз.

Үлгі: Әселге сөздік қарау керек еді.

*Кімге сөздік қарау керек? Әселге (сөздік) қарау керек.*

*Әселге не қарау керек? (Әселге) сөздік қарау керек.*

*Әселге не істеу керек? (Әселге) сөздік қарау керек.*

Студенттерге кітаптар алу керек.

Журналистке газет оқу керек.

Оқушыға сабақ дайындау керек.

6-тапсырма. Үлгі бойынша диалогтар құрастырыңыз.

Үлгі: — *Ағай, мына магнитофонға не керек? Кассета керек пе?*

— *Жоқ, мына магнитофонға кассета керек емес, лазер дискі керек.*

компьютер

дискет

бейнемагнитофон

кассета

теледидар

бейнекамера

7-тапсырма. Төмендегі сөздермен сұрақ-жауап құраңыз.

Үлгі: — *Ағылшын сөздігі кімдерге керек? Оқушыларға ма?*

— *Сөздік студенттерге де, оқушыларға да керек.*

компьютер

турист

телефон нөмірі

біз

карта

мұғалім

телефон

олар

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз. Жауаптарын жазыңыз.

а) Ертең қазақ тілі сабағы болады. Сізге не керек?

ә) Апаңыз жексенбіде базарға барады. Оған не сатып алу керек?

б) Келесі аптаға жоспар дайындайсыз. Сізге не істеу керек?

**Маған қалам керек еді. Алуға бола ма?**

*не істеуге болады/рұқсат*

*Дүкеннен сатып алуға болады. Кіруге рұқсат па?*

9-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

— Қалам алуға бола ма? [қа-лам-а-лу-ға бо-ла-ма]

— Иә, болады. [иә бо-ла-ды/т]

— Алуға рұқсат па? [а-лу-ға-рұқ-сат-па]

— Жоқ, рұқсат емес. [жоқ, рұқ-са-те-мес]

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

ет. т.	I	II	етістік	(I)-у + ға
	-ға/-ге			(II)-у + ге
алу	алуға	беру	беруге	
бару	баруға	кіру	кіруге	


10-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті формасын жазыңыз.

Үлгі: оқу... — *оқуға*

болу..., келу..., айту..., тыңдау..., білу..., телефон соғу..., шығу..., сатып алу..., қарау..., жазу..., көру..., танысу..., ұсыну...,

тұру..., отыру..., кездесу..., істеу..., тыңдау..., тамақтану..., дайындау..., ұйықтау...

*Ескерту*



**11-тапсырма.** Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз, аударыңыз.

- а) — Кіруге рұқсат па?  
— Иә (әрине), рұқсат.  
— Жок (кешіріңіз), рұқсат емес.
- ә) — Бізге тілашар керек еді. Сіздерден сатып алуға бола ма?  
— Жок, бізде тілашар сатуда болмайды.

**12-тапсырма.** Сұрақтарды толықтырыңыз, жауап беріңіз.

Үлгі: — *Кітапханадан үйге кітап алуға бола ма?*  
— *Иә, үйге кітап алуға болады.*

Дәріханадан кітап сатып алу... бола ма?  
Дүйсенбіде базарға бару... бола ма?  
Университетте шай, кофе ішу... бола ма?  
Жексенбі күні кітапханаға бару... бола ма?

**13-тапсырма.** Диалогтарды толықтырыңыз, оқыңыз.

- Телефон соғу... рұқсат па?  
— Иә, ...
- Сізден сұрау... бола ма?  
— Иә, ...
- Кітап алу..., дайындалу... ..  
— Жок, қазір бақылау жұмысы, оқулық қарау... ..
- Маған сөздік керек еді, маған сөздік алу... ..  
— Мінеки.

**14-тапсырма.** Диалог құрап досыңызбен сөйлесіңіз.

- а) Сізге бір зат керек еді. (Дүкенде. Класта.)  
ә) Оған бір нәрсе туралы сұрау керек еді. (Деканатта. Көшеде.)

Сізде қалам бар ма?  
Кімде/қайда кім/не бар/жок

Менде оулық бар.  
Студенттерде оқулықтар жок.  
Оқулықтар кітапханада бар.

**15-тапсырма.** Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

- |                        |                         |
|------------------------|-------------------------|
| а) Сізде қалам бар ма? | [сіз-де қа-лам-бар-ма]  |
| Сенде дәптер бар ма?   | [сен-де дәп-тер-бар-ма] |
| Онда газет бар ма?     | [он-да га-зет-бар-ма]   |
| Иә, бар.               | [И-ә бар]               |
| Жок, қалам жок.        | [Жок ка-лам-жок]        |
- ә) Сіздерде не бар? Бізде сабақ бар.  
Сендерде кім бар? Бізде достарымыз бар.  
Оларда не жок? Оларда уақыт жок.

**16-тапсырма.** Диалогтарды тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз, аударыңыз.

- |                             |                               |
|-----------------------------|-------------------------------|
| — Сенде сөздік бар ма?      | — Класта кім бар, кім жок?    |
| — Иә, сөздігім бар. Мә, ал! | — Бәрі де бар, тек Мұрат жок. |
- Сіздің уақытыңыз бар ма?  
Сөйлесу керек еді. — Кімде газет бар?  
— Иә, қазір уақытым бар, — Әлиде газет жок,  
сөйлесуге болады. Мұратта бар.
- Сіздерде аспирин бар ма?  
— Жок, біздің дәріханамызда қазір бұл дәрі жок.

**17-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз. Заттың бар/жок екенін біліңіз.

- Сұрауға бола ма? Маған бейнемагнитофон керек еді, (сіз)... ..?  
— Иә, ... .., бейнемагнитофондар мінеки, мұнда.
- Кітап қарауға рұқсат па? Бізге қазақша-ағылшынша сөздік керек еді. (Сіздер)... ..?  
— Жок, бұл сөздік (біз)... ..
- Кешіріңіз, маған бүгінгі газет керек еді. Қайдан алуға болады?  
— Көшеде жаңа газет-журнал ... Киоскіден де алуға болады.  
— Ал дүкенде ... ?  
— Жок, дүкендерде ...  
— Ал кітапханаларда ... ?  
— Жок, кітапханада да жаңа басылым ...



18-тапсырма. Керек затты досыңыздан сұраңыз, алыңыз.

Сабақта (кітап, сөздік, қалам, дәптер, қарындаш)  
Дүкенде (нан, шай, сағат, кітап, дәрі, журнал)  
Кітапханада (кітап, сөздік, журнал, газет)

**МАҒАН ҚАЛАМ БЕРІНІЗШІ.**

**Кімге не не істе/не істеніз**

**Оқушыға қалам берінізші**

**Оған хабар айтыңыздар**

19-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

- а) Бер! Берші! [бер бер-ші]  
Беріңіз. Беріңізші. [бе-рі-ңіз/с бе-рі-ңіс/ш-ші]  
Қалам беріңізші. [қа-лам-бе-рі-ңіш-ші]
- ә) Бізге газет алыңызшы. Маған хат жаз. Кешіріңіз, ғапу етіңіз.  
Тамақ алыңыз, тамақ ішіңіз. Отырыңыз, кіріңіз!  
Сендер оған магнитофон беріндер, көрсетіндер. Сіздер оларға хабар айтыңыздар, жазыңыздар.

**ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:**

	III, IV, V	I, II
	I/II	I/II
мен	-айын/-ейін	-йын/-йін
сен	—	—
сіз	-ыңыз/-іңіз	-ңыз/-ңіз
ол	-сын/-сін	-сын/-сін
біз	-айық/-ейік	-йық/-йік
сендер	-ындар/-індер	-ндар/-ндер
сіздер	-ыңыздар/-іңіздер	-ңыздар/-ңіздер
олар	-сын/-сін	-сын/-сін

а) Үлгі бойынша жазыңыз. Оқыңыз.

не істеу? — не істе?

Үлгі: қарау — *қара*

жазу, сөйлеу, сену, бару, кешіру, келу, отыру, алу, дайындау, беру, айту, дайындалу, сөйлесу, көрсету, ұйықтау, отыру, бас-тау, кіру, аяқтау, ішу

- |                                     |            |            |
|-------------------------------------|------------|------------|
| а) (сен) кіру — кір                 | ә) ...     | I II       |
| (сен) отыру — отыр...               | не істе    | + -шы/-ші  |
| (сіз) алуыңыз — ал...               | кір        | + -шы/-ші  |
| (сіз) сөйлеуіңіз — сөйле...         | отыр       | кірші      |
| (сендер) беруіндер — бер...         | алыңыз     | отыршы     |
| (сендер) қарауындар — қара...       | беріңіз    | алыңызшы   |
| (сіздер) айтуыңыздар — айт...       | айтсын     | беріңізші  |
| (сіздер) көрсетуіңіздер — көрсет... | жазындар   | айтсыншы   |
|                                     | жазындаршы | жазындаршы |

ә) Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен барайын ба? Бүгін келейін. Қазір қарайын.  
Ол қазір барсын. Маған келсін. Жақсы қарасын.  
Біз барайық, оларға айтайық. Қазақша сөйлейік.  
Сендер келіндер, қарандар, сөйлендер.  
Сіздер бізге келіңіздер, кітаптар қараңыздар, сабақ дайындаңыздар.

б) Көп нүктенің орнына қажетті формасын жазыңыз.

Үлгі: (мен) кір... — *мен кірейін*

(сен) отыр..., (ол) отыр..., (сіз) ал..., (біз) ал..., (сіз) сөйле...,  
(олар) сөйле..., (сендер) бер..., (біз) бер..., (сендер) қара...,  
(мен) қара..., (сіздер) айт..., (мен) айт..., (сіздер) көрсет...,  
(ол) көрсет...

в) Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

не істе                      не істеме  
не жаса                      не жасама

Сіз оған бармаңыз, айтпасын. Мен қазір бармайын, ертең барайын. Сендер бармандар, сөйлемендер. Сен де айтпа, олар да айтпасын. Ол да көрсетпесін, олар да көрсетпесін. Біз бармайық, сіздер барыңыздар. Сіздер келмеңіздер, олар келсін.

20-тапсырма. Дауыстап оқыңыз, жазыңыз.

а) Үлгі: істе — *істемеңіз*

ал...сын, айт...ңызшы, кел...сін, көрсет...йін, бар...шы, іш...сін,  
бер...ңіздер, кір...ңіз, сөйле...сін, сен...ндер, қара...йықшы

- б) Мен оған айтпа...                      Біз бүгін барма...  
Сен маған қарама...                      Сендер кофе көп ішпе...  
Сіз қазір бастама...                      Сіздер оларға көрсетпе...  
Ол бізден алма...                      Олар оған жазба...

21-тапсырма. 1. Оқыңыз, назар аударыңыз.

- (Сен) Қалам бер. — (Сен) Қалам берші. — Мінеки, (сен) ал.  
— (Сіз) Қалам беріңіз. — (Сіз) Қалам беріңізші. — Мінеки, (сіз)  
алыңыз.

2. Диалогтарды оқыңыз, назар аударыңыз, жазыңыз, аударыңыз.

1. — Маған газет беріңізші!  
— Газет пе? Мінеки, алыңыз.— 2. — Магнитофон берші!  
— Жарайды, ал.—  
3. — Кешіріңіз, кітап алайыншы. 4. — Кешіріңіз—, айтыңызшы. Серік үйде ме?  
— Серік? Ол университетте.  
— Иә, әрине, алыңыз.— — Гапу етіңіз—, сау болыңыз—!  
— Жоқ, алмаңыз.—

5. — Қазақша-ағылшынша тілашар сатып алыңыз.— Бұл жаңа тілашар жақсы.  
— Жақсы ма? Жарайды, көрейін. Көрсетіңізші.  
— Міне, алыңыз.— Бұл кітап жаман емес, қараңыз.—  
— Иә, жақсы екен. Алайын, беріңізші.  
— Алыңыз.— Рақмет.  
— Сізге де рақмет.

6. — Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіз бе! Кіріңіз—, отырыңыз—.  
— Рақмет. Кешіріңіз—, сізден сұрауға бола ма?  
— Иә, әрине, сұраңыз—.  
— Айтыңызшы, сіздерде, бейнемагнитофондар бар ма?  
— Бейнемагнитофон ба? Жоқ, бізде магнитофондар бар, ал бейнемагнитофон жоқ.  
— Рақмет, гапу етіңіз—, сау болыңыз—!  
— Сау болыңыз—!

22-тапсырма. Диалогтарды толықтырыңыз. Оқыңыз.

1. — Кешіріңіз..., сізге не керек еді? 2. — Саған (...) керек пе?  
— Маған (...) керек. Айт..., — Иә, (...) керек. Маған...  
сізде (...) ... ма? — Мә, ...  
— Иә, (...) бар.  
— Маған (...) бер...  
— Міне, ал... (кітап, сағат, нан, дискета...)  
— Рақмет.

3. — Сәлеметсіз бе!  
— Амансың ба, қарағым!  
— Апа, үйге кір... отыр...  
Шай іш..., тамақ ал...!  
— Рақмет, айналайын.  
Шай бер..., ішейін.  
— Иә, міне, ал...  
— Шайға рақмет, балам.  
— Ас болсын, апа.

4. — Сәлем, бүгін Кино  
үйінде жақсы фильм бар,  
киноға бар...  
— Жарайды, бар... Маған да  
билет ал... Қазір ақша бер...  
— Жақсы, қазір бар..., билет  
сатып ал... Фильм сағат  
6.30-да, сен сағат 6.00 кел...  
— Иә, жақсы, 6.00 кел...

23-тапсырма. 1. Диалогты толықтырыңыз, не туралы екенін айтып беріңіз.

- Сәлеметсіз бе!  
— ...!  
— Маған жаңа жақсы сағат керек еді.  
— ... Міне, сағаттар, көріңіз.  
— Маған жақсы сағат ...  
— Мінеки, ...  
— Көп рақмет.  
— Сізге де ...  
— Сау болыңыз!  
— Тағы келіңіз. ...!

2. Сөйлемдерді толықтырыңыз. Тексті оқыңыз.

Маған жаңа магнитофон ... еді. Жақсы магнитофондар орталық ... бар. Сол жерден жаңа касеталар да алуға ... . Магнитофон, касета алуға сол дүкенге ... керек. Сөйлесейін, көрейін, бір жақсы магнитофон ... .

Керекті сөздер: *сатып алайын, керек, дүкенде, болады, бару, маған.*

3. Өзіңізге не алу керек екенін айтып беріңіз, жазыңыз.

24-тапсырма. Кімге не/не істеу керек екенін, оны жасауға бола ма/болмай ма, керекті нәрселер бар ма/жоқ па біліңіз, рұқсат сұрап, алыңыз.

- |                       |                           |
|-----------------------|---------------------------|
| Амандасу              | (Дүкенде. Көшеде.         |
| Не керек (айту)       | Класта. Жатақханада. Үйде |
| Бар ма/жоқ па (сұрау) | Деканатта. Кеңседе).      |
| Өтініш                |                           |
| Рақмет айту           |                           |
| Қоштасу               |                           |

## Тіл ұстарту

### ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

- Кешіріңіз. Маған көйлек керек еді.  
— Иә, жақсы көйлектер бар, міне, мына жерден қараңыз.  
— Мына көйлекті көруге бола ма?  
— Иә, болады. Міне, көріңіз.  
— Маған бұл көйлек жараса ма?  
— Жарасады, өдемі екен!  
— Онда сатып алайын.  
— Мінеки, алыңыз. Сізге көп рақмет!  
— Сізге де рақмет. Сау болыңыз.
- Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіңдер ме!  
— Ауылдағы қарындастарымызға сырға, сақина, білезік сатып алу керек еді. Қазір бізге қайда бару керек?  
— Сендерге сән дүкеніне бару керек. Ол жақын жерде.  
— Ол дүкен қайда, көрсетіңізші.  
— Ол Жібек жолы көшесінде. Бір аялдама жүру керек, одан кейін адамдардан сұраңыз, көрсетеді.  
— Көп рақмет.
- Алло, Марат, сөйлесу керек еді. Бүгін кездесейік.  
— Онда сен қазір кел, кейін үйде болмаймын.  
— Сенің үйіне қалай бару керек, троллейбустар бара ма?  
— Иә, троллейбусқа отыр да кел, мен аялдамадан қарсы аламын.  
— Жарайды, қазір келейін.  
— Мақұл, күтемін.
- Сізден сұрауға рұқсат па?  
— Иә, әрине.  
— Көк базар қай жерде? Қалай бару керек, айтыңызшы.  
— Маған да Көк базарға бару керек. Бірге барайық, сізге жол көрсетейін.  
— О-о, жақсы, рақмет.  
— Жарайды, жүріңіз.
- Сәлеметсіздер ме! Сіздерге не керек еді?  
— Бізге бір шай, бір кофе және екі шырын беріңізші.  
— Қазір әкелейін. Тағы не керек? Балмұздақ, сусын алыңыз!  
— Рақмет, керек емес.  
— Жарайды, бір минут күтіңіз, әкелейін.

## СӨЙЛЕСЕЙІК

- Танысыңыз сізді туған күніне шақырды. Сізге не істеу керек?
- Сабақ/жұмыс аяқталды. Сізге тамақтану керек. Сіз не істейсіз?
- Досыңызға бір кітап керек еді. Бұл кітапты қайдан алуға болады? Досыңызбен сөйлесіңіз.

### СӨЗДІК

ағылшын	бейнекамера	кассета	қошғасу	тамақ
амандасу	бейнемагнитофон	кеңсе	қызметші	теледидар
алу	диск	кеш	мақұл	телефон
анықтама	дискета	кешке	радио	турист
алару	емтихан	киім	рұқсат	түсінікті
Ас болсын!	енді	киоск	сағат	тілашар
ауыл	жарайды	Көк базар	сақина	уақыт
өдемі	жарасу	көйлек	сату	фильм
әрине	жолдас	көп	сөздік	хабар
өуежай	жоспар	көше	сусын	хат
бақылау	журнал	қазір	сырға	шырын
балмұздақ	жұмысы	қаратпа сөз	сән дүкені	ыдыс-аяқ
басылым	жіберу	қарындаш	іске сөт!	

## 9-САБАҚ

ҚАЖЕТ ЗАТТЫҢ НЕМЕСЕ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ  
НЕ ҮШІН/НЕ ІСТЕУ ҮШІН КЕРЕК ЕКЕНІН  
АЙТА БІЛУ ЖӘНЕ СҰРАЙ БІЛУ

*Маған хат жазу үшін қалам керек.  
Досыма билетке кассаға бару керек.  
Досымның билет алуы керек.*

1-тапсырма. Оқыңыз, тыңдаңыз, қайталаңыз.

Жазу үшін [жа-зу-ү-шүн]  
Хат жазу үшін [хат-жа-зу-ү-шүн]

Неге керек еді?/Не үшін керек еді?  
 Жазуға керек еді./Жазу үшін керек еді.

I/II

Ескерту. ет. т + -ға/-ге = ет. т. үшін

Кімге не істеу үшін не керек?

Кімге не не істеу үшін керек?

Маған жазу үшін қалам керек.

Студентке радио хабар тыңдау үшін керек.

2-тапсырма. 1. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

- Саған қалам, конверт хат жазу үшін керек пе?
- Маған қалам, конверт хат жазу, хат жіберу үшін керек.
- Сізге сөздік қазақша кітап оқу үшін керек пе?
- Маған сөздік қазақша кітаптар оқу үшін керек.
- Оған тілашар не үшін керек?
- Оған тілашар сөйлесу, түсіну үшін керек.

2. Тыңдаңыз, оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздерге теледидар не үшін керек?

Сендерге бейнемагнитофон не үшін керек? (фильм жазу, қарау)

Сәулеге магнитофон, кассета не үшін керек? (сабақ, музыка тыңдау, жазу)

Анарға теледидар фильм көру үшін керек пе? (“Хабар” көру)

3-тапсырма. 1. Оқыңыз, аударыңыз.

а) кімге	неге/не істеуге	не/не істеу	керек
Маған	хат жазуға	қалам	керек

Бізге	музыка	тыңдауға	магнитофон	керек
Студентке	сабақ	оқуға	оқулық алу	керек.
Оған	дәрі	алуға	дәріханаға бару	керек.

ә) кімге/қайда	не істеуге	не	не істе/не жаса
Емтиханға	дайындалуға	сөздік	апар/апарыңыз
Оған	хат жіберуге	конверт	әкел/әкеліңіз
Оларға	телефон соғуға	телефон	бер/беріңіз
Кітапханаға	сөздік алуға		бар/барыңыз
Деканға	сөйлесуге		кел/келіңіз

2. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Жарнама беру... газетке (бару). Бізге оқу... басылым (әкелу).  
 Сәулеге көрсету... журнал (апару). Апайға ішу... сусын (беру).  
 Анықтама алу... қызметшіге (бару). Шай ішу... бізге (келу). Са-  
 баққа дайындалу... кітапханаға (бару). Сөйлесу... маған (келу).

4-тапсырма. Диалогтарды толықтырыңыз. Диалогтар бойынша сөйлесіңіз.

- |                                  |                                   |
|----------------------------------|-----------------------------------|
| 1. — Сәлем!                      | 2. — Кітапханаға не үшін барасың? |
| — ...!                           | — Сөздік алу... ..                |
| — Ғалия, саған тілашар керек пе? | — Сөздік ... керек?               |
| — Жок, маған ...                 | — Емтиханға апаруға.              |
| — ...?                           | Бүгін бізде емтихан болады.       |
| — Серікке керек еді.             |                                   |
| — Оған тілашар не үшін керек?    |                                   |
| — ...                            |                                   |
| — А-а, жақсы, Серікке берейін.   |                                   |

5-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз. Жазыңыз.

Ү л г і: Оларға текст аудару үшін сөздік керек.

Маған	...	хат жазу	үшін	...
Саған	конверт	...	...	...
Сізге	кітап	...	...	...
Оған	тілашар	...	...	...

6-тапсырма. Сөйлемдер құраңыз және жазыңыз.

Ү л г і: Емтиханға апару үшін сөздік алыңыз.

Сәуле кассета жазу үшін музыка тыңдау.  
 концерт тыңдау Серік магнитофон алу үшін.  
 олар үшін теледидар көру хабар білу.  
 Телефон Марат сөйлесу үшін.

7-тапсырма. Қажетті сөздерді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз.

Ү л г і: Қалам және конверт не істеу үшін керек? —  
 Қалам және конверт хат жазу, хат жіберу үшін керек.

Кітап не істеу үшін керек?  
 Тілашар не істеу үшін керек?  
 Магнитофон және кассета не істеу үшін керек?  
 Теледидар не істеу үшін керек?  
 Телефон не істеу үшін керек?

Қажетті сөздер: *сөйлесу үшін, хабар көру үшін, оқу үшін, сөйлесу, түсіну үшін, музыка тыңдау үшін.*

**8-тапсырма.** Қажетті сөздерді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз. Жазыңыз.

Үлгі: Хат жазу үшін не керек? — *Хат жазу үшін қалам керек.*

Сөйлесу үшін не керек?  
Түсіну, сөйлесу үшін не керек?  
Оқу үшін не керек?  
Музыка тыңдау үшін не керек?  
Хабар көру үшін не керек?

Қажетті сөздер: *теледидар, кітап, магнитофон және кассета, телефон, тілашар.*

**9-тапсырма.** 1. Үлгіні пайдаланып диалог құрастырыңыз. Досыңызбен сөйлесіңіз.

Үлгі: — *Сәлеметсіз бе!*  
— *Сәлеметсіз бе!*  
— *Маған бес кассета керек еді.*  
— *Не үшін? (Неге?)*  
— *Музыка жазу үшін. Сізде бар ма?*  
— *Иә, музыка жазу үшін бізде жақсы кассеталар бар.*  
— *Маған беріңізші.*  
— *Мінеки, алыңыз.*  
— *Жақсы, рақмет.*

2. Оларға төмендегі заттар не үшін керек екенін жазыңыз.

Дискета, оқулық, радио, газет, бейнемагнитофон, бейнекамера.

**10-тапсырма.** Достарыңыздың ұсынысын жазыңыз. Олар не істеуге келеді?

Үлгі: Маған сөйлесуге кел. — *Ол сөйлесуге келеді.*

Оған журнал көруге бар.  
Бізге “Хабар” көруге келіңіз.  
Оларға хат алуға барыңыз.  
Әселге сабақ оқуға оқулық беріндер.  
Берікке музыка тыңдауға кассета алыңыздар.

**11-тапсырма.** Диалогты оқыңыз, аударыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

а) Сәлеметсің бе!  
— Сәлем!  
— Халің қалай?  
— Жақсы, рақмет.  
— Маған хат жазуға конверт керек еді. Сенде бар ма?  
— Жок, менде қазір конверт жок.  
— Кімнен алуға болады?  
— Серікте бар.  
— Ол қайда?  
— Ол қазір бөлмеде.  
— Жақсы, рақмет, қазір оған барайын.  
ә) Ол неге келді? Бұл затты не үшін сұрады?  
— Анар, маған жаңа фильм көру үшін бейнемагнитофон керек еді, берші!  
— Неге? Не үшін?  
— Жаңа фильм қарауға.  
— Бейнемагнитофон қазір Берікте, одан ал, жақсы ма?  
— Магнитофонға рақмет, сен де жаңа фильм көруге кел.  
— Рақмет, келейін.

**12-тапсырма.** Берілген диалог жүйесін пайдаланып досыңызбен әңгімелесіңіз.

I	II
Не істеу керек (сұрау)	Не істеуге/не үшін не істеу/не керек (айту)
Не үшін қайда бару керек (сұрау)	Зат бар ма (сұрау)
Сұраңыз (өтініш)	Кімде/қайда бар (сұрау)
Алу	Ол қайда (сұрау)
Рақмет айту	Рақмет айту

*Досыма билетке/билет алу үшін/ билет алуға кассаға бару керек. Досымның билет алуы керек.*

Баруы керек	[ба-ру-ү-ге-рек]
Алуы керек	[а-лу-ү-ге-рек]

Кімнің не істеуі керек?

Оның келуі керек.

Студенттердің көп оқулары керек.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Кім (кімнің кімі) кімге (кімнің кіміне)  
... + тәу. ж. + -ға/-ге -на/-не -а/е

	I/II		I/II
менің	-ым/-ім	-м	-а/-е
сенің	-ың/-ің	-ң	-а/-е
сіздің	-ыңыз/-іңіз	-ңыз/-ңіз	-ға/-ге
оның	-сы/-сі	-ы/-і	-на/-не
біздің	-ымыз/-іміз	-мыз/-міз	-ға/-ге
сендердің	-ың/-ің	-ң	-а/-е
сіздердің	-ыңыз/-іңіз	-ңыз/-ңіз	-ға/-ге
олардың	-сы/-сі	-ы/-і	-на/-не

13-тапсырма. а) Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

кімнің/ненің не істеуі керек  
досымның баруы  
әкемнің айтуы  
Абайдың жазуы  
қызметшінің келуі

Досыма билет керек еді.  
Оған кассаға бару керек.

Досыма билет сатып алу керек.  
Досымның билет сатып алуы керек.

ә) Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

Кімнің кіміне не/не істеу керек

Сіздің жолдасыңыз... билет керек пе? Менің жолдасым... билет керек емес. Сенің ағам... газет керек пе? Менің ағам... газет керек. Оның апасы... бару керек еді. Сіздердің аталарыңыз... айту керек пе еді? Біздің аталарымыз... айту керек еді. Олардың әкелері... көрсетуге бола ма? Олардың әкелері... көрсетуге болады.

б) Оқыңыз, аударыңыз.

Кімнің/ненің не істеуі керек

Менің баруым керек пе, оның келуі керек пе? Сіздердің баруларыңыз керек. Менің қазір баруым керек пе? Сенің қазір баруың керек. Сенің баруың керек емес, оның келуі керек. Сіздің 10.00 баруыңыз керек, 12.00 келуіңіз керек, ал сендердің 13.15

баруларың керек. 15.00 келулерің керек. Олардың бүгін барулары керек, ертең келулері керек. Оның баруы қажет, менің келуім керек емес.

14-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз. Олардың не істеуі/қайда баруы керек екенін жазыңыз.

Үлгі: Досыма билет керек еді. — *Досымның билет алуы керек.*

Жолдасымызға анықтама керек еді.  
Әкеңізге бір мәлімет керек еді.  
Әпкеңізге бір мақала керек еді.  
Ағасына машина керек еді.

15-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті форманы қойып жазыңыз.

Үлгі: кімнің? не/не істеуі?  
менің досымның анықтама дайындауы

менің әкем... газет оқуы, сенің досың... журнал алуы, сенің әкең... басылым сатып алуы, сіздің досыңыз... қағаз алуы, сіздің әкеңіз... мәлімет оқуы, оның досы... хат алуы, оның әкесі... мақала жазуы

16-тапсырма. Оларға қайда бару керек? Сұраққа жауап беріңіз, оқыңыз.

Үлгі: Досыма кассаға бару керек.  
Әпкең... дүкенге бару керек.  
Әкеңіз... киоскіге бару керек.  
Ағасы... фирмаға бару керек.

17-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлемдерді құраңыз, аударыңыз.

Оларға неге бару керек? Олардың не істеуі керек?

Үлгі: Досыма билетке бару Досымның билет сатып алуы керек.

Әпке... нан... бару... керек.— Әпке... нан... сатып алу... керек.  
Әке... газет... бару... керек.— Әке... газет... сатып алу... керек.  
Аға... машина... бару... керек.— Аға... машина... сатып алу... керек.

18-тапсырма. Диалогтарды толықтырыңыз. Оқыңыз, аударыңыз.

Үлгі: — Досыма билет керек еді. Оның не істеуі керек?  
— *Досымның кассаға баруы Билет сатып алуы керек керек.*

а) — Әпкеңе киім керек еді. Оның не істеуі керек?  
—... дүкенге ... Киім ...

ә) — Әкеңізге газет керек еді. Оның ...?  
—... киоскіге ... Оның ...

б) — Ағасына машина керек еді. ...?  
— ...

**19-тапсырма.** Сөйлемдер құраңыз. Оқыңыз, аударыңыз.

Кімге қайда/неге бару — Кімнің қайда/неге баруы керек?

Ү л г і: *Досыма билетке бару* — *Досымның билетке баруы керек еді.*

Әпкең...	киім сатып алу...	бару...	керек еді.
Ағаң...	дүкен...	бару...	керек еді.
Досыңыз...	фирма...	бару...	керек еді.
Әкеңіз...	машина...	бару...	керек еді.
Әкесі...	газет...	бару...	керек еді.
Ағасы...	киоскі...	бару...	керек еді.
Олар...	сатып алу...	бару...	керек еді.

**20-тапсырма.** Оқыңыз, аударыңыз. Қажетті сөздерді пайдаланып жауап беріңіз.

Ү л г і: *Досыма билет сатып алу керек еді. Қайда баруы керек?*  
*Досымның кассаға баруы керек.*

а) Әпкеңе киім сатып алу керек. Қайда баруы керек?  
ә) Әкеңізге газет сатып алу керек. Қайда баруы керек?  
б) Ағасына машина сатып алу керек. Қайда баруы керек?

Қ а ж е т т і с ө з д е р: *дүкен, касса, фирма, киоск.*

**21-тапсырма.** Кімге не істеу керек екенін айтып беріңіз, жазыңыз.

Ү л г і: *Досына оқулық керек еді. Оның не істеуі керек?*  
*Кітапханаға баруы керек, оқулық алуы керек.*

а) Апасына білезік керек еді. Не істеуі керек?  
ә) Хатшымызға бір анықтама керек еді. Не істеуі керек?  
б) Балаңызға дәптер керек еді. Не істеуі керек?

**22-тапсырма.** Диалогтарды толықтырыңыз. Досыңызбен сөйлесіңіз.

а) — Сәлеметсің бе!  
— ...

— Апамызға сүт, нан, тоқаш керек еді. ...?  
— Оған біздің азық-түлік дүкенімізге бару керек, тамақ сатып алу керек.  
— Рақмет. ...  
— Сау бол.

ә) — Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіз бе!  
— Достарымызға ...  
—... керек?  
— ...  
— Рақмет сізге, Сау болыңыз.  
— ...

б) — Сәлеметсіздер ме!  
—...!  
— Әкеме ...?  
— ... бару керек, ... алу керек.  
— Әкеңізге ... не үшін керек?  
— ... үшін керек.  
— Сізге рақмет. Сау болыңыз.  
— Сау болыңыз.

в) — ...?  
— Сәлем!  
— Халің қалай?  
— ..., ...  
— ... ағаларымызға ... керек еді. ... керек?  
— ... керек.  
— Жақсы, ... Сау бол.  
— ...

**23-тапсырма.** Берілген сөздерді пайдаланып шағын әңгіме айтып беріңіз.

Маған ...  
Досыма ...  
Маған және досыма ...

қайда?	не?	не істеу үшін?	бару керек
дүкенге	киім	сатып алу үшін	
киоскіге	басылым	тыңдау үшін	
кассаға	билет		
фирмаға	машина		
концертке	музыка		
университетке	сабақ		

24-тапсырма. Досыңызға не керек, ол зат не үшін керек екенін сұраңыз.

25-тапсырма. Үйіңізге немесе досыңызға хат жазыңыз, өзіңіздің керегіңізді айтып жазыңыз.

26-тапсырма. Күнделігіңізді толтырыңыз, не/не үшін керек екенін жазыңыз.

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ

1.— Әсел, маған бір кассета тыңдау үшін магнитофон керек еді. Берші.

— Неге? Не үшін?

— Бір концерт тыңдауға. Кешке жаңа кассета өкелемін.

— А-а, жарайды, өрине, ал.

— Рақмет, музыка тыңдауға өзің де кел.

— Жақсы, рақмет. Кешке саған келейін.

2.— Балам, дүкенге бару керек еді.

— Қазір баруым керек пе? Не алуым керек?

— Кешкі шайға сүт керек еді. Дүкенге сүтке қазір баршы.

— Жарайды, мақұл. Және көмпит алуға ақша берші.

— Міне, ал. Саған тамақ салуға сөмке керек пе?

— Иә, ақша, ыдыс, сөмке алуым керек. Дүкеннен сүт, нан, көмпит ... Тағы не сатып алайын? Тоқаш өкелейін бе?

— Жақсы, тоқаш өкел.

— Жарайды.

3.— Алло, мен кеңсенің жаңа хатшысымын. Әселмін. Баяндама жасауым керек еді. Баяндама қалай дайындалады?

— Баяндама жазу үшін қажетті мәлімет жинау керек.

— Мәлімет алу үшін не істеймін, қайдан аламын?

— Кеңсенің қызметшілеріне баруың керек, сөйлесуің керек, олардан анықтама алуың керек, содан кейін баяндама жазасың.

— Енді бәрі де түсінікті, көп рақмет. Қазір барайын да бастайын.

— Іске сәт! Кездескенше сау бол!

— Кездескенше!

4.— Кешіріңіз, сізден сұрауға бола ма?

— Иә, не керек еді?

— Ертең Мәскеуден қонақ күтеміз, қарсы аламыз. Ұшақтың келуі 6.30. Қарсы алу үшін қайда баруымыз керек, әуежайға ма, вокзалға ма?

— Әуежайға баруыңыз керек, ұшақ әуежайға келеді.

— Рақмет.

### II. СӨЙЛЕСЕЙІК.

1. Жеделхат алдыңыз:

“26.02. Алматыда боламын. 503-рейс. Таңертеңгі 6.30. Қарсы ал. Жұлдыз”. Не істеуіңіз керек?

2. Досыңыздың газетке хабарлама/жарнама беруі керек. Газетке жарнама беру үшін досыңыз не істейді? Қайда баруы керек? Не жасауы керек?

3. Ауылға қонаққа бара жатырсыз. Туысқандарыңызға не сатып аласыз? Балалар үшін не апарасыз? Үлкен кісілер үшін не апаруыңыз керек?

### СӨЗДІК

ақша	жақын	көрсету	сену
анықтама	жасау	күту	сүт
әуежай	жеделхат	қажет	тек
баяндама	жол	қарсы алу	тоқаш
бәрі	жүру	қызметті	туған күн
билет	зат	мәлімет	түсіну
бүгінгі	касса	мінеки	ұшақ
вокзал	көмпит	нан	үшін
дәптер	керек	нәрсе	хабарлама
дәріхана	кешіру	сатып алу	хатшы
дүкен	конверт	сөлемдесу	фирма
			шай



10-САБАҚ

ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАҒЫТЫН ЖӘНЕ  
МАҚСАТЫН АЙТА БЛУ ЖӘНЕ СУРАЙ БЛУ

*Досыма бара жатырмын.  
Досыма сыйлық апара жатырмын.  
Базардан келе жатырмын.  
Базардан азық-түлік әкеле жатырмын.*

1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Бара жатырмын [ба-ра-жа-тыр-мын]  
Апара жатырмыз [а-па-ра-жа-тыр-мыз]  
Келе жатырмын [ке-ле-жа-тыр-мын]  
Әкеле жатырмыз [ә-ке-ле-жа-тыр-мыз]

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

...+а/-е, -й

	I/II
III, IV, V	-а/-е
I, II	-й

а) бар +а/-е бар/а жатыр  
кел кел-е  
апар апар/а  
әкел әкел/е

ә) бар/ма/ +-й = бар/ма/й жатыр  
кел/ме/ кел/ме/й  
апар/ма/ апар/ма/й  
әкел/ме/ әкел/ме/й

2-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз, аударыңыз.

Бара жатыр ма? — Иә, бара жатыр.  
Келе жатыр ма? — Келе жатыр.  
Апара жатыр ма? — Жоқ, әкеле жатыр.  
Бара жатыр ма? — Бармай жатыр.  
Кім келмей жатыр? — Ол келмей жатыр.

Кім қайда/кімге бара жатыр/бара жатқан жоқ?  
Інім институтқа бара жатыр, үйге бара жатқан жоқ.  
Мен ағама бара жатырмын.

— Сабаққа кітаптар әкеле жатырсыздар ма?  
— Иә, кітаптар әкеле жатырмыз.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

мен	бара	жатыр	-мын	жатқан жоқ	-пын
сен	келе		-сың		-сың
сіз	апара		-сыз		-сыз
ол	әкеле		—		—
біз	бармай		-мыз		-пыз
сендер	келмей		-сыңдар		-сыңдар
сіздер			-сыздар		-сыздар
олар			—		—

3-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз.

а) — Сен келе жатырсың ба? — Сен апара жатқан жоқсың ба?  
— Мен келе жатырмын. — Мен апара жатқан жоқпын.  
— Сіз бара жатырсыз ба? — Сіз әкеле жатқан жоқсыз ба?  
— Мен бара жатырмын: — Мен әкеле жатқан жоқпын.  
Мен апара жатқан Мен әкеле жатырмын.  
жоқпын.  
— Ол әкеле жатыр ма? — Ол әкеле жатқан жоқ па?  
— Ол әкеле жатыр. — Ол әкеле жатқан жоқ.

ә) — Сендер келе жатыр- — Сендер апара жатқан жоқ  
сыңдар ма? сыңдар ма?  
— Иә, біз келе жатырмыз. — Біз апара жатқан жоқпыз.  
— Сіздер бара жатыр- — Сіздер әкеле жатқан жоқсыз-  
сыздар ма? дар ма?  
— Иә, біз бара жатырмыз. — Біз әкеле жатқан жоқпыз.  
— Олар әкеле жатыр ма? — Олар бара жатқан жоқ па?  
— Олар әкеле жатыр. — Олар бара жатқан жоқ.  
Олар әкеле жатқан жоқ. Олар бара жатыр.

4-тапсырма. Оқыңыз, жазыңыз.

а) Үлгі бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.  
Үлгі: Сіздер қазір бара жатырсыздар ма? — Иә, қазір  
бара жатырмыз.

Сен келе жатыр... ба? Мен әкеле жатқан жоқ... Сіз әкеле жатыр... ба? Мен апара жатқан жоқ... Сендер апара жатқан жоқ... ма? Біз әкеле жатыр... Ол келе жатқан жоқ па? Ол келе жатыр... Сіздер келе жатқан жоқ... ма? Біз бара жатыр... Олар бара жатқан жоқ... па? Олар бара жатыр...

ә) Үлгі бойынша сөйлемдерді құрастырыңыз.

Үлгі: *Досыма бара жатқан жоқпын, ағама бара жатырмын.*

(Біз) туысқандар	өріптестер
(Ол) таныс	көрші
(Мен) аға	іні
(Олар) әке-шеше	ата-әже

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

...+ | -нан/-нен  
| -дан/-ден  
| -тан/-тен

	I/II
-сы/-сі, -ы/-і; III — м, н, ң	-нан/-нен
I, II, III — р, л, й, у; IV — з, ж	-дан/-ден
IV — б, в, г, д; V	-тан/-тен

кім — кімнен	кім — кімнен
мен — менен	біз — бізден
сен — сенен	сендер — сендерден
сіз — сізден	сіздер — сіздерден
ол — одан	олар — олардан

бару — апару  
келу — әкелу  
кету — әкету  
үйрену  
білу  
есту  
алу

5-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз, жазыңыз. Оқыңыз.

кім кімнен/қайдан/неден келе жатыр/әкеле жатыр

Сіз... келе жатыр ма, олар... келе жатыр ма? Олар... келе жатқан жоқ, сіз... келе жатыр. О... келе жатырмын, сендер... келе жатқан жоқпын.

Сіз аудан... келе жатырсыз ба? Мен ауыл... келе жатырмын. Сен дүкен... ет, май әкеле жатырсың ба? Мен базар... азық-түлік

әкеле жатырмын. Сендер декан... келе жатырсындар ма? Біз мұғалім... келе жатырмыз. Сіздер туыстар... келе жатқан жоқ-сыздар ма? Біз апайлар... келе жатырмыз.

6-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

не/қайдан — несі/қайдан	келе жатыр әкеле
қала/дан — менің қалам/нан	
топ/тан — сенің тобың/нан	
көше/ден — сіздің көшеңіз/ден	
үй/ден — оның үйі/нен	
зал/дан — оқу залы/нан	
дүкен/нен — азық-түлік дүкені/нен	
ауыл/дан — досымның ауылы/нан	

7-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз, Жазыңыз.

Үлгі: *Мен кітап дүкенінен келе жатырмын.*

Азық-түлік дүкені... келе жатырмын.

Мен үй... келе жатырмын.

Оның үйі... келе жатырмын.

Мен ауыл... келе жатырмын.

Досымның ауылы... келе жатырмын.

8-тапсырма. Оқыңыз, жазыңыз, аударыңыз.

Үлгі: *(Мен) Менің досыма бара жатырмын. Досыма кітап апара жатырмын.*

(Мен) Оның әке-шеше... бара жатыр... . Әке-шеше... хабар апара жатыр...

(Сен) Біздің туысқан... бара жатыр... . Туысқан... хат апара жатыр...

(Біз) Біздің базар... келе жатыр... . Үй... азық-түлік әкеле жатыр... .

(Сіз) Оның аға... келе жатыр... . Дос... кассета әкеле жатыр... .

9-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз. Оқыңыз, аударыңыз.

Үлгі: *Киоскіден үйге бара жатырмын, газет апара жатырмын.*

Базар... үйі... бара жатыр..., көкөніс апара жатырсың.

Кітапхана... сабақ... бара жатыр..., кітап апара жатырсыз.

Үйі... достары... бара жатыр..., магнитофон апара жатыр.

10-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз. Жазыңыз.

Кімнен келе жатыр, не әкеле жатыр?

Үлгі: *Досымнан келе жатырмын, оқулықтар әкеле жатырмын.*

(Сенің) Туысқандар... келе жатырмын, хат әкеле жатыр...  
(Сіздің) Таныс... келе жатырмыз, кассета әкеле жатыр...  
(Менің) Әріптестер... келе жатыр..., тілашар әкеле жатыр...  
(Біздің) Көрші... келе жатыр..., хабарлама әкеле жатыр...  
(Сіздің, мен) Ата... келе жатыр..., газет әкеле жатыр...  
(Сенің, ол) Саяжай... келе жатыр... ма, жеміс әкеле жатыр... ма?  
(Олардың, сіз) Оқу залы... келе жатыр... ба, кітап әкеле жатыр... ба?  
(Біздің, ол) Шеберхана... келе жатыр..., магнитофон әкеле жатыр...

11-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

Үлгі: *Досымнан келе жатқан жоқпын, ағамнан келе жатырмын.*

Әке-шешелеріңнен ..., ... . Апаларымыздан ..., ... .  
Ағаларыңыздан ..., ... . Атамыздан ..., ... .  
Апаларымыздан ..., ... .

12-тапсырма. Үлгі бойынша сұрақтар қойыңыз, оларға жауап беріңіз. Оқыңыз, аударыңыз.

Үлгі: *Кімнен кімге бара жатырсыз? — (Мен) Досымнан ағама бара жатқан жоқпын, ағамнан досыма бара жатырмын.*

(біз)	қыздар	жігіттер
(олар)	балалар	оқытушы
(ол)	ата	әке
(мен)	сендер	олар

13-тапсырма. Бірінші үлгі бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз, екінші үлгі бойынша сөйлемдерді өзгертіңіз. Оқыңыз.

Үлгі: 1. Кімге бара жатырсыз, не апара жатырсыз?  
*Досыма бара жатырмын, сыйлық апара жатырмын.*

2. Кімнен келе жатырсыз, не әкеле жатырсыз?  
*Досымнан келе жатырмын, сыйлық әкеле жатырмын.*

Әке-шешесі... бара жатыр..., сурет апара жатырсын.  
Ағалары... бара жатырсыз, хат апара жатыр...  
Інілері... бара жатыр, базарлық апара жатыр...  
Үйі... бара жатыр..., азық-түлік апара жатырмыз.

14-тапсырма. а) Берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, үлгі бойынша сөйлемдер құраңыз.

қайдан/кімнен қайда/кімге не үшін/неге

Үлгі: *Біз қаладан ауылға қыдыру үшін бара жатырмыз. атамызға сәлемдесуге бара жатырмыз.*

Мен ... ..  
Апасы ... ..  
Студенттеріміз ... ..  
Інілерің ... ..

үйі	базар	сөйлесу	
сабақ	кітапхана	сәлем айту	бара жатыр
ауыл	декан	көкөніс сатып алу	
дәрісхана	туысқан	оқулық, сөздік алу	келе жатыр

15-тапсырма. 14-тапсырмада құралған сөйлемдер бойынша сұрақтар құрастырып, жауап беріңіз.

Үлгі: — *Сіз қаладан ауылға қыдыру үшін бара жатырсыз ба?*  
— *Иә, қаладан ауылға қыдыруға бара жатырмын.*  
— *Жоқ, қаладан ауылға қыдыруға бара жатқан жоқпын.*

16-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.

Үлгі: *Жатақханама досымнан сөздіктер әкеле жатырмын.*

Оқушылар ... ..  
Достарымыз ... ..  
Сіз ... ..  
Олар ... ..

қайда/кімге	қайдан	не	
Сабақ	институт	азық-түлік	әкеле жатыр
Үй	базар	кітаптар	апара жатыр
Пәтер	кітапхана		бара жатыр
Жолдас	жұмыс		келе жатыр

17-тапсырма. Берілген сөйлемдерді пайдалана отырып диалогтарды толықтырыңыз.

а) — Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіз бе!  
— Халіңіз қалай?  
— Жақсы, рақмет.  
— Қайда бара жатырсыз?  
— ... ..

- Әке-шешенізге көкөніс апара жатырсыз ба?
- Иә. Сіз қайдан келе жатырсыз?
- ... ..
- Не әкеле жатырсыз?
- ... ..
- Үйге ...?
- Иә, үйге бара жатырмын.
- Жақсы, сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

- ө) — Сәлеметсің бе!
- Сәлем!
  - Халің қалай?
  - Жақсы, рақмет.
  - ... ..
  - Фирмаға бара жатырмын.
  - ...?
  - Машина сатып алу үшін.
  - О-о! Өте жақсы.
  - ... ..?
  - Дүкеннен.
  - ...?
  - Сыйлық.
  - ...?
  - Ағама.
  - Өте жақсы. Жарайды, сау бол.
  - Сау бол.

Қажетті сөйлемдер:

*Ал, сен қайдан келе жатырсың? Қайда бара жатырсың?  
Не әкеле жатырсың? Кімге? Не үшін?*

18-тапсырма. Текстті оқыңыз, аударыңыз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Маған музыка тыңдау, сабақ оқу үшін магнитофон керек еді. Ол үшін дүкенге магнитофон сатып алуға баруым керек еді. Міне, қазір үйге дүкеннен келе жатырмын. Жаңа магнитофон әкеле жатырмын. Бұл өте жақсы магнитофон. Мен өте қуаныштымын.

Менде жақсы кассеталар әлі жоқ. Оны алу үшін “Заңғар” дүкеніне баруым керек, онда жақсы кассета алуға болады. Енді менде музыка тыңдау үшін де, сабақ оқу үшін де магнитофон бар.

- |                              |                                   |
|------------------------------|-----------------------------------|
| 1. Оған не керек еді?        | 7. Онда не жоқ?                   |
| 2. Не үшін керек еді?        | 8. Оның не істеуі керек?          |
| 3. Оның не істеуі керек еді? | 9. Оны қайдан алуға болады?       |
| 4. Ол қайдан келе жатыр?     | 10. Ол ертең таңертең не істейді? |
| 5. Ол қайда бара жатыр?      | 11. Енді оған не істеуге болады?  |
| 6. Магнитофон қандай?        |                                   |

19-тапсырма. Досыңызбен сөйлесіңіз. Қайда...? Қайдан...? деп сұраңыз.

20-тапсырма. Өзіңіз қайда, қайдан, не үшін т. б. бара жатқаныңызды айтып беріңіз. Шағын шығарма жазыңыз.

21-тапсырма. Күнделікті жүретін жолыңызды (Қайдан қайда бара/келе жатырсыз?) айтып беріңіз.

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

1. — Сәлеметсің бе!  
— Сәлеметсің бе!  
— Қайдан келе жатырсың?  
— Көршімнен келе жатырмын.  
— Көршіңнен не әкеле жатырсың?  
— Ыдыс-аяқ әкеле жатырмын.  
— Өзің қайда бара жатырсың?  
— Апама бара жатырмын.  
— Кімге?  
— Менің үлкен апама.  
— Апаңа не апара жатырсың?  
— Базардан келе жатырмын, жеміс апара жатырмын.  
— Жақсы, жолың болсын.  
— Рақмет, сау бол.
2. — Сәлем!  
— Сәлем!  
— Халің қалай, қайда бара жатырсың?  
— Университетке сабаққа бара жатырмын.  
— Мынау не? Сабаққа не апара жатырсың?  
— Газеттер апара жатырмын, бүгін газет оқимыз.  
— Ал сен ше? Өзің қайда бара жатырсың?  
— Мен кездесуге бара жатырмын.  
— Кіммен кездесуге бара жатырсың?  
— Бір таныс қыздарға бара жатырмын.  
— Оларға не апара жатырсың?

- Бірнеше фотосурет апара жатырмын.
- О, оның жақсы екен. Жарайды, көріскенше сау бол!
- Кездескенше сау бол!

3. — Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіз бе!  
— Халіңіз қалай? Қайда бара жатырсыз?  
— Рақмет, жақсы. Еліме бара жатырмын.  
— Еліңіз қайда, ауылда ма? Сонда бара жатырсыз ба?  
— Иә, ауылда. Ағайындарыма бара жатырмын.  
— Еліңізге не үшін бара жатырсыз?  
— Хат, сәлемдеме апару үшін бара жатырмын.  
— Өзіңіз қайдан келе жатырсыз?  
— Ауылымнан келе жатырмын.  
— Кімнен?  
— Туысқандарымнан келе жатырмын.  
— Не әкеле жатырсыз?  
— Ауылдың еті, майы.  
— Кімге?  
— Әке-шешеме.  
— Иә, дұрыс екен. Жақсы, сау болыңыз.  
— Сау болыңыз, жолыңыз болсын!

## II. СӨЙЛЕСЕЙІК.

1. Досыңыз университет кітапханасынан жаңа оқулықтар алуға бара жатыр. Сізге де бұрынғы кітаптарды тапсырып, жаңа кітаптарды алу керек еді. Сіз не істейсіз? Досыңызбен сөйлесіңіз.
2. Вокзал кассасының жанында бір танысыңызды кездестірдіңіз. Оның қолында жол сөмкелері, жүктері бар екен. Ол не істейді? Танысыңызбен сөйлесіңіз.
3. Көк базардың аялдамасында әжелер әңгімелесіп отыр. Олар не туралы сөйлесіп отыр?

### СӨЗДІК

ағайын	ет	көрші	сурет
аудан	жаны	қол	сыйлық
әңгімелесу	жеміс	май	тағыс
өрістес	Жолың болсын!	оқу залы	тапсыру
базарлық	жүк	пәтер	туысқан
дәрісхана	институт	сәлемдеме	фотосурет
ел	көкөніс	сөмке	шеберхана

## 11-САБАҚ

### ҚАЖЕТ ЗАТТЫҢ СЫНЫ, САПАСЫ, БАҒАСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ СҰРАЙ БІЛУ ЖӘНЕ АЙТА БІЛУ

*Маған әдемі көк қолшатыр керек.  
Мына қолшатырды көрсетіңізі.  
Қолшатыр қанша тұрады?*

1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Әдемі көк қолшатыр	[ә-де-мі-көк-қол-ша-тыр]
Мына қолшатырды	[мы-на-ғол-ша-тыр-ды]
Қанша тұрады?	[қан-ша-тұ-ра-ды]

### Ескерту!

<u>қандай</u>	<u>түсі қандай</u>	<u>не</u>
үлкен — кішкентай	көк	қолшатыр
жақсы — нашар	жасыл	киім
қымбат — арзан	қызыл	көйлек
жаңа — ескі	ақ	орамал
ұзын — қысқа	қоңыр	аяқ киім
кең — тар	қара	бас киім
алтын, күміс	сары	сағат, білезік
әдемі	сұр	сөмке

2-тапсырма. Оқыңыз, назар аударыңыз.

- |                     |    |   |
|---------------------|----|---|
| а) қандай           | не | — Не қандай?  |
| кішкентай ақ орамал |    | — Орамал кішкентай, ақ.<br>Ақ орамал кішкентай.<br>Кішкентай орамал ақ. |
| жақсы сағат         |    | — Сағат жақсы.  |
| тар аяқ киім        |    | — Аяқ киім тар.   |
| — Мынау не?         |    | — Бұл — кішкентай ақ орамал.  |
| — Орамал қандай?    |    | — Орамал кішкентай, ақ.   |
| — Бұл не?           |    | — Бұл — жақсы сағат.  |
| — Бұл сағат қандай? |    | — Бұл сағат жақсы, қолайлы.   |

ә) кімнің несі

Не кімдікі!

менің орамалым  
біздің бөлмеміз

Орамал менікі.  
Бөлме біздікі.

— Мынау не?

— Бұл менің орамалым.

— Бұл орамал кімдікі?

— Бұл орамал менікі.

— Анау орамал сіздікі ме?

— Жок, бұл орамал менікі емес, біреудікі.

кімдікі?

менікі	біздікі
сенікі	сендердікі
сіздікі	сіздердікі
оныкі	олардікі

	I/II
I, II	-нікі
III, IV	-дікі
IV — б, в, г, д; V	-тікі

3-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз.

- Менің жаңа үлкен сөздігім өте қолайлы. Ал анау сөздік жақсы ма? Ол кімдікі? Сіздікі ме?  
— Иә, менікі. Ол да жақсы.
- Мынау қолшатыр сенікі ме?  
— Жок, бұл қолшатыр менікі емес, ағамдікі.  
— Ал анау ше?  
— Ол менікі. Менің қолшатырым да қара, бірақ менікі кішкентай, мынадай үлкен емес.

4-тапсырма. Тыңдаңыз, назар аударыңыз, оқыңыз.

қай/қайсы? — ана/мынау/ бұл/ сол/ ол

қандай

қандай

онша ... емес

онша қымбат емес

өте ...

өте қымбат/өте қымбат емес

тым ...

тым қымбат/тым қымбат емес

5-тапсырма. Тексті оқып аударыңыз, соңындағы сұраққа жауап беріңіз.

Мен гүл базарына бір таныс қызыма гүл алуға келе жатырмын. Міне, гүл базарындамын. Оған қандай гүл алуға болады? Ана үлкен қызыл гүлдерден тандайын ба? Не мынау ақ гүлдерден алайын ба? Сол қызыл гүлдер тым қымбат екен, ал бұл ақ гүлдер мен үшін онша қымбат емес. Ана үлкен қызыл гүлдерден бір гүл алайын (бір гүл онша қымбат емес), ал мынау ақ гүлдерден төрт ұзын гүл сатып алайын. Бәрі бірге өте әдемі болады!

Сұрақ: *Оның алған гүлдері қандай?*

6-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып сөйлемдерді толықтырыңыз.

Үлгі: — Олардың не (қандай зат) сатып алуы керек?

— *Олардың онша үлкен емес қара сөмке сатып алуы керек.*

Бізге ... қолшатыр алуға бола ма?

Досымызға ... сыйлық апара жатырмыз.

Әпкелеріне ... көйлек өкеле жатыр.

Ағасына ... сағат жөндеу керек еді.

Студентке ... емтиханға дайындалу керек.

Түсі қандай?

қандай?

ақ — қара	үлкен — кішкентай	қымбат—арзан	емес
(онша/тым) сары,	ұзын — қысқа	әдемі	
жасыл, көк,	тар — кең	алтын, күміс	
ала, қызыл	жақсы — нашар/ жаман	жаңа—ескі	

7-тапсырма. Диалогтар құрастырыңыз.

Үлгі: Үлкен көк қолшатыр алуым керек.

— *Не алуың керек?*

— *Қолшатыр.*

— *Қандай?*

— *Онша үлкен емес қолайлы қара қолшатыр.*

Аяқ киім сатып алуға бара жатырмыз.

Досыма бас киім алуға келе жатыр.

Апаңызға орамал бар еді.

Інісіне папка сатып алсын.

Әжемізге білезік сатып алайық.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

сың есім +	-лау/-леу	I, II, III — р, л, й, у	I/II -лау/-леу	I/II -рак/-рек
	-дау/-деу	III — м, н, ң; IV	-дау/-деу	-ырак/-ірек
	-тау/-теу	IV — б, в, г, д; V	-тау/-теу	

8-тапсырма. Оқыңыз, көңіл аударыңыз.

Мына тілашар жақсы/жақсырақ/жақсылау  
Ана көйлек әдемі/әдемірек/әдемілеу  
Бұл ақша аз/азырақ/аздау  
Ол орамал үлкен/үлкенірек/үлкендеу  
Сол машина қымбат/қымбатырақ/қымбаттау  
Бұл жеміс-жидек көп/көбірек/көптеу

Сіздерде қолшатыр бар ма? — Қолшатырларды көрсетіңіз!  
Қолшатырың бар ма? — Қолшатырыңды берші!  
Оның қолшатыры қайда? — Оның қолшатырын әкеліңізші!

Не/негі не істеніз

Қолшатырды көрсетіңіз.  
Оның қолшатырын беріңіз.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

	I/II
I, II	-ны/-ні
III, IV	-ды/-ді
IV — б, в, г, д; V	-ты/-ті

	I/II
-ны/-ні	төу. ж. ... -сы/-сі +-н
... + -ды/-ді	... -ы/-і
-ты/-ті	

9-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

а) кім	кімді	кім	кімді
мен	мені	біз	бізді
сен	сені	сендер	сендерді
сіз	сізді	сіздер	сіздерді
ол	оны	олар	оларды

ә) кімді

апаны	әжені	+	әкелу
адамды	елді		тындау
қонақты	Серікті		көру
			білу
			апару

негі

қаланы	көшені	+	көрсету
базарды	дүкенді		қарау
кітапты	газетті		әкелу
			оқу

б) кімнің?

оның/олардың	машинасы/сөмкесі/сағаты/гүлі	несі?	алу беру
	машинасын/сөмкесін/сағатын/гүлін	несін?	

10-тапсырма. 1. Оқыңыз, аударыңыз

- а) — Айтыңызшы, сіздерде Алматының картасы бар ма?  
— Бар, міне, қараңыз.  
— Ана картаны көрсетіңізші.  
— Қай картаны? Мынаны ма?  
— Жоқ, ол емес. Анау үлкен Алматының картасын беріңізші.  
— Міне, алыңыз. Және мына кішкентай арзан картаны сатып алыңыз. Өте жақсы карта!  
— Көп рақмет.
- ә) — Кешіріңіз, мына артистердің суреттерін көрейінші.  
— Иә, әрине, көріңіз. Қай суретті берейін?  
— Роза Рымбаеваның суретін көрсетіңізші. Мына кішкентай суретті. Және Әлібек Дінішевтің анау үлкен суретін беріңізші.  
— Алыңыз, қараңыз. Тағы қай суреттерді қарайсыз?  
— Рақмет, мен мына суреттерді сатып аламын.
2. Досыңыздан керекті затты сұраңыз, алыңыз.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Неше?

100 — жүз	182 — жүз сексен екі
1000 — мың	293 — екі жүз тоқсан үш
1000000 — миллион	5111 — бес мың бір жүз он бір

Ескерту!

- а) 500=бес+жүз=бес жүз [бес/ш/-жүз/с]  
750=жеті+жүз+елу=жеті жүз елу [же-ті-жүз/с]  
961=тоғыз+жүз+алпыс+бір=тоғыз жүз алпыс бір  
2000= екі+мың=екі мың  
3800=үш+мың+сегіз+жүз=үш мың сегіз жүз  
4735=төрт+мың+жеті+жүз+отыз+бес=төрт мың жеті жүз отыз бес

ө) <u>неше?</u>	+	I/II	<u>нешеу?</u>
бір		-ау/-еу	бір/еу
екі			ек/еу
үш			үш/еу
төрт			төрт/еу
бес			бес/еу
алты			алт/ау
жеті			жет/еу
сегіз			сегіз —
тоғыз			тоғыз —
он			он —

11-тапсырма. а) Телефон нөмірін оқыңыз.

47-18-98=қырық жеті-он сегіз-тоқсан сегіз  
63-08-95=алпыс үш-нөл сегіз-тоқсан бес  
Телефон нөміріңіз қандай?— ... - ... - ...

ә) Досыңызға телефон нөміріңізді айтыңыз/Досыңыздан телефон нөмірін сұраңыз.

б) Мекен-жайыңызды айтыңыз/Досыңыздан сұраңыз.

Абылай хан даңғылы, 70-25; Тимирязев көшесі, 40 — 42

Қолшатыр қанша тұрады?

не қанша тұрады?

Қолшатыр 500 теңге тұрады.

12-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

(Не/нелер) Қанша тұрады? = (Оның/олардың) бағасы қандай? Бағасы қанша?

Қанша (тұрады)? =Неше теңге (тұрады)?

Машина 2000 доллар тұрады.

Көйлек 2500 теңге тұрады.

Сөмке 1800 теңге тұрады.

Гүл 750 теңге тұрады.

Сағат 1000 теңге тұрады.

13-тапсырма. Заттардың бағасы туралы диалогтар құрастырып, сөйлесіңіз.

а) — Мына үлкен қара машинаны көрсетіңізші. Ол қанша тұрады? Оның бағасы қанша? Бағасы неше доллар?  
— Бұл машина ...

ә) — Ана қызыл сөмкені беріңізші. Ол қанша тұрады? Оның бағасы қандай?

— Қай сөмке? Мынау ма? Бұл сөмкенің бағасы ...

... қолшатырды ... сағатты ... газетті ... кітапты  
... гүлді ... көйлекті ... орамалды ... білезікті

14-тапсырма. Үлгі бойынша диалог құрастырыңыз. Бағасын санап жауап беріңіз.

Үлгі: — Мына қара қолшатырды көрсетіңізші. Ол қанша тұрады?

— Ол 470 теңге тұрады.

Ана қызыл көйлектер... беріңізші. (2x1230 тг)

Сол қара сөмкелер... көрсетіңізші. (3x2750 тг)

Анау бір кішкентай алтын сағат... беріңізші (1x11270 тг)

15-тапсырма. Диалогтарды толықтырыңыз. Бірнеше заттың бағасын сұраңыз.

1. — Бірнеше қызыл гүл беріңізші. Ол гүлдің біреуі қанша тұрады? Ал үшеуінің бағасы қанша?

— ... (1= 150 тг)

2. — Анау машина... көрсетіңізші.

— Бірінші ақ машинаның бағасы ...?

— ... (1=350000 тг)

— Ал екінші сұр машина қанша ...?

— ... (1=197500 тг)

— Үшінші қара машина... ?

— ... (1=20150 тг)

— Біреуі ...? Екеуі ше? Үшеуінің ...?

— ... (...)

16-тапсырма. Берілген қажетті сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Саған қандай қолшатыр керек еді? Ол қанша тұрады?

Досыңа қандай гүл керек еді? Бағасы қандай?



Өпкеңе қандай көйлек керек еді? Бағасы қанша?  
Ағасына қандай сөмке керек еді? Неше теңге тұрады?  
Әлиге қандай машина керек еді? Қымбат па?  
Жанарға қандай сағат керек еді? Арзан ба?

Қажетті сөздер: *кішкентай алтын, әдемілеу көк, жақсы ақ, қымбат емес, әдемі қызыл, ұзындау қызыл, үлкенірек қара, арзан.*

**17-тапсырма.** Төмендегі қажетті сөздерді пайдаланып, диалогтарды толықтырыңыз.

1. — Маған үлкен сөмке керек еді. ...?  
— Иә, бар. ...?  
— Қара.  
— Мінеки.  
— Бұл сөмке жақсы екен! ...?  
— 1800 теңге тұрады.  
— Маған беріңізші.  
— Алыңыз. Рақмет. Тағы да келіп тұрыңыз.  
— Жақсы, рақмет. Сау болыңыз.

Қажетті сөздер: *түсі қандай сөмке керек; сіздерде бар ма; қанша тұрады.*

2. — ... . Сіздерде бар ма?  
— Иә, бар. ...?  
— ... .  
— Міне, көріңізші.  
— ... Машина жақсы екен! ... ?  
— 20 000 доллар тұрады. Алыңыз. Бұл жаңа және өте жақсы, әдемі машина.  
— Жақсы, мінеки 20 000\$.  
— Көп-көп рақмет! Тағы да келіп тұрыңыз!

Қажетті сөздер: *түсі қандай машина керек; иә, көрейін; маған жақсы машина керек еді; машина жақсы екен; қызыл.*

**18-тапсырма.** Диалогты толықтырыңыз. Ол не сатып алады? Қысқа жауап беріңіз.

- Маған кішкентай қолшатыр керек еді. ...?
- Иә, бізде қолшатыр бар. Түсі қандай қолшатыр керек еді?
- Түсі көк қолшатыр бар ма?
- Иә, бар.
- ...
- Мінеки, көріңіз.

- Қолшатыр әдемі екен. ...?
- 500 теңге тұрады.
- Жақсы, маған бұл қолшатырды беріңіз.
- ... . Сізге рақмет. Тағы келіп тұрыңыз!
- Рақмет.

**19-тапсырма.** а) Тексті оқыңыз.

Менің әкем күнде кешке жаңа газет, журнал оқиды. Бүгін де оған оқу үшін жаңа бүгінгі басылым алу керек. Басылым сатып алуға киоскіге мен барамын.

— Сәлеметсіз бе! Бүгінгі газеттерді көрсетіңізші.

— Қазақша жаңа газеттерден “Алматы ақшамы”, “Отан” және “Егемен Қазақстан” бар, басқа қазақша газеттер өлі жок. Бүгінгі орыс тіліндегі газеттерді де көріңіз. Қай басылымды аласыз?

Мен бірнеше газет, журнал сатып аламын, біреуі 10 тг тұрады, бұл қымбат емес. Екіншісі — 15 тг, үшіншісі — 25 тг. Үлкен бір журнал 250 тг тұрады. Бұл әдемі жаңа журнал арзан емес, қымбат, мен біреуін сатып аламын.

ә) Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мен әкеме нені әкелемін?
2. Бәрі бірге қанша тұрады?

**20-тапсырма.** Өзіңізге/достарыңызға не керек екенін айтып беріңіз.

**21-тапсырма.** Керекті заттарды қалай сатып алғаныңызды айтып беріңіз.

**22-тапсырма.** “Дүкенде”, “Фирмада”, “Базарда” деген тақырыптарға әңгіме жазыңыз.

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

1. — Сәлеметсіз бе!  
— Сәлеметсіз бе!  
— Маған әйелдер киімі керек еді. Оны қайдан көруге болады?  
— Біз әйелдер киімдерін сатамыз. Сізге қандай киім керек еді?  
— Маған анау ұзын қара көйлекті көруге бола ма?  
— Иә, ондай көйлектер бар.  
— Маған сол көйлектерді көрсетіңізші.

- Мінеки, мына жерден қараңыз.
  - Мына көйлектер қысқа екен. Үлкендеуі бар ма?
  - Бар, мінеки, көріңіз.
  - Бұл өте жақсы екен. Бұл көйлек қандай, қайдан өзі?
  - Анкарадан, Түркиянікі.
  - Қанша тұрады?
  - 4500 теңге тұрады.
  - Жақсы, аламын. Қазір ақшасын төлейін.
  - Ақшаңызды кассаға төлеңіз. Міне, көйлегіңізді алыңыз.
  - Жақсы, рақмет, сау болыңыз.
  - Сізге де рақмет. Тағы келіп тұрыңыз.
2. — Сіздерде алтын сырға бар ма екен? Маған сырғаларды көрсетіңізші.
- Қандайы керек, қай сырғаларды қарайсыз?
  - Жас қыз үшін кішкентай алтын сырға керек еді.
  - Мына сырғаны көріңіз, Сириянікі. Мынаны да қараңыз, бұл сырғалар Түркиядан. Не мынандай сырғаны алыңыз, бұл сырға Алматыдан, біздікі.
  - Бұл сырға әдемі екен, аламын. Бағасы қандай?
  - 5000 теңге тұрады.
  - Жарайды, маған соны беріңізші, алайын.
  - Мінеки, сырғаңызды алыңыз. Көп рақмет, келіп тұрыңыз.
  - Сізге де рақмет, сау болыңыз.
  - Сау болыңыз.
3. — Жеміс-жидектеріңізді көрейінші. Алмаларды көрсетіңізші.
- Қай алманы аласыз? Мына сары алма Ташкенттікі, ал анау қызыл алма біздікі, Алматынікі.
  - Иә, алмаларыңыз жақсы екен.
  - Міне, мынау Иранның алмасы. Басқа жемістерді де қараңыз.
  - Мына әдемі қызыл алманы алайын, анау сары алмұртты да беріңіз.
  - Алма, алмұрттарыңызды салып берейін бе?
  - Иә, рақмет. Бәрі қанша тұрады? Қаншаға бересіз?
  - Өте арзан! Алманы 100 теңгеге берейін, алмұрттың бағасы 120 теңге, бәрі бірге 220 теңге болады.
  - Иә, онша қымбат емес екен. Ақшаңызды алыңыз, рақмет.
  - Рақмет, сау болыңыз.

## II. СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Үйіңізге ертең қонақ келеді. Қонақтарыңызды қалай күтесіз? (Базардан жүзім, өрік, көкөніс сатып алыңыз).
2. Ініңіздің жылы бас киімі жоқ. Оның не істеуі керек? (Бас киім дүкенінен еркектердің бас киімін сатып алыңыз).

3. Ағаңыз күнде таңертең газеттерді оқиды. Ол не істейді? (Кискіден басылым сатып алыңыз).

4. Сатушымен сөйлесіңіз.

### СӨЗДІК

аз	даңғыл	кішкентай	орамал
ақ	егемен	қанша	орыс
ала	ең	қара	Отан
алмұрт	ескі	қолайлы	өрік
алтын	жасыл	қолшатыр	сары
арзан	жеміс-жидек	қоңыр	серік
аяқ киім	жүзім	қызыл	сұр
баға	карта	қымбат	тар
бас киім	кең	қысқа	төлеу
басқа	келіп тұр(ыңыз)	мекенжай	түс
бірақ	күміс	нашар	тым
бірнеше	күнде	онша	ұзын
гүл			ықшам

## 12-САБАҚ

ОРЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ОРЫНДАЛАТЫН  
ІС-ӘРЕКЕТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ АЙТА БІЛУ  
ЖӘНЕ СҰРАЙ БІЛУ

*Мен кеше магнитофон сатып алдым,  
ертең кассета сатып аламын.*

1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Сатып алдым [са-ты-п/б-ал-дым са-ты-бал-дым]  
Сатып аламын [са-ты-ба-ла-мын]

Кім қашан не істеді?

Мен кеше дүкенге бардым.  
Магнитофон сатып алдым.

**Кім қашан не істейді?**

Мен ертең дүкенге барамын.  
 Жақсы кассета сатып аламын.

Ескерту!

Кеше	кашан? таңертең күндіз кешке түнде	не істеді?	Ертең	кашан? таңертең күндіз кешке түнде	не істейді?
------	--	------------	-------	--	-------------

Бұрын	Кейін Қазір Бүгін Ылғи Үнемі	не істейді?
-------	--	-------------

**ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:**

бұрын ет. + -ды/-ді + ...  
 -ты/-ті  
 кейін ет. + -а/-е -й + -ды/-ді + ...

	I/II
I, II, III, IV	-ды/-ді
IV — б, в, г, д; V	-ты/-ті

мен	бар/ды/м	кел/ді/м	бара/а/мын	кел/е/мін
сен	бар/ды/ң	кел/ді/ң	бара/а/сын	кел/е/сін
сіз	бар/ды/ңыз	кел/ді/ізіз	бара/а/сыз	кел/е/сіз
ол/олар	бар/ды/—	кел/ді/—	бара/а/ды	кел/е/ді
біз	бар/ды/к	кел/ді/к	бара/а/мыз	кел/е/міз
сендер	бар/ды/ндар	кел/ді/ндер	бара/а/сындар	кел/е/сіндер
сіздер	бар/ды/ңыздар	кел/ді/іңіздер	бара/а/сыздар	кел/е/сіздер

**2-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз.**

кашан кім не істеді (істейді?)  
 Кеше таңертең мен дүкенге бардым, магнитофон сатып алдым.  
 Ертең таңертең мен дүкенге барамын, жақсы кассета сатып аламын.  
 Кеше күндіз маған достарым келді.  
 Ертең күндіз маған жолдасым келеді.  
 Кеше кешке біз музыка тындадық, әңгімелестік, өн айттық.

Ертең кешке біз музыка тындаймыз, әңгімелесеміз.  
 Кеше күндіз танысым концертке билет алды.  
 Ертең кешке ол концертке барады.

**3-тапсырма. Сөйлемдерді үлгі бойынша толықтырыңыз, жазыңыз, оқыңыз.**

Үлгі: Мен алмаймын, ол алады.  
 Мен алмадым, ол алды.

Мен ал...	Біз сөйле...
Сен көрсет...	Сендер көр...
Сіз қара...	Сіздер бер...
Ол жаз...	Олар сат...

**4-тапсырма. Сөйлемдер құрап жазыңыз.**

кім кашан не істеді, кашан не істейді?  
 Үлгі: Мен бұрын бардым, кейін де барамын.

Сен ...	тында... ,	...	тында...
Сіз ...	көр... ,	...	көр...
Ол ...	біл... ,	...	біл...
Біз...	оқы... ,	...	оқи...
Сендер...	әкел... ,	...	әкел...
Сіздер...	апар... ,	...	апар...
Олар...	көрсет... ,	...	көрсет...

**5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Сен кеше таңертең қайда бардың?
- Сіз кеше күндіз қайда бардыңыз?
- Мен кеше ...
- Ол кеше түнде қайда барды?
- Ол ...
- Сен ертең кешке қайда барасың?
- Сіз ертең таңертең қайда барасыз?
- Мен ертең ...
- Ол ертең күндіз қайда барады?
- Ол ...

**6-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып сөйлемдерді толықтырыңыз.**

Үлгі: Олар бұл кітапты кейін оқиды.

Мен қазір институтқа ...	Ол бұрын бұл әнді ...
Сен бұрын бұл кассетаны ...	Біз үнемі оларға ...
Сіз бүгін сабаққа ...	Сендер кейін ...

Қажетті сөздер: бару, алу, келу, тындау, өңгімелесу, айту, оқу, көру.

7-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлемдерді құрыңыз.

Үлгі: Олар бұрын бұл концертті тыңдады.

- ... бардым.
- ... алдың ба?
- ... келдіңіз бе?
- ... өңгімелестік.
- ... айттындар ма?
- ... бардыңыздар ма?
- ... алды.

8-тапсырма. Әрбір сөзге сұрақ қойыңыз.

Үлгі: Сіздер ертең бұл фильмді көресіздер.

- Кімдер ертең бұл фильмді көреді?* — Сіздер
- Қашан сіздер бұл фильмді көресіздер?* — Ертең
- Сіздер ертең нені көресіздер?* — Бұл фильмді.
- Сіздер ертең не істейсіздер?* — Фильмді көресіздер.

Мен кеше күндіз кітап дүкеніне бардым.  
Жаңа сөздік сатып алдым.  
Біз ертең кешке мәдениет сарайына барамыз.  
Жаңа концерт тындаймыз.

9-тапсырма. Сөйлемдерге сұрақтар қойыңыз.

Үлгі: Кеше таңертең мен базарға бардым, көкөніс сатып алдым.

*Қашан кім не істеді?*

Ертең таңертең мен дүкенге барамын, жақсы кассета сатып аламын.

Кеше күндіз маған достарым келді.

Ертең күндіз маған Мұхтар келеді.

Кеше кешке біз музыка тындадық, өңгімелестік, өн айттық.

Ертең кешке біз музыка тындаймыз, өңгімелесеміз.

Кеше күндіз Мұрат концертке билет алды.

Ертең кешке ол концертке барады.

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- |                          |                          |
|--------------------------|--------------------------|
| Сен кеше қайда бардың?   | Сен ертең қайда барасың? |
| Сіз кеше қайда бардыңыз? | Сіз ертең қайда барасыз? |
| Мен кеше ... бардым.     | Мен ертең ... барамын.   |

11-тапсырма. Сөйлемдерді үлгі бойынша құраңыз.

- |                                      |                         |                 |
|--------------------------------------|-------------------------|-----------------|
| кім?                                 | не істеді?              | не істемейді?   |
| Үлгі: Мен бұрын бардым,              | бардым,                 | енді бармаймын. |
| Сен ... бардың ба, ... бармайсың ба? | Біз ... бардық.         |                 |
| Сіз ... бардыңыз ба?                 | Сендер ... бардыңдар.   |                 |
| Ол ... барды ма, бармады ма?         | Сіздер ... бардыңыздар. |                 |
|                                      | Олар ... барды.         |                 |

12-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз, кім не істегенін айтыңыз.

Үлгі: Оқушы ылғи кітапханаға барады, жаңа кітаптарды алады.

- Қазір інім дүкенге бар..., жақсы сағат сатып ал...
- Бүгін маған достарым кел..., біз музыка тында..., өңгімелес....
- Одан кейін маған қонақтар кел..., біз өлеңдерді тында..., өн айт...
- Бұрын хатшымыз концертке билет ал..., ертең біз концертке бар...

13-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз (екінші бағандағы сөздерді пайдаланыңыз), сұрақ қойып, жауап беріңіз.

қашан?

Үлгі: Мен үнемі базарға, дүкендерге барамын.

- |                                       |            |
|---------------------------------------|------------|
| ... кітаптарды сатып аламын.          |            |
| ... көкөністі сатып алдым.            | Қазір      |
| ... достарым маған келді.             | Бүгін      |
| ... олар жемістерді әкелді.           | Ылғи       |
| ... маған туысқандарым келеді.        | Үнемі      |
| ... біз өндерді тындаймыз.            | Одан бұрын |
| ... студенттер өн айтты.              | Одан кейін |
| ... біз өңгімелестік, ақылдастық.     | Кеше       |
| ... әріптесіміз концертке билет алды. | Ертең      |
| ... ертең концертке барады.           |            |

14-тапсырма. Қажет сөздерді (аптаның аттарын) орнына қойыңыз

Үлгі: Кеше таңертең, жексенбі күні, үйде болдым, демалдым.

- |                     |                       |
|---------------------|-----------------------|
| Ертең таңертең, ... | оқулықтарды сатып ... |
| Бүгін таңертең, ... | спорт сарайына ...    |
| Ертең күндіз, ...   | Медеуге ...           |
| Кеше күндіз, ...    | достарыма ...         |
| Біз кеше кешке, ... | өн ...                |
| Біз ертең, ...      | музыка ...            |

15-тапсырма. Диалогтарға астыңдағы сөздердің тиістісін енгізіңіз.

- а) — Қандай жаңалық бар?  
— Кеше мен магнитофон ...  
— Қандай магнитофон?  
— Кішкентай магнитофон.  
— Ертең дүкенге ... , жақсы кассета ...  
— Құтты болсын!  
— Рақмет.

Қажетті сөздер: *сатып аламын, барамын, сатып алдым, бардым.*

- ә) — Кеше күндіз маған достарым ...  
— Сендер не істедіндер?  
— Біз музыка ... , өн ...  
— Ертең сен маған кел.  
— Біз не істейміз?  
— Музыка..., ...

Қажетті сөздер: *әңгімелестік, тыңдаймыз, келді, айттық, әңгімелесеміз, айтамыз, келеді, тыңдадық.*

16-тапсырма. Сөйлемдерді өз орнына қою арқылы диалогтарды құраңыз.

- а) — Кеше мен “Заңғарға” бардым.  
— 200 теңге  
— Не сатып алдың?  
— Рақмет.  
— Қандай?  
— Диктофон алдым.  
— Қанша тұрады?  
— Кішкентай, қолайлы.  
— Арзан екен, құтты болсын!
- ә) — Жақсы, ертең кешке саған барамын.  
— Не істедіндер?  
— Не істейміз?  
— Ертең сен маған кел.  
— Біз музыка тыңдадық, өн айттық, әңгімелестік.  
— Музыка тыңдаймыз, әңгімелесеміз.  
— Кеше достарым келді.
- б) — Ертең барады.  
— Кеше Мұрат концертке билет алды.  
— 250 теңге.  
— Қашан барады?  
— Билет қанша тұрады?

17-тапсырма. Диалогтарды оқыңыз, не туралы екенін айтып беріңіз. Бірінші (екінші) адамның атынан диалогты жазып беріңіз.

- а) — Сәлеметсің бе!  
— Сәлем.  
— Халің қалай?  
— Жақсы, рақмет.  
— Жаңалықтарың бар ма?  
— Иә, бар.  
— Қандай жаңалық бар?  
— Кеше мен магнитофон сатып алдым.  
— О-о. Жақсы. Қандай магнитофон?  
— Кішкентай, бірақ өте қолайлы.  
— Бағасы қанша? Қанша тұрады?  
— 2000 теңге.  
— Арзан екен, құтты болсын!  
— Рақмет. Ал сен қазір қайдан келе жатырсың?  
— Базардан. Үйге азық-түлік апара жатырмын. Енді қайда барасың?  
— Дүкенге.  
— Не үшін?  
— Кассета сатып алу үшін.  
— Жақсы, жарайды. Кездескенше.  
— Иә, жақсы, сау бол.

18-тапсырма. Тексті оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Бүгін мен ағама бара жатырмын, хат апара жатырмын. Қазір менің ағам осында фирмада жұмыс істейді, ал мен ҚазМУ-да дайындық факультетінде оқимын. Біз екеуміз өткен жылы Қазақстанға Америкадан келдік.

Ағама өткен айда өке-шешеміздің жаңа суреттері керек болды. Біз Америкаға хат жаздық. Кеше маған Америкадан өке-шешемізден хат келді. Онда ағама керек суреттер бар екен. Енді мен ол суреттерді ағама апарамын.

Жақында өкем Алматыға келеді екен. Ол қуанышты хабарды ағама айтамын. Келесі жазда өкем Алматыға келеді, біз мұражайға, Медеуге, орталық паркке барамыз. Бұл өте жақсы уақыт болады!

1. Ол кімге барады?
2. Не апарды?
3. Олар қашан келді?
4. Олар не істейді?

5. Ағасына не керек, олар не істеді?
6. Қашан, кімнен хат келді?
7. Онда не бар екен?
8. Ол ағасына не туралы айтады?
9. Әкелері Алматыға қашан келеді?
10. Олар қашан мұражайға, Медеуге, орталық паркке барады?

19-тапсырма. Диалогты оқыңыз. Мазмұнын айтып беріңіз.

- Алло, Мұхтарсың ба?
- Иә, мен Мұхтармын.
- Сәлем, Мұхтар. Мен Әлимін.
- А-а, Әли, халің қалай?
- Жақсы, рақмет. Мұхтар, ертең кешке маған кел.
- Не істейміз?
- Музыка тыңдаймыз.
- Сенде магнитофон бар ма?
- Иә, бар, кеше сатып алдым.
- О-о! Құтты болсын! Мен ертең кешке саған барамын, сенде жақсы кассеталар бар ма?
- Жок, ертең күндіз дүкенге кіремін, сатып аламын.
- Жақсы, менде де жақсы кассеталар бар, мен де апарамын.
- Жарайды. Сау бол. Ертең кездесеміз.
- Ертең кездескенше сау бол.

20-тапсырма. Диалог бойынша мазмұндама жазыңыз (Әлидің атынан, Мұхтардың атынан, басқа адамның атынан).

21-тапсырма. Досыңыз туралы сөйлесіңіз. Кеше не істеді, ертең не істейді?

22-тапсырма. Үнемі/ылғи не істейсіз, бүгін не істедіңіз? Өзіңіз туралы қысқа шығарма жазыңыз.

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

1. — Сәлеметсің бе!  
— Сәлеметсің бе!  
— Халің қалай? Қандай жаңалық бар?  
— Біз кеше күндіз тауға бардық.  
— Тауда не істедіңдер?  
— Тауларды араладық, таза ауада демалдық. Ертең тағы

барамыз, жақсы демалуға болады. Тауда тамақ ішеміз, ойнаймыз. Сен де барасың ба? Келесі жолы бірге барайық.

- Рақмет, қазір өлі білмеймін, ойланайын.
- Сен қазір қайдан келе жатырсың?
- Саяжайдан келе жатырмын.
- Онда не істедің?
- Саяжайда жұмыс істедім. Жеміс ағаштарды отырғыздым, одан кейін демалдым.
- Көп жұмыс істедің бе?
- Иә, көп жұмыс істедім. Ал енді кешір, қазір уақытым жоқ, кетуім керек еді. Саған телефон соғайын. Кейін сөйлесейік, жарай ма?
- Жақсы, көріскенше сау бол.

2. — Алло, бұл Әсет пе?  
— Иә, Әсетпін.  
— Сәлем! Халің қалай? Не жаңалық бар?  
— Мен саяхатқа барып келдім.  
— Қайда бардың?  
— Ақмолаға бардым.  
— Ақмолада қыдырдың ба, қаланы араладың ба?  
— Иә, араладым, бұл қала онша үлкен емес екен.  
— Ақмоладан не көрдің, не жаңалық өкелдің?  
— Достарыма көп жаңалық өкелдім, кітаптар сатып алдым.  
— О, жақсы. Мен ертең түсте саған барамын. Кездесейік, әңгімелесейік. Жақсы кітаптар бар ма?  
— Иә, жаңа қызықты кітаптарды өкелдім, көресің.  
— Жақсы, мен де жаңа басылым апарамын, саған көрсетейін. Шай ішейік, әңгімелесейік, сөйлесейік.  
— Жарайды, келістік. Сау бол.  
— Сау бол.

### II. СӨЙЛЕСЕЙІК.

1. Досыңыз өткен аптада демалыстан келіп, келесі аптада іс сапарға кетеді. Досыңызбен сөйлесіңіз.
2. Өткен аптада жазылған жоспарыңызды қараңыз. Не орындалды, не орындалмады? Келесі аптадағы жоспарыңыз туралы ағаңызбен ақылдасыңыз.
3. Шетелден саяхаттан қайтып келген ағайыңыздың үйінде отырсыз. Қонақтар туристік саяхат туралы сөйлесіп отыр. Әңгімелеріне қатысып, өз пікіріңізді айтыңыз.

СӨЗДІК

ақылдасу	келісу	мұражай	саяхат
аралау	концерт	ойнау	спорт сарайы
бұрын	күндіз	орталық	танертең
бірге	қайту	отырғызу	түнде
демалу	Құтты болсын!	өткен	шетел
кейін	қызықты	парк	үнемі
келесі (жолы)	мәдениет сарайы	пікір	ылғи
		саябақ	іссапар!

13-САБАҚ

**БІРІНЕН СОҢ БІРІ БОЛҒАН/БОЛАТЫН ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ  
БІРІНШІ ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ ЕКІНШІ ӘРЕКЕТТІҢ  
ОРЫНДАЛУ УАҚЫТЫН/ЖАҒДАЙЫН КӨРСЕТЕ АЛУ**

*Келесі аптада достарым маған келгенде,  
біз жаңа кассета тыңдаймыз.*

1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Келесі аптада	[ке-ле-сі-ап-та-да]
Өткен жексенбіде	[өт-кен-жек-сем-бі-де]
Келесі жексенбі күні	[ке-ле-сі-жек-сем-бі-гү-ні]

**ҚАШАН/КІМ НЕ ІСТЕГЕНДЕ/НЕ БОЛДЫ  
ҚАШАН/КІМ НЕ ІСТЕГЕНДЕ/НЕ БОЛАДЫ**

**Өткен жексенбіде концерт болды.  
Келесі аптада концерт болады.**

Өткен жексенбі күні концертке барғанда, біз жаңа өлеңдер тыңдадық.  
Келесі аптада достарым маған келгенде, біз жаңа кассета тыңдаймыз.

Ескерту!		<b>қашан?</b>
		дүйсенбіде
бұрын = өткен	дүйсенбі	дүйсенбі күні

кейін = келесі	күн	күні
	апта	аптада
	ай	айда
	жыл	жылы

Қашан болды? Өткен күні, өткен дүйсенбіде  
Өткен дүйсенбі күні, өткен аптада  
Өткен айда, өткен жылы → болды.

Қашан болады? Келесі күні, келесі дүйсенбіде  
Келесі дүйсенбі күні, келесі аптада  
Келесі айда, келесі жылы → болады.

2-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз.

- Бұл әншінің концертіне бұрын бардың ба?
- Иә, өткен жылы бардым.
- Оның концерттері келесі аптада сенбі, жексенбі күндері болады. Барасың ба?
- Бұл сенбіде бармаймын. Келесі жексенбіде барамын.

3-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Қашан не болады/не болды?  
Үлгі: *Ол өткен күні маған келді.*  
Біз ... күні жаңа опера тыңдаймыз.  
Олар ... жексенбі күні кездесті.  
Мен ... жылы Наурызда айтысқа барамын.  
Ол ... сенбі күні сөйлеседі.  
Сіз ... айда жаңа концерт тыңдайсыз ба?  
Сен ... аптада досыңды көрдің бе?  
Мен ... айда бейнемагнитофон сатып алдым.  
Сіздер ... жылы Науырыз мерекесіне бардыңыз ба?

4-тапсырма. Қажетті сөздерді пайдаланып сөйлемдерді толықтырыңыз.

Үлгі: *Олар өткен айда көрмеге барды.*

Біз ... жақсы концерт тыңдадық.  
Мен ... концертке билет сатып аламын.  
Мен ... досымды көрдім.  
Біз ... өңгімелесеміз.  
Ол ... газеттерді сатып алады.

Қажетті сөздер: *өткен сәрсенбіде, келесі сенбі күні, ертең, келесі жексенбіде, кеше, өткен аптада.*

5-тапсырма. Сөйлемдерді құрап жазыңыз.

	<u>Қашан</u>	<u>не</u>	<u>болды/болады?</u>
Ү л г і:	<i>Өткен жексенбіде</i>	<i>концерт</i>	<i>болды.</i>
	<i>Келесі сенбіде</i>	<i>қойылым</i>	<i>болады.</i>
	Өткен күні кездесу ...		... сенбіде болды.
	Келесі жылы Абайдың мерейтойы ...		... жұмада болады.
	Келесі аптада өн жарысы ...		... айда болады.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

... +	-ған/-ген -қан/-кен	I/II + -да/-де
		I/II
I, II, III, IV	-ған/-ген	
IV — б, в, г, д; V	-қан/-кен	

<u>не істе</u>	<u>не істеген</u>	<u>не істегенде</u>
бар	барған	барғанда
кел	келген	келгенде
жат (бара жатыр)	бара жатқан	бара жатқанда
біл	білген	білгенде
айт	айтқан	айтқанда
сөйлес	сөйлескен	сөйлескенде

6-тапсырма. Сөздерді өзгертіп жазыңыз.

а) Ү л г і: бар — *барған*

істе, істеме, тында, көр, келме, оқы, көрме, әкел, апар, оқы-  
ма, көрсет, соқ, болма, айт, біл, барма, хабарлас, бол, білме.

ә) Ү л г і: барған — *барғанда*

істеген, тындаған, көрген, оқымаған, әкелген, апарған, оқы-  
маған, көрсеткен, істемеген, соққан, айтқан, білген, хабарласқан,  
болған, ішкен, білмеген, айтпаған, болмаған, білмеген.

<u>қашан/не істегенде</u>	<u>не істейді/не істеді?</u>
Сабакка бара жатқанда, досымды	көремін/көрдім. көресің/көрдің. көресіз/көрдіңіз. көреді/көрді

7-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып оқыңыз.

Ү л г і: *Жолдастарың хабарласқанда, сенен сәлем айттым.*  
Біз концертке бар..., музыка тыңдаймыз.  
Театрға бара жат..., досыңызды көрдім.  
Шешемнен келе жат..., журналдарды сатып алдым.  
Достарым маған кел..., әңгімелесеміз.

8-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз.

Бір досымның туысқандары демалысқа Алматыға келді. Олар қалаға келгенде, мен Алматыда болған жоқпын. Бірақ өткен күні олар маған хабарласты, телефон соқты. Әңгімелескенде, олар досымнан сәлем айтты. Оны естігенде өте қуандым, оларға өте риза болдым. Келесі сенбі күні бос уақыттары болғанда, оларға қаланы көрсетемін. Алматыны аралаймыз. Бірге қыдырғанда, көбірек танысамыз. Жексенбіде олар үйіме қонаққа келгенде, отбасымды таныстырамын.

9-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Ү л г і: *Университеттен келе жатқанда, көршімді кездес-  
тірдім.*  
*Университетке бара жатқанда, көршімді кездес-  
тіремін.*

Концертке барғанда, ... Саған келгенде, ...  
Сабактан келе жатқанда, ... Үйге келе жатқанда, ...  
Кездесуден келе жатқанда, ...

10-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз. Оқыңыз.

Ү л г і: *Біз ертең кездескенде, әңгімелесеміз, ақылдасамыз.*  
Біз ..., жаңа өндерді тыңдаймыз.  
Мен ..., билет сатып аламын.  
Ол ..., жақсы кассета сатып алды.  
Мен ..., студенттерді көрдім.

11-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

Ү л г і: *Біз өткен жексенбі күні концертке барғанда, жаңа  
өлеңдер тыңдадық.*  
Қашан? — *Өткен жексенбі күні концертке барғанда.*  
Не істеді/не істейді? — *Жаңа өлеңдер тыңдадық.*

Мен өткен сенбіде театрға бара жатқанда, ағанызды көрдім.  
Кеше шешемізге бара жатқанда, дәрі сатып алдым.



Келесі сәрсенбі күні достарым маған келгенде, әңгімелесеміз.  
Інім ертең маған келе жатқанда, газет сатып алады.

**12-тапсырма.** Сөйлемдердің екінші бөлімін құрап жазыңыз.

Мен өткен жексенбіде мейрамханаға барғанда, ...  
Бүгін асханаға бара жатқанда, сіз ...  
Ол өткен аптада жұмысын бітіргенде, ...  
Келесі аптада көрмеге барғанда, біз ...  
Кеше сабақтан келгенде, сендер ...  
Таңертең орталыққа бара жатқанда, сіздер ...  
Келесі сенбі күні сабақтарын бітіргенде, олар ...

**13-тапсырма.** Сөйлемдерді құраңыз. Жазыңыз, оқыңыз.

**Үлгі:** *Кеше жексенбі болды. Мен өткен жексенбіде Медеуге бардым.*

*Ертең жексенбі болады. Мен келесі жексенбіде Медеуге барамын.*

Кеше	дүйсенбі болды. Біз ...	Ертең	жұма. Ол ...
	сейсенбі болды. Мен ...		сенбі. Олар ...
	сәрсенбі болды. Сіз ...		жексенбі. Біз ...
Бүгін	бейсенбі. Сен ...		

**14-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз, оқыңыз.

**Үлгі:** — Сендер қашан жаңа өлең тыңдадыңдар?  
— *Біз өткен сенбіде концертке барғанда, жаңа өлең тыңдадық.*

- Сіз қашан билет сатып алдыңыз?
- Сен қашан досыңды көрдің?
- Сендер қашан әңгімелесесіңдер?
- Інің қашан жаңа газеттерді сатып алады?
- Сіздер қашан кездесуге барасыздар?

**15-тапсырма.** Диалогтарды толықтырыңыз.

- a) — Сіздер қашан жаңа өлең тыңдадыңыздар?  
— Концертке барғанда.  
— Концерт қашан болды?  
— ...
- ә) — Билеттерді қашан сатып алдың?  
— ... сатып алдым.  
— Ол қанша тұрады?  
— 250 теңге.

**16-тапсырма.** Жақшада берілген сөйлемдерді пайдаланып, диалогты толықтырып оқыңыз.

- Сәлеметсің бе, Алмас!
- Сәлеметсің бе, Жанар!
- Алмас, досымды көрдің бе?
- Иә, көрдім.
- Қашан?
- ... көрдім.
- А-а, жақсы рақмет. Сау бол.
- Жарайды, сау бол.

*(Өткен сенбіде театрға бара жатқанда;  
Келесі сәрсенбіде концертке барғанда).*

**17-тапсырма.** Диалогты дауыстап оқыңыз.

- E: Сәлеметсің бе, Шолпан!  
Ш: Сәлеметсің бе, Еркін!  
E: Шолпан, қайдан келе жатырсың?  
Ш: Жұмыстан келе жатырмын. Өзің қайда бара жатырсың?  
E: Мен үйге бара жатырмын. Сен өткен жексенбі күні не істедің?  
Ш: Жексенбі күні концертке бардым. Концертке барғанда, жаңа өлеңдер тыңдадым. Концерт тамаша екен!  
E: Иә, бұл концерт өте жақсы, мен де сенбі күні бардым. Сен ертең не істейсің?  
Ш: Ертең қай күн?  
E: Бүгін дүйсенбі. Ертең сейсенбі болады.  
Ш: А-а, сейсенбі ме? Сейсенбіде театрда жақсы қойылым болады. Онда менің өпкем ойнайды. Театрға бара жатқанда ол үшін гүл сатып алуым керек.  
E: Білесің бе, орталық гүл базарында жақсы, өдемі гүлдер көп.  
Ш: А-а, жақсы, мен ертең театрға бара жатқанда базарға кіремін, өдемі гүл сатып аламын. Жақсы, саған рақмет. Сау бол.  
E: Кездескенше аман-сау бол.

**18-тапсырма.** Мына сөздерді пайдаланып астындағы сөйлемдерді толықтырыңыз.

қашан?  
қай күні?

*жексенбі күні  
бара жатқанда  
концертке барғанда*

қандай? не?

*өдемі гүл  
жақсы қойылым*

не істеді?  
тыңдады  
барды  
не істеуі керек?  
сатып алуы керек

не істейді?  
болады  
қайда?  
концертке  
театрға

Шолпан ... ..  
Ол ... , ... ..  
Сейсенбі күні ... ..  
Шолпанға ... ..

**19-тапсырма.** Досыңыз өткен аптада бір қызықты кездесуде болды. Келесі жолы қашан барады? Сол туралы сөйлесіңіз.

**20-тапсырма.** Жұмыстан үйіңізге келе жатқанда сіз қалай келесіз? Жолда не істейсіз? Досыңызға хат жазыңыз.

**21-тапсырма.** "Мәдениет сарайында", "Театрда", "Кино үйінде" деген тақырыптарда әңгіме айтып беріңіз/шағын шығарма жазыңыз.

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

- Сендер қашан суретке түстіндер?  
— Өткен аптада Қапшағайға барғанда.  
— Онда қалай екен?  
— Өте жақсы, әдемі екен.  
— Қапшағайға қашан бардыңдар?  
— Осы сенбі күні. Аптаның аяғында Қапшағайға автобустар Орталық автовокзалдан жүреді. Келгенде сол жерден билет алдық. Бара жатқанда автобуста да билет алуға болады.  
— Қапшағайға автобус билеті қанша тұрады екен?  
— Бір билет жүз теңге тұрады.  
— Қалай демалдыңдар?  
— О, өте жақсы демалдық. Біз келесі жолы барғанда, сен де бармайсың ба? Келесі демалыс күндері бірге барайық!  
— Жарайды, барайық. Келесі сенбіде, автовокзалға бара жатқанда маған телефон соғындар, мен де вокзалға келемін, сонда кездесейік. Жарай ма?  
— Жақсы, сенбі күні таңертең телефон соғайын. Сау бол.  
— Жақсы, келістік. Көріскенше сау бол.

- Сәлеметсің бе, Жанат!  
— Сәлеметсің бе, Қайрат!  
— Жанат, Мұраттың қарындасын көрдің бе?  
— Иә, көрдім.  
— Қашан көрдің?  
— Саяжайға бара жатқанда көрдім.  
— Сен саяжайға қашан бардың?  
— Өткен сенбіде бардым. Осы аптада барғанда да мен Мұраттың қарындасын көремін. Саяжайда көршіміз, сондықтан сенбі, жексенбі күндері жиі кездесеміз. Келесі жолы оны көргенде, оған не айтайын?  
— Менен сәлем айт. Алдағы күндері маған телефон соқсын, сөйлесу керек еді.  
— Жарайды, кездескенде айтайын.  
— Рақмет, көріскенше сау бол.  
— Сау бол.
- Сәлеметсің бе, Алма!  
— Сәлеметсің бе, Толқын!  
— Алма, қайда бара жатырсың?  
— Университетке сабаққа бара жатырмын. Ал өзің қайдан келе жатырсың?  
— Мен жұмыстан келе жатырмын.  
— Сен өткен сенбіде қайда бардың? Университеттен келе жатқанда, сені Абай көшесінде көрдім.  
— Мен Спорт сарайына бардым.  
— Онда не істедің?  
— Онда өте қызық кездесу кеші болды. Мен бұл өнші туралы көп естідім. Өткен аптада кездесу туралы естігенде, билет алдым.  
— Адам көп болды ма?  
— Иә, өте көп болды, кездесу кеші өте қызықты өтті. Келесі жолы сондай кездесу болғанда, саған айтамын. Сенің де оны көруің керек.  
— Жақсы, рақмет. Енді естігенде, барамын. Сау бол.  
— Сау бол.

### II. СӨЙЛЕСЕЙІК

- Оқушылардың арасында әншілер жарысы болады. Бұл жарысқа сіздердің жолдастарыңыз да қатысады. Олар сізге телефон соқты. (Сөйлесіңіз, жарыс туралы бәрін сұрап біліңіз.)
- Сіз келесі аптаға театрға билеттер сатып алдыңыз. (Досыңызды концертке шақырыңыз. Концерт туралы сөйлесіңіз.)

3. Ауылдан туысқандарыңыз келіп жатыр. Олардың біреуі жұмыспен (іссапармен) келді, басқасы қыдырып келді. Олармен әңгімелесіп отырсыз. Келесі аптадағы жоспарлар туралы сөйлесіңіз.

### СӨЗДІК

ай	бос	күн	ойлау
автобус	бітіру	көрме	өлең
автовокзал	жақында	қойылым	риза болу
алдағы	жарыс	қуану	театр
апта	жиі	мейрамхана	үй-іші
(...) аяғында	жыл	мерей тойы	хабарласу
әнші	жол	мереке	шақыру

### 14-САБАҚ

**НЕ ІСТЕГІСІ КЕЛЕТІНІ ТУРАЛЫ АЙТА БІЛУ,  
СҰРАЙ БІЛУ. БІРЛЕСІП ОРЫНДАЛАТЫН ӘРЕКЕТ  
ТУРАЛЫ АЙТА БІЛУ, СҰРАЙ БІЛУ.  
ІС-ӘРЕКЕТКЕ ӨЗІНІҢ ҚАТЫСЫН БІЛДІРЕ АЛУ.  
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫН  
ТҮСІНДІРЕ БІЛУ**

*Менің саяхатқа барғым келеді.*

*Саяхатқа досыммен барғым келеді.*

*Саяхатқа пойызбен барғымыз келмейді, өйткені  
пойыз ұнамайды, сондықтан ұшаққа билет аламыз.*

<u>Кімнің</u>	<u>не істегісі</u>	<u>келеді/келмейді?</u>
Менің саяхатқа	барғым	келеді/келмейді.

1-тапсырма. Дұрыс айтып үйреніңіз.

Менің барғым келеді,	[ме-нің бар-ғым-ге-ле-ді]
барғым келмейді.	[бар-ғым-гел-мей-ді]
Оның барғысы келеді.	[бар-ғы-сы-ге-ле-ді]

### ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

— Иә, (Менің) бар+ғы+м келеді	Ет.+	-ғы/-гі + төу. ж. келеді -қы/-кі	I, II, III, IV— з	V
	— Жоқ, (Менің) бар+ғы+м келмейді	Ет.+	-ғы/-гі+төу.ж. келмейді -қы/-кі	-ғы/-гі -қы/-кі
			барғы... сөйлегі... үйренгі... оқығы...	хабарласқы... кездескі... айтқы... кеткі...

2-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Менің барғым келеді/ келмейді	Біздің барғымыз келеді/ келмейді
Сенің барғың келеді/ келмейді	Сендердің барғыларың келеді/ келмейді
Сіздің барғыңыз келеді/ келмейді	Сіздердің барғыларыңыз келеді/ келмейді
Оның барғысы келеді/ келмейді	Олардың барғылары келеді/ келмейді

3-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Менің саяхатқа бар... .. , ал сендердің бар... ..  
Оның болашақта дәрігер бол... .. , ал менің дәрігер бол... ..  
Сенің университетте оқы... .. , ал оның оқы... ..  
Сіздердің ән айт... .. , ал біздің айт... ..  
Олардың пойызды күт... .. , ал сіздердің күт... ..  
Нұржанның Алматыда тұр... .. , ал Бекзаданың тұр... ..  
Біздің шетелде жұмыс істе... .. , ал Сәуленің жұмыс істе... ..

4-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

— Менің қазақша үйренгім келеді, ал сенің үйренгің келе ме?  
— Иә, үйренгім келеді.

Ескерту

— Сенің (сендердің)	... ..	келе ме?
Сіздің (сіздердің)	... ..	келе ме?
— Иә,	...	келеді.
— Жоқ,	...	келмейді.

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. а) — Сіздің қазақша-орысша сөздік сатып алғыңыз келе ме?  
— Иә, ...  
ә) — Мен Алматы қаласын араладым, ал сенің аралағың келе ме?  
— Иә, ...  
б) — Менің тамақ ішкім келеді. Сенің ше?  
— Жок, менің кофе ішкім келеді.
2. а) — Уолтердің Қазақстанда жұмыс істегісі келеді, сіздің ше?  
— ...  
ә) — Біздің аспирантурада оқығымыз келмейді. Сіздердің оқығыларыңыз келе ме?  
— ...  
б) — Хуан Самның болашақта тарихшы болғысы келеді. Ал сіздің ше?  
— ...  
в) — Сіздің досыңыздың кім болғысы келеді?  
— ...

6-тапсырма. Қандай сұрақ қойылғанын айтыңыз.

- а) — Сіздің ...?  
— Иә, менің қазақ тілін үйренгім келеді.  
ә) — Сендердің ...?  
— Иә, біздің Абайдың өлеңдерін оқығымыз келеді.  
б) — Нұржанның ...?  
— Жок, оның мұғалім болғысы келмейді, инженер болғысы келеді.

7-тапсырма. Диалогты оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- Рашид, сен әдетте бос уақытта не істейсің?  
— Кітап оқимын немесе музыка тындаймын.  
— Ал бүгін не істегің келеді?  
— Бүгін әке-шешеме хат жазғым келеді.

- Сұрақтар: 1) Рашид әдетте не істейді, бүгін не істегісі келеді?  
2) Досыңыздан әдетте не істейтінін, бүгін не істегісі келетінін сұраңыз.

8-тапсырма.

1. Сіздің театрға, мұражайға, концертке барғыңыз келеді. Досыңызға оны айтып, оның барғысы келе ме, сұраңыз.  
2. Сіздің болашақта кім болғыңыз келеді, қайда жұмыс істегіңіз келеді, айтыңыз. Достарыңызбен осы мәселе туралы сөйлесіңіз.

- Менің саяхатқа барғым келеді.  
— Қайда барғың келеді?  
— Түркістанға.  
— О-о-о, өте жақсы, кіммен бірге барғың келеді?  
— Досыммен бірге барғым келеді.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

-мен ... + -бен -пен	I, II, III.	IV— з, ж	IV— б, в, г, д V.
	-мен	-бен	-пен
досым + мен	баламен	қызбен	кітаппен
пойыз + бен	досыммен	бізбен	Серіктеспен
ұшак + пен	Жанармен	Гүлназбен	Талғатпен
	машинамен	пойызбен	ұшакпен

9-тапсырма. Оқыңыз.

- а) мен — менімен                      біз — бізбен  
сен — сенімен                      сендер — сендермен  
сіз — сізбен                      сіздер — сіздермен  
ол — онымен                      олар — олармен
- ә)
- | кім?     | кіммен?     | не?        | немен?        |
|----------|-------------|------------|---------------|
| мен      | менімен     | машина     | машинамен     |
| досым    | досыммен    | ұшак       | ұшакпен       |
| ағам     | ағаммен     | пойыз      | пойызбен      |
| Серіктес | Серіктеспен | автобус    | автобуспен    |
| Марат    | Маратпен    | трамвай    | трамваймен    |
| қыз      | қызбен      | троллейбус | троллейбуспен |

10-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

- Ү л г і: Кім кіммен/немен не істегісі келеді?  
не істейді/не істеді?

Менің досым... саяхатқа барғым келеді. Біздің пойыз... барғымыз келмейді. Мараттың сабаққа мұғалім... бірге дайында-лығы келеді. Қанипаның декан... сөйлескісі келеді. Оның біз... кездескісі келеді. Менің сіздің ағаңыз... танысқым келеді. Әпкеңнің сен... хабарласқысы келеді. Мен сіз... телефонмен хабарласамын. Ричард кеше елші... кездесті. Менің досым сендер... бірге оқиды. Шолпан Майра... бірге театрға бара жатыр. Біз Та-раз қаласына автобус... барғымыз келмейді, пойыз... барғымыз келеді.

11-тапсырма. Диалогтарды толықтырыңыз.

- а) — Менің саяхатқа барғым келеді. Сенің менімен бірге барғың келе ме?  
— ...
- ә) — Сенің саяхатқа немен барғың келеді?  
— ...
- б) — Сен қайда бара жатырсың?  
— Кездесуге бара жатырмын.  
— Кіммен кездесуге бара жатырсың?  
— ...
- в) — Шолпан қайда?  
— ...  
— Кіммен бірге кетті?  
— ...
- г) — Мен келесі айда Ыстықкөлге барамын.  
— О-о-о, тамаша! Кімдермен бірге барасың?  
— ...  
— Немен барасыңдар?  
— ...

12-тапсырма. Қандай сұрақ қойылғанын айтыңыз.

- а) — ...?  
— Мен базарға Гүлнармен бірге бардым.
- ә) — ...?  
— Ыстықкөлге досымның машинасымен бардым.
- б) — ...?  
— Иә, олардың бізбен бірге Түркістанға барғысы келеді.

13-тапсырма. Диалогты оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

*Менің Тараз қаласына барғым келеді, себебі тарихи ескерткіштерді көргім келеді.*

- Сәлем, Ғайни!  
— Сәлем, Жомарт!  
— Жомарт, мен Тараз қаласына барамын.  
— Неге?  
— Себебі онда тарихи ескерткіштер бар, соларды көру үшін барғым келеді.  
— О-о-о, тамаша! Менің де сенімен бірге барғым келеді. Сен қашан барасың?

- Осы демалыста.  
— Осы демалыста мен де бос боламын.  
— Тамаша, ендеше, бірге барайық!  
— Немен барамыз?  
— Пойызбен барайық, себебі автобус ұзақ жүреді.  
— Жақсы.

- Сұрақтар: 1) Ғайнидің қайда барғысы келеді, неге барғысы келеді?  
2) Ол кіммен бірге, қашан барады?  
3) Олар немен барады, неге?

- 14-тапсырма. 1. Сіздің әке-шешеңізбен бірге саяхатқа барғыңыз келеді. Оларға қашан, қайда барғыңыз келетінін айтыңыз және себебін түсіндіріңіз.  
2. Досыңыздың қай елдер мен қай жерлерді барып көргісі келетінін және себебін сұраңыз.

*Саяхатқа пойызбен барғымыз келмейді, себебі пойыз ұнамайды.*

Кімге	не	ұнайды/ұнамайды?
ағам	пойызбен жүру	ұнайды
маған	пойызбен жүру	ұнамайды
бізге	қазақ тілі	ұнайды
Ахметке	опера	ұнамайды

15-тапсырма. Оқыңыз.

Кімнің не істегісі келеді/не істейді, себебі не?

- Менің досыммен бірге саяхатқа барғым келеді, себебі бізге жер аралау ұнайды.  
Біздің саяхатқа пойызбен барғымыз келмейді, өйткені пойыз ұнамайды.  
Уолтердің Алматы қаласында жұмыс істегісі келеді, себебі оған Алматы ұнайды.  
Нұржан кітапты көп оқиды, себебі оған кітап оқу ұнайды.

16-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, кімге не ұнайды, себебін айтыңыз.

Үлгі: Еркін киноны көп көреді. *Себебі Еркінге кино көру ұнайды.*

Шолпан Моцарттың шығармаларын көп тындайды. Асқар ылғи Абайдың өлеңдерін оқиды. Гүлнар күнде түрлі тағамдар

пісіреді. Сұхраттың теледидардан футбол көргісі келеді. Дана-ның ағылшын тілін үйренгісі келеді.

**17-тапсырма.** Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Үлгі: *Хуан Сам саяхатқа көп барады, себебі оған жер аралау ұнайды.*

Алмат магнитофон сатып алды, себебі ...  
Куртистің домбыра үйренгісі келеді, өйткені ...  
Біздің саяхатқа пойызбен барғымыз келмейді, себебі ...  
Айдар радио тындамайды, себебі ...  
Біздің бұл сапарымыз сәтсіз болды, ...

**18-тапсырма.** Диалогтарды толықтырыңыз.

а) — Сіздің досыңызбен бірге саяхатқа барғыңыз келе ме?  
— Иә, ...  
— Неге?  
— ... жер аралау ұнайды.

ә) — Сіз саяхатқа немен барасыз?  
— Ұшақпен.  
— Не себепті?  
— ... пойыз, автобус ұнамайды, олар ұзақ жүреді.

б) — Мараттың бізбен кездескісі келеді.  
— Не үшін?  
— ... оның да саяхатқа барғысы келеді.

Кімге не ұнайды/ұнамайды, себебі не?

Бізге Алматы қаласы ұнайды, себебі ол әдемі қала.  
не істеу

Айдарға поезбен жүру ұнамайды, себебі ол ұзақ жүреді.

**19-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1) — Сізге саяхатқа шығу ұнай ма?

— ...  
— Неге?  
— ...

2) — Сізге қай мезгіл ұнайды?

— ...  
— Не себепті?  
— ...  
— Қай мезгіл ұнамайды?

— ...  
— Неге?  
— ...

3) — Сізге қандай гүл ұнайды?

— ...  
— Неліктен?  
— ...

4) — Сіз қандай жемісті жақсы көресіз?

— ...  
— Себебі не?  
— ...

5) — Сізге қандай музыка ұнайды?

— ...  
— Неге?  
— ...

**20-тапсырма.** Тексті оқып, "сондықтан" деген сөзді қалай түсінесіз, айтыңыз.

Менің Түркістанға саяхат жасағым келеді. Себебі Түркістанда Ахмед Иасауидің кесенесі бар және оның тарихи маңызы көп. Менің саяхатқа досыммен бірге барғым келеді. Біз саяхатқа пойызбен барғымыз келмейді, өйткені ол ұнамайды. Сондықтан ұшаққа билет аламыз.

**21-тапсырма.** Оқыңыз.

Кімнің не істерісі келеді/не істейді, сондықтан не істейді?

Менің сені ағаммен таныстырғым келеді, сондықтан бүгін үйге кел. Бүгін кешке концертке барамыз, сондықтан гүл сатып алу керек.

**22-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерді "сондықтан" жалғаулығы арқылы мағынасына қарай біріктіріңіз.

Бүгін ауа райы нашар.  
Мен жексенбі күні қонақ шақырамын.  
Кеше ауырдым.

Менің қазақша жақсы сөйлегім келеді.  
Әкемнің менімен сөйлескісі келеді.  
Інімнің сот болғысы келеді.

Сабаққа бармадым.  
Серуендеуге барғым келмейді.  
Бүгін азық-түлік сатып алуға баруым керек.  
Заң факультетіне емтихан тапсырады.  
Жазғы демалысымда ауылға барамын.  
Онымен кездесуім керек.

**23-тапсырма.** Диалогты оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- Алло!
- Алло!
- Сәлеметсіз бе! Маған Жомарт керек еді.
- Иә, мен тыңдап тұрмын. Шоқан, бұл сен бе?
- Иә, бұл менмін. Халің қалай?
- Жаман емес. Мен кеше ауырып қалдым, сондықтан сабаққа бара алмадым. Сен маған үй тапсырмасын айтшы.
- Жақсы, үй тапсырмасы онша көп емес. Сен дәрігерге бардың ба?
- Жок, барғым келмеді, себебі маған дәрі ішу ұнамайды. Мен ылғи әр түрлі дәрілік, шөптер қайнатып ішемін.
- Жақсы, ендеше, тезірек жазыл.
- Рақмет.

- Сұрақтар. 1) Жомарт неге сабаққа келмеді?  
2) Ол дәрігерге барды ма?

**24-тапсырма.** Сіздің Еуропаға барғыңыз келеді. Сіз досыңызға саяхатқа барғыңыз келетінін және неліктен барғыңыз келетінін айтып, оны саяхатқа бірге баруға шақырыңыз. Диалог құрастырып, қашан, немен баратындарыңызды және оның себептерін айтып беріңіз.

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗДАР.

1. — Сәлеметсің бе, Әли! Халың қалай?  
— Сәлеметсіз бе. Өз халыңыз жақсы ма?  
— Жақсы, рақмет.  
— Сен деканға бардың ба?  
— Деканға?.. Жок, барған жоқпын.  
— Деканның сенімен сөйлескісі келеді.  
— Не жөнінде сөйлескісі келеді, білмейсіз бе?  
— Білмеймін, қазір деканға бар.  
— Жарайды, жарайды, мен қазір деканға барайын.
2. — Сәлеметсің бе, Ибрагим?  
— Сәлем, Әли! Қашан келдің?  
— Бүгін келдім. Сен қашан келдің, Ибрагим?  
— Үш күн болды. Сен немен келдің?  
— Мен ұшақпен келдім. Ал сен ше, Әли?

— Мен ұшақпен Атырау қаласына келдім. Атыраудан Алматыға пойызбен келдім.

3. — Жун Фен, қайда бара жатырсың?  
— Аэропортқа бара жатырмын, досымды күтіп алғым келеді. Ол Пекиннен ұшақпен келе жатыр.
4. — Дженифер, кешке не істейміз? Қайда барамыз?  
— Менің театрға барғым келеді. Сенің ше?  
— О-о-о, менің де театрға барғым келеді, “Абай” операсын тыңдағым келеді.  
— Операға?.. Дженифер, менің де операны тыңдағым келеді, бірақ мен қазақша әлі жақсы білмеймін ғой, сондықтан операға емес, балетке барайық.  
— Жарайды, онда бірге балетке барайық.
5. — Михо, сен Жапонияға қашан барасың?  
— Жакында барамын, неге сұрадыңыз?  
— Менің Жапонияға саяхатқа барғым келеді, сондықтан сұрадым.  
— Өте жақсы, маған Жапонияның көктемі ұнайды. Сол кезде бару керек.  
— Менің де көктемде барғым келеді, себебі сакура гүлін көргім келеді.  
— Тамаша! Сакура гүлдеген кез — бізде өте жақсы мезгіл.
6. — Менің сені қонаққа шақырғым келіп еді, бірақ кездестіре алмадым. Сен қайда болдың?  
— Мен Жапонияға барып, демалып келдім.  
— О-о-о, Жапонияға бардың ба! Саған ұнады ма?  
— Маған өте ұнады, бірақ ауа райы ыстық екен.  
— Солай ма?  
— Иә, Жапония аралда орналасқан, сондықтан ауасы өте ылғалды.  
— Жапония әдемі ме?  
— Иә, табиғаты керемет әдемі. Қара, мынау менің суреттерім. Көресің бе?  
— Иә, көрсетші. Өте әдемі сурет! Мынау қасындағы кім?  
— Бұл — Михо. Біз онымен бірге оқимыз.  
— Мынау сакура гүлі ме?  
— Иә.  
— Өте нәзік, тамаша гүл. Менің де Жапонияға барғым келеді, бірақ қазір уақытым болмай жүр.

## II. СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Демалыс күндері жақындады, демалыс уақытында сіз не істегіңіз келеді? Себебін түсіндіріңіз.
2. Төмендегі сөйлеу үлгілерін пайдалана отырып, бүгін не істегіңіз келетінін айтыңыз.

Бүгін ауа райы жақсы, сондықтан ...  
Бүгін ауа райы нашар, сондықтан ...  
Менің уақытым жоқ, сондықтан ...  
Бүгін көңіл-күйім жақсы, сондықтан ...

3. Сізді саяхатқа шақырды, бірақ сіз бара алмайсыз. Себебін айтыңыз.
4. Сіз туған күн тойына сыйлық алдыңыз, неліктен бұл сыйлықты таңдап алдыңыз?

### СӨЗДІК

аздап	ескерткіш	нашар	серіктес
арал	жазылу	нөзік	сондықтан
аралау	жасау	неліктен	тағам
ауа райы	кездестіру	өйткені	тез
ауыру	кездесу	өлең	ұшак
әдет	кесене	пісіру	хабарласу
әдетте	құқық қорғау	салдар	шақыру
әрекет	құрастыру	сапар	шөл
әр түрлі	күтіп алу	саяхат	ылғал
бос уақыт	маңыз	саяхатқа шығу	ылғалды
бірлесу	мезгіл	сәтсіз	ылғи
демалыс	мұражай	себеп	істеу

## 15-САБАҚ

БЕЛГІЛІ БІР ІС-ӘРЕКЕТТІ ІСТЕЙ АЛАТЫНЫ  
НЕМЕСЕ ІСТЕЙ АЛМАЙТЫНЫ ТУРАЛЫ АЙТА  
БІЛУ ЖӘНЕ СҰРАЙ БІЛУ.  
БЕЛГІЛІ БІР ІС-ӘРЕКЕТТІ ОРЫНДАУҒА НИЕТ  
БІЛДІРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫНДАЛУ, ОРЫНДАЛМАУ  
СЕБЕПТЕРІН ТҮСІНДІРЕ БІЛУ

*Мен қазақша сөйлей аламын.  
Мен кітапханаға барайын деп едім,  
бірақ бара алмадым, себебі уақытым болмады.*

Кім не істей алады	не істей алмайды
Мен қазақша сөйлей аламын	сөйлей алмаймын

1-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

Мен қазақша сөйлей аламын. [... сөй-лей-а-ла-мын]  
Мен кітап бере аламын. [... бе-ра-ла-мын]  
Мен өлең айта аламын. [... ай-та-ла-мын]

### ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Ет. +-а/-е/-й ал+а+жік.ж.

Ет. +-а/-е/-й ал+ма+й+жік.ж.

2-тапсырма. Оқыңыз.

не істеу?	не істей алу?	не істей алмау
сөйлеу	сөйлей алу	сөйлей алмау
көмектесу	көмектесе алу	көмектесе алмау
көрсету	көрсете алу	көрсете алмау
аудару	аудару алу	аудару алмау
түсіндіру	түсіндіре алу	түсіндіре алмау
жазу	жаза алу	жаза алмау
оқу	оқи алу	оқи алмау

3-тапсырма. Тыңдаңыз, оқыңыз, қайталаңыз.

Сіз қазақша сөйлей аласыз ба? — Иә, (мен) сөйлей аламын.  
Сен қазақша сөйлей аласың ба? — Жоқ, (мен) сөйлей алмаймын.



- Сіздер орысша сөйлей аласыздар ма? — Иә, (біз) сөйлей аламыз.  
 Сендер орысша сөйлей аласындар ма? — Жоқ, (біз) сөйлей алмаймыз.  
 Ол (олар) ағылшынша сөйлей ала ма? — Иә, ол (олар) сөйлей алады.  
 Жоқ, ол(олар) сөйлей алмайды.

Қай тіл	қай тілде?	қалай сөйлей алады?
қазақ тілі	қазақ тілінде/қазақша	еркін сөйлей аламын
орыс тілі	орыс тілінде/орысша	жақсы сөйлей аламын
ағылшын тілі	ағылшын тілінде/ ағылшынша	аздап сөйлей аламын
неміс тілі	неміс тілінде/немісше	онша сөйлей алмаймын
түрік тілі	түрік тілінде/түрікше	мүлдем сөйлей алмаймын

**4-тапсырма.** Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Сен қазақша еркін сөйле... Мен сізге көмектес... Сіз орысшадан қазақшаға жақсы аудар... Ол ағылшын тілінде аздап түсіндір... Ағам қонақтарға қаланы көрсет... Біз қашан кездес...?

**5-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

- а) — Сіздер ағылшын тілінде сөйле... ?  
 — Иә, ...  
 ә) — Сіз түрікше оқ(ы)... ?  
 — Иә, еркін ...  
 б) — Досыңыз қазақша өлең айт... ?  
 — Иә, ол қазақша өте жақсы ...  
 в) — Сіз жапон тілінде сөйле... ?  
 — Жоқ, мүлде ...  
 г) — Сіз орысша сөйле... ?  
 — Жоқ, онша ...  
 ғ) — Сіз бүгін театрға бар... ?  
 — Жоқ, ...

**6-тапсырма.** Үлгі бойынша сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: *Мен саған кеше көмектесе алмадым, ренжіме, бүгін көмектесейін, бос уақытым бар.*

Өткен жексенбіде (кездесу), енді келесі сенбіде кездесейік. Бүгін ауа райы жақсы, сондықтан паркке қыдыруға (бару). Кен-жегүл бірнеше музыкалық аспапта (ойнау), себебі ол музыка

мектебінде оқыды. Ол қазақша еркін (сөйлеу), себебі қазақ тілін Қазақстанда үйренді. Дана коньки (тебу), ал шаңғы (тебу), себебі оған шаңғы тебу ұнамайды.

**7-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

- а) — Сіз қай тілдерде сөйлей аласыз?  
 — ...  
 — Қалай сөйлей аласыз?  
 — ...  
 ә) — Сіз домбырада ойнай аласыз ба?  
 — ...  
 — Жақсы үйренгіңіз келе ме?  
 — ...  
 б) — Сіз өлең айта аласыз ба?  
 — ...  
 — Қай тілдерде айта аласыз?  
 — ...  
 в) — Сіз коньки тебе аласыз ба?  
 — ...  
 — Ал шаңғы ше?  
 — ...

**8-тапсырма.** Суретке қарап отырып, досыңыздан сұраңыз.

Үлгі: Ол өлең айтады. — *Сен өлең айта аласың ба?* немесе — *Сіз өлең айта аласыз ба?*



Ол суда жүзеді.



Ол машина жүргізеді.



Ол сурет салады.




Ол күйсандықта ойнайды.




Ол билейді.

9-тапсырма. Сіз бүгін бұл іс-әрекеттерді орындай аласыз ба?  
Егер орындай алмасаңыз, себебін айтыңыз.



Ол бүгін театрға барады,  
себебі билет сатып алды.



Ол бүгін кітапханаға барады.



Ол бүгін паркке барады.

10-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлем құрастырыңыз. Көп нүктенің орнына **бірақ, себебі/өйткені, сондықтан** сөздерінің тиістісін қойыңыз.

Үлгі: *Медеуге барғым келеді, бірақ бара алмаймын.  
Себебі уақытым жоқ.*

Ағамның қонақтарға қаланы көрсеткісі келеді, ... көрсете алмайды. ... машинасы жүрмейді. Менің сізге көмектескім келеді, ... көмектесе алмаймын. ... ертен емтихан болады, дайындауым керек. (Біздің) сіздердің тойларыңызға барғымыз келді, ... мен ауырып қалдым. ... бара алмадық. Мен ағылшын тілінде сөйлей аламын, ... жаза алмаймын. ... жазуды үйренгім келеді.

11-тапсырма. Диалогтарды толықтырыңыз.

1. — Сіз Қазақстан қонақ үйінде тұрасыз ба?  
— Иә, сонда тұрамын.  
— Алматыны араладыңыз ба?  
— Жок, әлі ... . Бүгін Медеуге барғымыз келді, бірақ ... ,  
себебі ауа райы жақсы емес.  
— Өкінішті. Сіз коньки ... ба?  
— Онша ... , сіз маған ... ?  
— Әрине, Медеуге барғанда үйретейін.  
— О-о-о, тамаша!

2. — Маған тексті қазақшаға аудару керек еді, бірақ мен жақсы ... . Михо, сіз маған ...?  
 — Әрине, ..., бірақ бүгін ..., себебі ертең емтихан болады, дайындалуым керек. Сіз маған ертең түстен кейін ...?  
 — Жақсы, мен ертең түстен кейін сізге барайын.  
 — Ендеше, ертең мен сізді күтемін.

12-тапсырма. 1. Сізді серуендеуге (Медеуге, театрға, тойға) шақырды. Ал сіз бара алмайсыз. Себебін түсіндіріңіз.

себебі | ауа райы нашар  
 | қолыңыз бос емес  
 | ауырып тұрсыз  
 | көңіл-күйіңіз жоқ  
 | үйіңізге қонақ келеді

2. Сізден қаланы көрсетуді өтінді. Сіз қазір көрсете алмайсыз, себебін айтып түсіндіріңіз және қашан көрсете аласыз, айтыңыз.

— Бекет, бүгінге қандай жоспарың бар?  
 — Мен бүгін кітапханаға барайын деп едім, бірақ бара алмаймын, себебі қолым бос емес.

13-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

Мен барайын деп едім. [... ба-ра-йын-де-бе-дім]  
 үйренейін деп едім [... үй-ре-не-йін-де-бе-дім]

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Ет. +-айың/-йын деп еді+жік.ж. -ейін/-йін
(Мен) бар+айын деп еді+м

14-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен барайын деп едім. Біз барайық деп едік.  
 Сен барайын деп едің. Сендер барайық деп едіңдер.  
 Сіз барайын деп едіңіз. Сіздер барайық деп едіңіздер.  
 Ол барайын деп еді. Олар барайық деп еді.

15-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Үлгі: Біз бүгін киноға барайық деп едік, бірақ бара алмаймыз, себебі билет жоқ екен.

Мен аэропортқа билетке ..., бірақ бара алмаймын, себебі уақытым жоқ. Менің ағам ауылдан Алматыға ..., бірақ келе алмады, себебі жұмысы көп болды. Біз Роза Рымбаеваның әндерінің таспасын ..., бірақ сатып ала алмадық, себебі дүкен жабық болды. Мен биыл еліме ..., бірақ бара алмаймын, себебі емтихан тапсырамын. Мен бүгін шашымды қысқарту үшін шаш-таразға ..., алайда әлі де ойланғым келеді, себебі шашты кесіп тастау оңай, ал өсіру қиындау сияқты.

16-тапсырма. Диалогты толықтырыңыз.

Үлгі: — Мен дүкенге барайын деп едім, сен бара аласың ба?  
 — Жақсы, барайын.

- а) — Мен қонақ шақыр..., сен көмектесе аласың ба?  
 — Жақсы, көмектес...  
 ә) — Шешем ауруханаға бар..., сен апара аласың ба?  
 — Жақсы, ...  
 б) — Жанат, мына ән таспасын ..., маған бере аласың ба?  
 — Жақсы, ..., ал.  
 в) — Біз компьютер ..., сіз үйрете аласыз ба?  
 — Жақсы, ...

17-тапсырма. Қандай сұрақ қойылғанын айтыңыз.

- а) — ..., ...?  
 — Әрине, домбыра ойнауды үйрете аламын.  
 ә) — ..., ...?  
 — Жақсы, аэропортқа билетке апара аламын.  
 в) — ..., ...?  
 — Жақсы, текст аударуға сөздік бере аламын.  
 г) — ..., ...?  
 — Жоқ, өкінішке орай, серуендеуге бара алмаймын, себебі қолым бос емес.

18-тапсырма. Диалогтарды толықтырып жазыңыз. (Керекті етістіктер тиісті формаға қойылсын.)

- а) — Жанар, кеше кешке не істедің?  
 — Кеше мен текст ..., бірақ ..., себебі басым ауырды.  
 Енді бүгін ... Сен ше, сен не істедің?  
 — Мен сынаққа дайындалдым.  
 ә) — Раушан, мен сені қонаққа ...  
 — Жай ма?  
 — Жоқ, жай емес, мен жаңа пәтер ...

— О-о-о, құтты болсын! Қашан ...?

— Өткен аптада. Бүгін маған ...?

— Әрине, ...

— Ендеше, күтемін.

- б) — Біз Роза Рымбаеваның өндерінің таспасын ..., себебі оның өндері бізге ... Сіздерде бар ма?  
— Өкінішке орай, бәрі сатылып кетті, келесі аптада тағы болады. Сіздерге тағы қай өншілер ...?  
— Ермек Серкебаев, Әлібек Дінішевтің өндері ұнайды.  
— Иә, олар маған да ... Қазір бізде Әлібек Дінішевтің өн таспасы бар. ...?  
— Иә, ... Сізге көп рақмет.

- 19-тапсырма. 1. Сіз кеше не істейін деп едіңіз? Істей алдыңыз ба, айтыңыз. Егер істей алмасаңыз, себебін түсіндіріңіз.  
2. Досыңыздан кешегі әрекеттері туралы сұраңыз.  
3. Досыңыздан қазақша жаңа өн, домбыра үйретуін және шаңғы тебуді үйретуін сұраңыз.

— Сіз сабаққа дайындалайын деп пе едіңіз?

— *Иә, дайындалайын деп едім.*

— *Жоқ, дайындалайын деген жоқпын.*

20-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

Сіз дайындалайын деп пе едіңіз? [да-йын-да-ла-йын-деп-пе-ді-ңіз]  
Мен дайындалайын деген [да-йын-да-ла-йын-де-ген-жөк-жөкпын.]

21-тапсырма. Оқыңыз.

- Сіз үйренейін деп пе едіңіз? — Иә, үйренейін деп едім.  
Сен үйренейін деп пе едің? — Жоқ, үйренейін деген жоқпын.  
— Сіздер үйренейік деп пе едіңіздер? — Иә, біз үйренейік деп едік.  
Сендер үйренейік деп пе едіңдер? — Жоқ, үйренейік деген жоқ едік.  
— Ол (олар) үйренейік деп пе еді? — Иә, үйренейік деп еді.  
— Жоқ, үйренейік деген жоқ еді.

22-тапсырма. Диалогтарды толықтырыңыз.

- а) — Сен ертең аэропортқа билетке ...?  
— Иә, ..., ертең түстен кейін барамын.  
ә) — Сендер емтиханға ...?  
— Иә, дайындалу керек, себебі уақыт аз.  
б) — Мәдина ертең қонақ ...?  
— Жоқ, ол ертең ..., бүгін шақырады, себебі оның туған күні бүгін.

- 23-тапсырма. 1. Сіздің бүгінгі жоспарыңыз қандай?  
Сіз не істейін деп едіңіз, себебі не?  
Нені істей аласыз, нені істей алмайсыз, айтыңыз.  
2. Досыңыздың бүгінгі жоспары туралы сұраңыз.

- 24-тапсырма. 1. Сіздің орталық мұражайға барғыңыз келеді.  
Бірақ сіз оның мекен-жайын білмейсіз. Досыңыздан көмек сұраңыз. (Диалог құрастырыңыз.)  
2. Сізден шаш қиып беруді өтінді. Сіздің қолыңыздан келмейді, бас тартыңыз. (Диалог құрастырыңыз.)  
3. Дүкеннен шешеніңіздің туған күніне сыйлық сатып алу керек. Қалай сатып аласыз? (Диалог құрастырыңыз.)

## Тіл ұстарту

### І. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

1. — Кайдансың, шырағым, елің қай жақта?  
— Менің елім — Жапония. Мен Жапонияданмын, атым Михо.  
— Жапониядан? Мұнда қандай жұмыспен келдің, оқисың ба?  
— Иә, оқимын, студентпін.  
— Қазақша жақсы сөйлей алады екенсің.  
— Қазақ тілін білемін.  
— Өте жақсы, орыс тілін білесің бе?  
— Орысша түсінемін, бірақ сөйлей алмаймын.  
— Жарайсың, қызым!
2. — Михо қалқам, мына сөзді жапоншадан аудар аласың ба?  
— Кане, көрсетіңізші. Иә, аудар аламын.  
— Ендеше, маған аударып берші.  
— Аударып берейін. Міне.  
— Жақсы, рақмет.

3. — Демалыс күні серуендеуге барасың ба? Біз Медеуге барайық деп едік.  
— Медеуге... Рақмет, өкінішке орай, мен серуендей алмаймын, өйткені дүйсенбі күні бізде қазақ тілінен бақылау жұмысы болады. Менің дайындалуым керек.  
— Өкінішті!
4. — Ахмед, сен не істеп отырсың?  
— Түрікшеден қазақшаға текст аударайын деп едім, бірақ маған дәл аудару қиын екен.  
— Текст аударайын деп пе едің? Сен неге қазақ досыңнан көмек сұрамайсың?  
— Себебі өзім аударғым келеді.
5. — Сәлем, Ахмед! Хал қалай, досым?  
— Сәлем, Ибрагим! Халім жақсы. Өз халің жақсы ма?  
— Рақмет, жақсы. Қалай, тексті аударар алдың ба?  
— Иә, аудардым. Мұғалімге апардым.  
— Ал мұғалім түсіне алды ма?  
— Түсінді, жақсы түсінді, қатесі аз екен.  
— О-о-о, жарайсың!
6. — Сен кеше неге тойға келмедің?  
— Барғым келді, бірақ бара алмадым, себебі ауырып қалдым.  
— Өкінішті, қазір денсаулығың қалай?  
— Жаман емес, тойларыңыз қалай өтті?  
— Өте қызық болды. Мен саған суреттерді көрсетейін.  
— Жарайды.
7. — Өткен сенбіде сен қайда болдың? Мен сені іздедім.  
— Өткен сенбіде мен киноға бардым. Алғаш Медеуге барғым келді, бірақ бара алмадым. Себебі жаңбыр жауды. Сен мені неге іздедің?  
— Ол күні спорт сарайында қызық жарыс болды. Менің сенімен бірге барғым келді.

## II. СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Сізді тойға шақырды, бірақ сіз бара алмайсыз. Себебін түсіндіріңіз. Былай айтыңыз: *Кешіріңіз, ... Өкінішке орай, ...*
2. Сізге фотоаппарат керек. Кім бере алатынын достарыңыздан сұраңыз. Қалай сұрар едіңіз? (Бірнеше мысал келтіріңіз.)
3. Сізден еліңізден немесе басқа елден келген саяхатшылар Алматыны аралатуды, мұндағы халықтардың тұрмысы, өмірі туралы әңгімелеп беруді өтінді. Сіз оларға ойдағыдай көмектесе аласыз ба? Қалай көмектесер едіңіз, жоспар құрып, айтып беріңіз.

## СӨЗДІК

аспап	жоспар	өкініш
аудару	жүзу	өкінішке орай
аурухана	жүргізу	өкінішті
ауырып қалу	келесі	өлен
ән таспасы	көмектесу	өту
әрине	коньки тебу	өткен
бақылау жұмысы	көңіл-күй	сарай
билеу	көрініс	сатылып кету
бос	күйсандық	серуен
дайындау	қалай	серуендеу
дәл	қашан	сурет салу
денсаулық	қиын	сүйену
деу	қолы бос болу	сынақ
домбыра	құт	той
ел	құтты болсын	түсіну
ендеше	мүлдем	шаңғы
еркін	мүмкін	шаңғы тебу
жай	мүмкіндік	іздеу
жаңбыр жауу	орындалу	іс-әрекет
	орындау	

## 16-САБАҚ

ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БІРІНЕН СОҢ БІРІ БОЛҒАНЫН БІЛДІРУ.  
БОЛАШАҚТАҒЫ ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫН БІЛДІРУ.  
ҮШІНШІ АДАМҒА ХАБАР АЙТУ

*Мен былтыр Түркістанға барып,  
Иасауидің кесенесін көргенмін.  
Менің әке-шешем Түркістанға әлі барған жоқ,  
сондықтан биыл оларды Түркістанға апарып,  
кесенені көрсетпекпін.  
Ол былтыр Түркістанға барып, Иасауидің  
кесенесін көріпті.  
Оның әке-шешесі әлі бармапты, сондықтан биыл оларды  
Түркістанға апарып, кесенені көрсетпек.*

Кім \_\_\_\_\_ не істеген?

Мен Түркістанға барғанмын.

Мен кесенені көргенмін.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Шақ кестесі:

Ет. + -ған/-ген + жік. ж.  
-қан/-кен

Бар + ған +мын  
Көр + ген + мін

-а/-е/-й	
ЫЛҒИ	
-ды/-ді	қазір
-ты/-ті	
-ған/-ген	
-қан/-кен	
өткен	болашақ

1-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыздар, оқыңыз.

Мен	барғанмын	Біз	барғанбыз
	көргенмін		көргенбіз
Сен	барғансың	Сендер	барғансыңдар
	көргенсің		көргенсіндер
Сіз	барғансыз	Сіздер	барғансыздар
	көргенсіз		көргенсіздер
Ол	барған	Олар	барған
	көрген		көрген

2-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Сіз не істегенсіз?	Мен барғанмын, көргенмін, ...
Сен не істегенсің?	Ол барған, көрген, ...
Ол не істеген?	
Сіздер не істегенсіздер?	Біз барғанбыз, көргенбіз, ...
Сендер не істегенсіндер?	
Олар не істеген?	Олар барған, көрген, ...

3-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Сіз Түркістанды көр... . Ол саяхатқа пойызбен бар... . Олар менімен таныс... . Біз бұл жаңалықты есті... . Сендер кесенені көрсет... . Сіздер Иасауи туралы оқы... .

- Сен ауылда тұр... ба?
- Иә, бұрын тұр... .

4-тапсырма. Диалогты оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- Дәурен, мен жақында Түркістанға тағы барамын.
- О-о-о, өте жақсы, сен бұрын барғансың ба?
- Иә, өткен жылы барғанмын.
- Сен Иасауи туралы қызықты аңыздар естідің бе?
- Иә, Мен Түркияда жүргенде көп оқығанмын және Түркістанға барғанда да естідім.

Сұрақтар:

- 1) Ол жақында қайда барады?
- 2) Бұрын қайда барған?
- 3) Ол Иасауи туралы не біледі?
- 4) Сіз Иасауи туралы бұрын естігенсіз бе?
- 5) Сіз соңғы рет саяхатқа қайда барғансыз?

Мен Түркістанға барып, Иасауидің кесенесін көргенмін.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Ет. + -ып/-іп/-п

бар + ып  
көр + іп  
тында + п

I, II.	III, IV, V.
-п	-ып/-іп
сөйлеп тыңдап	барып көріп

5-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Қажетті формалар: -ып/-іп/-п, -ған/-ген/-қан/-кен.

Мен Түркістанға бар..., Иасауидің кесенесін көр...мін. Иасауи туралы Түркияда жүргенде есті..., ол туралы кітаптарды оқы...мын. Содан кейін кесенені көргім келген. Түркістанға барғанда, кесенемен жақын таныс...мын. Иасауи туралы көп әңгіме тыңда..., достарыма айт...мын.

6-тапсырма. Төмендегі жай сөйлемдерден (-ып/-іп/-п көмегімен) күрделі сөйлем жасаңыз.

Үлгі: Мен таңертең тұрдым. Таңертеңгі тамағымды іштім.  
Мен таңертең тұрып, таңертеңгі тамағымды іштім.

Мен бүгін таңертең кітапханаға барғанмын. Қазақ тілі оқулығын алғанмын. Менің досым Хуан Сам Кореядан келген. Ол университеттің дайындық факультетінде қазақ тілін үйренген.

Жапон студенті Кадзунори Қазақстанда бір жыл оқыды. Содан кейін Мәскеуге кетті. Кеше кешке сабаққа дайындалғанмын. Аздап музыка тыңдағанмын, теледидардан жаңалықтар естігенмін.

7-тапсырма. Бүгін таңертең не істедіңіз, екі сөйлеммен айтыңыз.

Таңертең ерте тұрдым.  
Содан кейін жуындым, киіндім.  
Сағат сегізде таңертеңгі тамақты іштім.  
Содан кейін сабаққа келдім.

- Сіздің әке-шешеңіз кесенені көрген бе?
- Жоқ, әлі көрген жоқ.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Ет. + -ған/-ген жок+жік. ж.  
-қан/-кен

(Мен) көр+ген жоқ+пын

8-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен көрген жоқпын. Біз көрген жоқпыз.  
Сен көрген жоқсың. Сендер көрген жоқсыңдар.  
Сіз көрген жоқсыз. Сіздер көрген жоқсыздар.  
Ол көрген жоқ. Олар көрген жоқ.

9-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Мен Түркістан туралы ешқашан есті... Менің досым саяхат туралы біл... Сендер оқытушыны әлі көр... Біз Медеуге әлі бар... Сіз досыңызды күт... Сен бұл көйлекті ұнат... Сіздер жазғы демалыс туралы әлі ойла... Олар кездесуге кел...

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) — Сіз Түркістан туралы бұрын естігенсіз бе?  
— ...
- 2) — Сіздің досыңыз Қожа Ахмет Иасауи кесенесін көрген бе?  
— ...
- 3) — Олар саяхатқа ұшақпен барды ма?  
— ...
- 4) — Сендер Түркістан тарихымен университетте оқып таныстыңыздар ма?  
— ...

11-тапсырма. Сіз бұл әрекетті істемегеніңізді айтыңыз және себебін түсіндіріңіз.

Ү л г і: Кеше Самат теледидардан жаңалықтар тыңдаған.  
Кеше мен теледидардан жаңалықтар тыңдаған жоқпын, себебі сабаққа дайындалдым.

Кеше Сан теледидардан концерт тыңдады. Кеше Уолтер кітапханаға барып, кітап алған. Өткен аптада Дженнифер Медеуге барып, коньки тепкен. Менің достарым сәрсенбі күні деканмен сөйлесуге барған. Куртис факультеттің концертіне қатысып, өлең айтып, әр түрлі көріністерде ойнаған.

12-тапсырма. Диалогты толықтырыңыз.

- Сіз Түркістанға бардыңыз ба?
  - Иә, былтыр ... Ал сіз ше, көрдіңіз бе?
  - Жоқ, мен әлі ... Сізге кесене ұнады ма?
  - О-о-о, әрине ұнады. Себебі Түркістан тарихи жер, сондықтан онда тарихи мәліметтер өте көп. Мен Түркістанға тағы барамын.
  - Солай ма?
  - Иә, менің әке-шешем әлі Түркістанға ..., сондықтан оларды апарғым келеді.
  - Менің сіздермен бірге барып көргім келеді.
  - Жаксы, бірге барайық.
- Сіз Түркістанға әке-шешеңізді қашан апармақсыз?
  - Әке-шешемді Түркістанға келесі жазда апармақпын.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Шақ кестесі

-а/-е/-й	
ЫЛГИ	
-ды/-ді -ған/-ген -ты/-ті -қан/-кен	-а/-е/-йт+мақ/-мек -бақ/-бек -пақ/-пек
өткен	казір
болашақ	

Ет. + | -мақ/-мек | +жік. ж.  
-бақ/-бек  
-пақ/-пек

(Мен) апар+мақ+пын

I, II. III — л,р,й,у	III — м, н, ң IV — з	V
-мақ/-мек	-бақ/-бек	-пақ/-пек
сөйлемек тындамақ бармақ көрмек	жазбақ жуынбақ сызбақ	айтпақ көрсетпек таныспақ

13-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен апармақпын.	Біз апармақпыз.
Сен апармақсың.	Сендер апармақсындар.
Сіз апармақсыз.	Сіздер апармақсыздар.
Ол апармақ.	Олар апармақ.

14-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

- а) Мен ертең лекция тыңда... . Ол ертең кітапханаға бар... .  
Олар келесі айда факультеттің жарысына қатыс... .  
Біз жаңа жылда концертте өлең айт... .
- ә) — Сендер газеттің келесі нөміріне мақала жаз... ма?  
— Иә, біз үлкен мақала жаз... .  
— Сен досыңды әуежайда (аэропортта) күтіп ал... ба?  
— Иә, әуежайда күтіп аламын.  
— Сіз ертең кешке не істе...?  
— Театрға бар... .

15-тапсырма. Диалогты толықтырыңыз.

- 1) — Сен ертең елшімен кездесуге...?  
— Иә, ...  
— Қашан бармақсың?  
— Ертең түстен кейін.
- 2) — Сіздер базарға бүгін...?  
— Жок, бүгін бармаймыз. Ертең ... .  
— Жақсы, менің де бірге барғым келеді.  
— Жарайды, сен таңертең бізге кел.  
— Мақұл.
- 3) — Сендер қаламен қашан ... ?  
— Осы жексенбі күні танысқымыз келген, бірақ бұл жексенбіде уақытымыз болмайтын сияқты, сондықтан келесі жексенбіде міндетті түрде ... .

16-тапсырма: Бұл — Мараттың ертеңгі жоспары. Ол ертең не істемек, айтыңыз.

Жоспар

8.30. Университет.  
14.00. Кітапхана.  
15.30. Стадион.  
17.00. Кездесу.

17-тапсырма. 1. Сіз ертең не істемексіз, айтыңыз.  
2. Досыңыздан ертеңгі жоспары туралы сұраңыз.

18-тапсырма. Хатты оқып, төмендегі тапсырманы орындаңыз.

Сәлеметсің бе, досым Жәдігер!  
Халің қалай? Денсаулығың жақсы ма?  
Жәдігер, менің үлкен жаңалығым бар. Мен өткен жылы жазда Қожа Ахмет Иасауидің кесенесін барып көрдім. Қожа Ахмет Иасауи XII ғасырда өмір сүрген. Мен Иасауи туралы бұрын өте аз білгенмін. Қазақстанға келіп, оның кесенесін көріп, көп мәлімет алдым. Кесене маған өте ұнады. Мен Түркістан туралы әке-шешеме, достарыма айттым. Олар Түркістанды көрген жок еді. Сондықтан олардың барып кесенені көргісі келді. Мен биыл демалысымда әке-шешемді Түркістанға апарып, кесенені көрсетпекпін.

— Мұрат, сен естідің бе? Әли Түркістанға барыпты.  
— О-о-о, өте жақсы, қашан барыпты?  
— Өткен жазда барыпты.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

— Иә.	— Жок				
(Ол) Ет. + -ып/-іп/-п + -ты/-ті	(Ол) Ет. + <table border="1"> <tr> <td>-ма/-ме</td> <td rowspan="3">+ -п + -ты/-ті</td> </tr> <tr> <td>-ба/-бе</td> </tr> <tr> <td>-па/-пе</td> </tr> </table>	-ма/-ме	+ -п + -ты/-ті	-ба/-бе	-па/-пе
-ма/-ме	+ -п + -ты/-ті				
-ба/-бе					
-па/-пе					

(Ол) бар + ып + ты	(Ол) бар + ма + п + ты
(Олар) көр + іп + ті	(Олар) көр + ме + п + ті
жаз + ып + ты	жаз + ба + п + ты



Шақ кестесі:

-а/-е/-й			
БІЛГІ			
-ды/-ді; -ған/-ген	казір	-а/-е/-й	-мақ/-мек
-ты/-ті; -қан/-кен		-бақ/-бек	
-ыпты/-іпті/-пті/-пты		-пақ/-пек	
өткен			болашақ

19-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1-ү л г і:

— Әли Түркістанға барып па? — *Иә, өткен жазда барыпты.*  
— *Жоқ, бармапты.*

- а) — Сіздің достарыңыз жақында саяхатқа барып па?  
— *Иә, ...*  
— *Жоқ, ...*
- ә) — Достарыңыз саяхатқа шетелге барып па?  
— *Иә, ...*  
— *Жоқ, ...*
- б) — Ол кеше сабақ оқып па?  
— *Иә, ...*  
— *Жоқ, ...*
- в) — Кеше сіздің ағаңыз елшімен кездесіп пе?  
— *Иә, ...*  
— *Жоқ, ...*

2-ү л г і: — Сіздің әке-шешеніз Түркістанға барды ма?  
— *Иә, барды.*  
(— *Жоқ, барған жоқ.*)

- а) — Сіз Түркістанға бардыңыз ба?  
— *...*  
— Сіздің досыңыз Түркістанға барып па?  
— *...*
- ә) — Сіз Абайдың өлеңдерін оқығансыз ба?  
— *...*  
— Сенің достарың қазақ күйлерін бұрын естіп пе?  
— *...*
- б) — Сендер қазақ тілінің жаңа оқулығын алдыңдар ма?  
— *...*  
— Ал олар ше?  
— *...*

20-тапсырма. Бұл хабарды екінші адамға айтыңыз.

Ү л г і: Мен кеше көшеде Бақытты көрдім. *Ол кеше көшеде Бақытты көріпті.*

Мен кеше көшеде Бақытты көрдім. Арман жаңа пәтер сатып алды. Өткен аптада Сәуленің туған күні болды. Өткен жылы Алматыда көп қар жауған. Концертте біздің достарымыз өлең айтты. Біз өткен аптада қонаққа барғанда, белгілі әнші, әрі сазгер Марат Илиясовпен таныстық.

21-тапсырма. Диалогты толықтырыңыз.

1. а) — Жафар, сен Иасауидің кесенесін көрдің бе?  
— *Иә, былтыр ...*  
— *Әке-шешен барды ма?*  
— *Жоқ, ...*  
— *Достарыңыз барып па?*  
— *...*
- ә) — Жафар Иасауидің кесенесін көріпті, мен оны білген жоқпын. Маған да бару керек еді, сондықтан биыл...  
— *Жафар Түркістанға кіммен ...?*  
— *Ол жалғыз өзі ... Енді биыл тағы ...*  
— *Не үшін?*  
— *Оның әке-шешесі кесенені әлі ..., сондықтан оларды биыл Түркістанға ...*
2. а) — Дэвид, сен қазақ тілін қайда үйрендің?  
— *Осында, Алматыда. ҚазМҰУ-дың дайындық факультетінде ...*  
— *Сіз өте жақсы сөйлейсіз.*  
— *Рақмет.*  
— *Сіздің досыңыз Патрик те сонда оқыды ма?*  
— *Иә, менен бір жыл бұрын келіп ...*
- ә) — Мұхтар, сен білесің бе? Дэвид қазақ тілін ҚазМҰУ-дың дайындық факультетінде ...  
— *А-а-а, солай ма, ол өте жақсы сөйлейді. Ол Патрикпен бірге оқып па?*  
— *Жоқ, олар бірге ... Патрик бір жыл бұрын ...*

22-тапсырма. Жоғарыда берілген диалогтардың мазмұнын айтыңыз.

- 23-тапсырма. 1. Сіз досыңыздан өткен күні не істегенін сұрап, бізге айтыңыз.  
2. Сіз өзіңіздің болашақ жоспарыңыз туралы не айта аласыз?

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢЫЗ.

- Әли, “Қазақстан тарихы” кітабын қайдан алдың?  
Маған да керек еді.  
— Кеше дүкенге барып, сатып алдым.  
— Қай дүкеннен алдың?  
— Мен дүкенге ертең тағы бармақпын.  
— Онда бірге барайық.  
— Жарайды.
- Тахсин, демалыс күні Медеуге барып, коньки теуіп қайту керек. Оған қалай қарайсың?  
— Өкінішті, Кенан, мен демалыс күні қазақ досымның үйіне бармақпын.  
— Не үшін?  
— Ол мені ата-анасымен таныстырмақ. Сонан кейін біз тамақ ішіп, паркте серуендеп қайтпақпыз. Медеуге келесі жексенбіде барайық.  
— Өте жақсы. Сау бол.  
— Көріскенше.
- Бұл кітапты оқып болған соң, кітапханаға апарып тапсырмақпын.  
— Сен тапсырма, сенен кейін мен алып оқимын.  
— Жарайды.
- Сумейра, сені декан іздепті, барған жоқсың ба?  
— Жок, барған жоқпын, онда мен қазір барып келейін.  
— Барып сөйлесіп қайт.  
— Кеттім.
- Тахир, сен Түркиядағы досың Османмен хабарластың ба?  
— Жок. Ертең хабарласпақпын.  
— Хабарласқанда менен сәлем айт.  
— Жарайды.
- Ханифе, сен білесің бе? Біздің дайындық факультетімізде бұрын Африканың студенттері оқыпты.  
— А-а-а, солай ма? Сен қайдан білдің?  
— Мен оны бұрын білген жоқ едім. Біздің мұғаліміміз айтты.  
— Тағы қай елдерден келіп оқыпты?  
— Кубадан, Камбоджадан, Сириядан, Ираннан тағы басқа көп елдерден келіп оқыпты.  
— Біздің факультет қашаннан бері жұмыс істеп келе жатыр?

- 1985 жылдан бері жұмыс істеп келе жатыр екен.
- О-о-о, біздің факультетке 12 жыл болыпты ғой.
- Иә... Иә.

### СӨЙЛЕСЕЙІК

- а) Әли ертең не істеуге тиіс?

Ертең:

- 8.30 — сабақ
- 12.00 — кітапхана.
- 13.00 — кафе.
- 14.00 — дүкен.

- Кенес сізге театрға билет беріп жіберіп, күтетіндігін айтыпты. Не істейтініңізді хабарлаңыз.
- Сіздердің топтарыңызға журналист келді. Ол сіздердің болашақтағы жоспарларыңыз туралы білгісі келеді. Рөлге бөлініп, сұрақ-жауап ұйымдастырыңыздар.
- Сіздің досыңыз жақында Орта Азияға саяхат жасап келді. Ол туралы естігеніңізді достарыңызға айтып беріңіз.

### СӨЗДІК

алайда	жаңалық	өмір сүру
аңыз	жуыну	ренжу
әлі	кесіп тастау	сазгер
бас тарту	кию	сияқты
биыл	көріну	сызу
бұрын	қатысу	тамақ
былтыр	қолдан келу	туралы
бірге	қысқарту	тұрмыс
бірінен соң бірі	мақсат	шаш
екінші	мәлімет	шаштараз
елші	нөмір	шетел
есту	ойдағыдай	іздеу

## 17-САБАҚ

**БЕЛГІЛІ ІС-ӘРЕКЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ МЕЗГІЛДІК ҚАТЫНАСТЫ БІЛДІРЕ АЛУ.  
БЕЛГІЛІ БІР ШАРТҚА БАЙЛАНЫСТЫ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ОРЫНДАЛУ, ОРЫНДАЛМАУ МҮМКІНДІКТЕРІН АЙТА БІЛУ ЖӘНЕ СҰРАЙ БІЛУ**

*Қазақстанға келгеннен кейін, Орта Азияда тұратын халықтар үшін Түркістанның қасиетті жер екенін білдім. Сондықтан Иасауи туралы мақала жазбақпын. Оған дейін Иасауи туралы жазылған кітаптарды оқығым келеді. Егер менің жазған мақалам жақсы болса, мүмкін, конференцияға қатысармын.*

1. Не істегенге дейін? Не істегеннен кейін?

келгенге дейін  
түске дейін

келгеннен кейін  
түстен кейін

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

1. Не істегенге дейін?

Ет. + -ған/-қан + -ға дейін  
-ген/-кен + -ге

Кел + ген + ге дейін

Не істегеннен кейін?

Ет. + -ған/-қан + -нан кейін  
-ген/-кен + -нен

Кел + ген + нен кейін

2. Неге дейін?

Е. + -ға/-ге дейін  
-қа/-ке

саяхат + қа дейін  
сағат үш + ке дейін

Неден кейін?

Е. + -нан/-нен  
-дан/-ден кейін  
-тан/-тен

саяхат + тан кейін  
сағат үш + тен кейін

1-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Қазақстанға кел... .. қазақ тарихы туралы көп оқыдым.  
Қазақстанға кел... .. қазақ тілін үйреніп, қазақ тарихымен тереңірек танысып жүрмін. Түркістанға бар... .. кесене

туралы мәліметтер жинадым. Түркістанға бар... .. кесенедегі жұмысшылармен сөйлестім. Мақала жаз... .. Иасауи туралы кітаптарды оқимын. Мақала жаз... .. газетке беремін, немесе конференцияға қатысамын.

2. Түс... .. сабаққа барамын. Түс... .. мұражайға барамын. Сағат 8-де сабақ... .. таңертеңгі тамағымды ішемін. Сабақ... ..стадионға барып, спортпен шұғылданамын.

2-тапсырма. Сіз Қазақстанға дейін қазақ тарихы туралы оқыдыңыз ба? Қазақстанға келгеннен кейін Қазақстанның қай қалаларына бардыңыз? Жауап беріңіз.

*Орта Азияда тұратын халықтар үшін Түркістанның қасиетті жер екенін білдім. Сондықтан Иасауи туралы мақала жазбақпын. Оған дейін Иасауи туралы жазылған кітаптарды оқығым келеді.*

1. Орта Азияда тұратын халықтар.

а) Түркі тектес халықтар Орта Азияда тұрады.  
Орта Азияда тұратын түркі тектес халықтар.

ә) Ғалымдар Иасауидің өмірін зерттейді.

Иасауидің өмірін зерттейтін ғалымдар.

Кім не істейді?

Халықтар тұрады.  
Ғалымдар зерттейді.

Қай кім/не?  
Не істейтін кім/не?

тұратын халықтар  
зерттейтін ғалымдар

2. а) Ғалымдар кітап жазған.  
ғалымдар жазған кітап

ә) Мен Орта Азияға саяхат жасағанмын.  
мен Орта Азияға жасаған саяхат


Кім не істеген?

Ғалым кітап жазған.  
Мен саяхат жасағанмын.

Қай кім/не?  
Не істеген кім/не?

жазған кітап  
жасаған саяхат

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:



Ет. + -ған/-ген  
-қан/-кен

жаз + ған мақала  
оқ(ы) + ған кітап  
кел + ген адам  
сөйле + ген сөз

Ет. + -атын/-йтын  
-етін/-йтін

бар + атын адам  
кел + етін адам  
оқ(ы) + итын кітап  
сөйле + йтін сөз

3-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз. Уақытқа байланысты айтылатын сипаттау формаларына көңіл аударыңыз.

а) Ылғи (әрқашан, үнемі)

тұратын халық  
жұмыс істейтін адам  
зерттейтін ғалым  
оқитын студент  
қазақша сөйлейтін адам  
түркі тілін білетін адам

ә) Өткен уақытта

жазған мақала  
оқыған кітап  
дайындаған тапсырма  
көрген кесене  
істеген жұмыс

б) Болашақта

жазатын мақала  
оқитын кітап  
дайындайтын тапсырма  
көретін кесене  
істейтін жұмыс

4-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс қалыпқа келтіріңіз.

а) Қазақстанға келгеннен кейін, тарих факультетінде (оқу) студенттермен таныстым. Түркістанға (жүру) пойыз 18 сағат жүреді. Менің Иасауи кесенесінде (жұмыс істеу) адамдармен кездескім келеді. Алматыда Иасауиді (зерттеу) адамдармен сөйлеспекпін.

ә) Менің келесі (жазу) мақалам Иасауи туралы. Менің келесі жазда (тапсыру) емтихандарым бар. Менің ертең мұғалімнен (сұрау) сұрақтарым бар. Болашақта (істеу) жұмыстарымның жоспарын жасадым.

б) Менің былтыр (жазу) мақалам тарихи ескерткіштер туралы. Менің өткен жылы (тапсыру) емтихандарым қиын емес еді. Мен (сұрау) сұрақтарыма жауап алдым. Журналистің (айту) сөздерінің барлығын жазып алдым.

5-тапсырма. Сөйлемдердің етістіктерін орнына қойып, тиісті формада жазыңыз. (Төменде керекті сөздер берілген.)

Үлгі: *Былыр тарих факультетінде оқитын достарым маған көп көмектесті.*

Былыр тарих факультетінде оқитын достарым маған көп ... Менің биыл тапсыратын емтихандарым қиын, сондықтан мүкият ... Тарихи ескерткіштер туралы көп білетін адаммен ... Саяхаттан кейін дайындайтын мақаламды газетке ... Мен ағамның домбырада жақсы ойнайтын досынан көп қазақша өн ... Мұғалімнің берген тапсырмасын түсінбедім, сондықтан ертең қайта ... Сіздердің газетке жазған баяндамаларыңыз ... Орта Азияда тұратын халықтар үшін Түркістан қасиетті ...

Керекті сөздер: *оқу, үйрену, сөйлесу, беру, ұнау, болып саналу, дайындалу, сұрау, кездесу, көмектесу.*

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Түркістан қасиетті жер екен.

Түркістанның қасиетті жер екенін білдім.

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) — Сіздің қазақ тілін білетін достарыңыз көп пе?  
— ...
- 2) — Сіздің қалаңызда қандай демалатын орындар бар?  
— ...
- 3) — Сіз жақсы көретін жемістеріңізді атаңыз.  
— ...
- 4) — Сізге қай ақын, жазушылардың жазған шығармалары ұнайды?  
— ...
- 5) — Қазақстан, қазақ халқы туралы көрген фильмдеріңіз бар ма?  
— ...

*Иассауи туралы жазылған мақала.*

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

S	O	S	O
а) Ғалым жазған мақала		ә) Мен жасаған саяхат	
S	O	S	O
— жазылған мақала		— жасалған саяхат	

Ет. + -ыл/-іл/-л + -ған/-ген

(бұрын) жаз + ыл + ған  
жаса + л + ған

7-тапсырма. Сөйлемдерді қалпына келтіріңіз.

Мен кеше дүкеннен Қазақстан тарихы туралы (жазу) кітаптарды сатып алдым. Университеттің конференциясында (айту), (ұсыну) мәселелер көп. Текст бойынша (беру) тапсырмаларды орындадым. Үйге (беру) жұмыстарды істедім.

8-тапсырма. 1. Диалогты мұқият оқып шығыңыз.

2. Диалог бойынша сұрақтар дайындап, оған жауап беріңіз.

3. Диалогтан Түркістан туралы мәлеметтерді жинақтап алып, жазыңыз.

- Сәлеметсіз бе, ағай!
- Сәлеметсің бе, Дэвид!
- Ағай, менің сізден сұрайтын мәселелерім бар.
- Жақсы, жақсы. Сұрайтын мәселең не туралы?
- Мен, өзіңіз білесіз, Қазақстанның тарихын зерттемекпін.

Сұрайтын мәселем Иасауи туралы болмақ.

— Өте жақсы, көмектесейін.

— Мен Қазақстанға келгеннен кейін, Орта Азияда тұратын халықтар үшін Түркістанның қасиетті жер екенін естідім. Неліктен қасиетті жер, сол жөнінде білгім келеді.

— О-о-о, сұрағың өте жақсы! Түркістан түркі тектес халықтар үшін, яғни мұсылмандар үшін қасиетті жер. Оның себебі, онда Қожа Ахмед Иасауидің кесенесі бар. Ал Қожа Ахмед Иасауи алғаш рет Орта Азияда мұсылман дінін таратушы болды. Сондықтан мұсылман халықтар Түркістанды екінші Мекке деп атайды және оны қасиетті деп санайды.

— Иә-иә, араб елінде негізгі Мекке бар. Ол жаққа да мұсылман халқы көп барады.

— Иә, солай. Себебі Меккеге бару — мұсылманның парызы. О-о-о, бұл қызықты деректер екен. Ағай, сізге көп рақмет. Мен жақында Түркістанға бармақпын. Оған дейін Иасауи туралы жазылған кітаптарды тауып оқимын.

*Егер менің жазған мақалам жақсы болса, онда конференцияға қатысамын.*

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

Сөйлемнің схемасы:

Егер ... -са/-се, онда ...

— Иә

— Жок

Ет. + -са/-се + жік.ж.

-ма/-ме  
Ет. + -ба/-бе+ -са/-се + жік.ж.  
-па/-пе

бар + са + м

бар + ма + са + м

9-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен көрсем/көрмесем	Біз көрсек/көрмесек
Сен көрсең/көрмесең	Сендер көрсеңдер/көрмесеңдер
Сіз көрсеңіз/көрмесеңіз	Сіздер көрсеңіздер/көрмесеңіздер
Ол көрсе/көрмесе	Олар көрсе/көрмесе

10-тапсырма. Оқыңыз.

ЕГЕР НЕ БОЛСА, ОНДА НЕ БОЛАДЫ.

Егер мақала жақсы болса,	онда конференцияға қатысамын.
Егер биыл уақытым болса,	ауылға бармақпын.
Сен қазақша сөздік көрсең,	маған да сатып ал.
Досыма телефон соқсам,	ол үйінде жоқ екен.
Егер менің уақытым болмаса,	қонаққа бармаймын.

11-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

... ертең ауа райы жақсы бол..., ... паркке қыдыруға барамыз.  
... жиналыс ерте аяқтал..., екеуіміз кездесеміз. ... келесі аптада  
колым бос бол..., көлге демалуға барамыз. ... ауылдан өкем кел...,  
мұражайға апармақпын. ... циркке билет алма..., онда бармаймыз.

12-тапсырма. Сіз бұл әрекеттерді белгілі бір шарттарға байланысты орындай алатыныңызды айтыңыз.

Егер	ауа райы қолайлы болса	Мен қонаққа барамын.
	уақытым болса	Қаланы аралап, қыдырамын.
	ауырып қалмасам	Әуежайға билетке барамын.
		Саяхатқа ұшақпен барамын, себебі пойыз ұнамайды.
		Сенбі күні қонаққа бара аламын.

13-тапсырма. Сіз бүгін не істемексіз? Ол үшін сізге қандай жағдайлар керек? Айтыңыз.

Егер жазған мақалам жақсы болса, онда, мүмкін, конференцияға қатысармын.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

-а/-е/-й		
ЫЛҒИ		
-ды/-ді	-ған/-ген	-а/-е/-й -мақ/-мек -ар/-ер
-ты/-ті	-қан/-кен	-лақ/-пек -р
-ыпты/-іпті/-пті/-пты	қазір	-бақ/-бек
өткен		болашак

Ет. + -ар/-ер + жік. ж.  
-р

(Мен) қатыс + ар + мын.

14-тапсырма. Оқыңыз.

Мен қатысармын.	Біз қатысармыз.
Сен қатысарсың.	Сендер қатысарсындар.
Сіз қатысарсыз.	Сіздер қатысарсындар.
Ол қатысар.	Олар қатысар.

15-тапсырма. Жоғарыда берілген етістіктің формасын пайдалана отырып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Егер жасалған саяхат сәтті болса, мүмкін, мақала жаза... Егер кесенде істейтін тарихшылармен сөйлесем, мүмкін, жаңа мәліметтер есті... Егер жазған мақалам жақсы болса, онда кейін газетке бер..., конференция болса, мүмкін, конференцияға қатыс...

16-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: — Сіз конференцияға қатысасыз ба?  
— Иә, мүмкін, қатысармын.  
(— Жоқ, қатыспаймын).

- а) — Сіз саяхатқа пойызбен барасыз ба?  
— Иә, мүмкін, ...
- ә) — Сәуле, сен маған ертең телефон соға аласың ба?  
— Иә, егер жұмысым ерте аяқталса, мүмкін, ...
- б) — Жексенбі күні мұражайға көрме көруге барасың ба?  
— Иә, егер уақытым болса, ...
- в) — Сендер конференцияға қатысасындар ма?  
— Жоқ, біз қатыса алмаймыз, себебі саяхатқа кетеміз, бірақ саяхаттан келгеннен кейін келесі конференцияға, мүмкін, ...
- г) — Сіздер саяхаттан қашан қайтып келмексіздер?  
— Мүмкін, үш аптадан кейін...

17-тапсырма. 1. Диалогты оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.  
2. Диалогтардың негізгі мазмұнын жазбаша жазып беріңіз.

- а) — Сәлеметсің бе!  
— Сәлеметсің бе!  
— Халің қалай, Дэвид?  
— Жақсы, Жомарт, өзіңнің халің қалай?  
— Жақсы, рақмет.  
— Жомарт, маған Қазақстан тарихы туралы жазылған кітаптар керек еді. Сен маған көмектесе аласың ба?  
— Әрине, көмектесемін. Менде Орта Азия тарихы жөнінде кітаптар бар. Егер қолың бос болса, үйге барып көрейік.  
— О-о-о, жарайды, жақсы, қолым бос. Барайық.  
— Ендеше, кеттік.

Сұрақтар: 1) Дэвидке не керек?  
2) Жомартта не бар?

- ә) — Жомарт, мен сен берген кітаптардан көп ғылыми мәліметтер алдым. Орта Азияның тарихы туралы жазылған зерттеулер маған өте ұнады. Онда қызықты, мәнді ой-пікірлер бар екен.

- Иә-иә, онда ХІ ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Иасауи туралы мәліметтер бар және басқа да ойшылдар жөнінде көп жазылған.
- Иә, мен оқыдым. Енді мақала жазбақпын. Егер мақалам сәтті болса, ағылшын тіліне аударып, мүмкін, газетке берермін.
- Өте дұрыс, Дэвид, жақында конференция болады. Қатысқың келе ме?
- Иә, қатысқым келеді. Баяндамам дайын болса, мүмкін, сөз сөйлермін.
- Қатысқаның өте дұрыс, ақ жол тілеймін.
- Рақмет.

#### Сұрақтар:

- 1) Дэвид қайдан, не туралы, қандай мәліметтер алды?
- 2) Кітаптарда кім туралы мәліметтер бар?
- 3) Дэвид не істемек?

#### 18-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанға келгенге дейін Қазақстан туралы жазылған қандай кітап (мақала) оқыдыңыз?
2. Қазақстанға келгеннен кейін Қазақстан туралы жаңа не білдіңіз?
3. Орта Азияда тұратын халықтар қай тілдерде сөйлейді?
4. Сіздің болашақта не істегіңіз келеді, басты мақсаттарыңыз қандай? Олар орындалу үшін сізге қандай шарттар керек?

### Тіл ұстарту

#### I. ДИАЛОГТАРДЫ ОҚЫҢИЗ.

1. — Тахсин, сен қысқы каникулда не істейсің?  
— Мен Түркістанға бармақпын, себебі ол жерде мұсылман қауымы қастерлеп, қадір тұтатын Иасауидің кесенесін көріп, тағзым етпекпін.  
— Е-е-е, кіммен бармақсың?  
— Әлі белгісіз. Онда барғанға дейін әлі уақыт бар. Сонымен қатар емтихандарды да тапсыру керек.  
— Түсіндім, хабарласармыз. Мүмкін, сенімен бірге мен де барармын.  
— Жарайды, тағы кездесерміз.
2. — Мынау кім түсірген фотосурет?  
— Мен түсіргенмін, жақсы шықпаған сияқты.

- Меніңше, жақсы түсірілген сурет.
- Солай ма? Рақмет.

3. — Сен Қазақстанның көп жерлерін аралап, суретке түсіріпсің.  
Бұл суреттерді не істемексің?  
— Қазақстан туралы жинаған мағлұматтарды елге барғаннан кейін мақала жазуға пайдаланса, фотосуреттермен безендірсе, жақсы болмай ма? А?.. Соны істесем деген арманым бар.  
— Ой, өзің жақсы журналист болыпсың ғой. Жарайсың. Талабыңа нұр жаусын!  
— Рақмет.
4. — Қалай, досым? Қазақстан жайлы мақала жаздың ба?  
— Мақала жазылған, газетке де басылған, тағы да жазбақ ойым бар.  
— Өте жақсы, құттықтаймын.  
— Рақмет.
5. — Бізде ертең пікірталас болады, мүмкін, қатысарсың?  
— Тақырыбы қандай?  
— Тақырыбы — “Жақсы журналист деп кімді айтамыз?”  
— Мүмкін, қатысармын, тіпті сөз де сөйлермін. Бүгін кешке кездескенде, қатысарымды, қатыспасымды нақты айтармын.  
— Жарайды.
6. — Сен білесің бе, Әли, Тахсин елге барып келмек.  
— Қашан кетеді екен?  
— Бүгін немесе ертең кетер.  
— Менің шешеме беріп жіберетін сөлемдемем бар еді. Апарып берер ме екен?  
— Әрине, апарып береді.  
— Ендеше, шешемнің туған күніне сыйлық беріп жібергім келеді.

#### СӨЙЛЕСЕЙІК

1. Сіз досыңызбен бірге сағат 11-де мұражайға баруға уәде бердіңіз, ал сағат 10-ға сізді декан шақырыпты. Үлгересіз бе, үлгермейсіз бе, өзіңіз білмейсіз. Осыны досыңызға түсіндіріп айтыңыз.
2. Тахсиннің елге баратынын естідіңіз. Сіз шешеңізге сөлемдеме апарып беруді өтінбесіз. Осыны досыңызға хабарлаңыз.
3. Сізге Азияда тұратын халықтардың өмірі туралы мақала жазуды тапсырды. Сіз бұл тақырып туралы жазылған қандай кітаптарды оқыдыңыз, олардың авторы кім екенін айтыңыз. Жазатын мақалаңыздың жалпы жоспарын құрыңыз.

СӨЗДІК

алғаш рет	қаснет	пікір
арман	қаснетті	пікірталас
атау	қастерлеу	рас
өкету	қатынасу	санау
басылу	қауым	саябақ
баяндама	қиын	солай
безендіру	құттықтау	сонымен қатар
белгісіз	қызықты	суретке түсіру
беріп жіберу	мағлұмат	тағзым ету
газетке басу	мақала	тақырып
ғалым	мәлімет	талап
дейін	мөн	талабына нұр жаусын
демалатын орын	мұсылман	таратушы
дерек	мүмкін	тектес
дін	нақты	тіісті
жағдай	негізгі	үөде
жақ	ойшыл	үят
жөнінде	өмір	үлгеру
зерттеу	өмір сүру	шұғылдану
кейін	өтіну	шығарма
кадір түту	пайдалану	шығу
	парыз	яғни

18-САБАҚ

**КІМНІҢ НЕ ДЕП АЙТҚАНЫН БАСҚА АДАМҒА  
ЖЕТКІЗЕ БІЛУ ЖӘНЕ СҰРАЙ БІЛУ.  
ІСТЕП ЖАТҚАН ІС-ӘРЕКЕТ ТУРАЛЫ АЙТА БІЛУ**

- Жыл сайын болатын “Қазақстан сурет өнері” атты көрмеге шақыру қағазын алдым. Сіздің салып жүрген суреттеріңіз көпшілікке ұнайды. Сондықтан сіз де көрмеге қатысыңыз, — деді жетекшім.
- Көрме қашан болады? — деп сұрадым.
- Көрме жыл сайын наурыз айында болатын, биыл да наурыз айының 15-16-күндері болады, — деді жетекшім. Сонымен, мен қазір көрмеге дайындалып жүрмін.

1-тапсырма. Дұрыс айтып, оқып үйреніңіз.

Кім не	деді	[де-ді]
	деп айтты	[деб-айт-ты]
	деп сұрады	[деп-сұ-ра-ды]
	деп жауап берді	[деб-жа-уаб-бер-ді]

2-тапсырма. Оқыңыз.

Мен	дедім	Біз	дедік
	деп айттым		деп айттық
Сен	дедің	Сендер	дедіңдер
	деп айттын		деп айттындар
Сіз	дедіңіз	Сіздер	дедіңіздер
	деп айттыңыз		деп айттыңыздар
Ол	деді	Олар	деді
	деп айтты		деп айтты

3-тапсырма. Төл сөздің жазылуына көңіл аударыңыз.

- 1) — Көрмеге қатыс, — деді жетекшім.

Сөйлемнің схемасы:

— , — деді/деп айтты жетекшім.

- 2) Жетекшім:

— Көрмеге қатыс, — деді.

Сөйлемнің схемасы:

Жетекшім:  
— , — деді/деп айтты.

4-тапсырма. Керекті тыныс белгілерін қойыңыз.

Декан жиналысқа келіндер деп айтты. Жетекшім конференцияға мақала дайында деді. Ағам телефон соқ деді. Досым маған келемін деді. Саяхатқа барғыларыңыз келе ме деп сұрады.

5-тапсырма. Диалогтардағы негізгі мәліметті үлгі бойынша хабарлаңыз.

Үлгі:

- Сәлем, Патрик!
- Сәлем, Уолтер! Қайда бара жатырсың?
- Саяхатқа бара жатырмын.



- Қайда?
- Түркістанға.
- О-о-о, ендеше жолың болсын!
- Рақмет.

Мен кеше Уолтерді көрдім. Ол: — Түркістанға саяхатқа бара жатырмын, — деді.

1. — Сәлеметсің бе, Раушан!  
— Сәлем, Гүлнәр!  
— Раушан, қайда бара жатырсың?  
— Сурет көрмесіне бара жатырмын.  
— А-а-а, жақсы, жолың болсын!  
— Рақмет.
2. — Алло!  
— Алло!  
— Сәлеметсің бе!  
— Сәлеметсіз бе!  
— Маған Бекзада керек еді.  
— Иә, мен Бекзадамын.  
— Бекзада, мен Құралаймын. Мен ертең сабаққа бара алмаймын, себебі ауырып тұрмын.  
— Өкінішті.  
— Кейін кездесерміз.  
— Жақсы.
3. — Сәлеметсің бе, Еркін!  
— Сәлем, Нұржан!  
— Еркін, мен жаңа пәтер сатып алдым.  
— О-о-о, құтты болсын!  
— Рақмет. Қонаққа кел.  
— Жарайды.

Көрме жыл сайын наурыз айында болатын.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

а/-е/-й		
ЫЛҒИ		
-ды/-ді	-ған/-ген	қазір
-ты/-ті	-қан/-кен	
-ыпты/-іпті/-пты/-пті		
-атын/-етін		
-йтын/-йтін		
өткен		болашақ
		-а/-е/-й -мақ/-мек -ар/-ер
		-бақ/-бек -р
		-пақ/-пек

Ет.+ -атын/-етін + жік.ж.  
-йтын/-йтін

(Ол) бол + атын  
(Мен) қатыс + атын + мын

6-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Көрме жыл сайын наурызда бол... Мен көрмеге ылғи қатыс... Мектепте жүргенде сурет салумен айналыс... Менің досым бұрыннан тарихты жақсы көр... Біздің бала кезімізде әжеміз қызық өңгімелер көп айт..., бізге ертегілер оқы/... Менің атам араб тілінде сөйлей ал...

7-тапсырма. 1. Диалогты оқып, "болатын" етістігінің қолданылу ерекшелігіне көңіл бөліңіз.

2. Диалогта кім не дегенін айтыңыз. Ол үшін мына сөздерді пайдаланыңыз: деді, деп сұрады, деп жауап берді.

- Сәлеметсіз бе, ағай!
- Амансың ба, айналайын Қайрат! Қайрат, сен маған керек едің.
- Иә ...
- Қайрат, жақында мен жыл сайын болатын көрмеге шақыру қағазын алдым. Сенің салған суреттерің халыққа ұнайды. Сенің сол көрмеге қатысуың керек.
- Рақмет, ағай. Мүмкіндік болса, мен қатысамын.
- Әрине, мүмкіндік бар.
- Көрме қай жерде болады?
- Әбілқан Қастеев атындағы өнер мұражайында болады.
- Тамаша. Уақыты қашан?
- Жыл сайын наурызда болатын, биыл да наурыздың 15-16-күндері болады. Сен жақсы дайындал.
- Әрине, дайындаламын.
- Жақсы, табыс тілеймін!
- Рақмет.

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Сіз бала кезіңізде не істеуді ұнататынсыз? (сурет салу, коньки тебу, суда жүзу, футбол ойнау, ...)
- 2) Сізге әжеңіз, атаңыз, әке-шешеніз ертегілер айтатын ба? Сізге қай ертегі ұнайтын. Неге?
- 3) Сіз Қазақстанда үнемі болатын қандай концерт, көрме, конференцияларды білесіз. Олар қалай аталады.

Мен қазір көрмеге дайындалып жүрмін.

9-тапсырма. Дұрыс оқып, айтып үйреніңіз.

Кім не істеп	жүр	[... іс-теб-жүр]
	жатыр	[... іс-теб-жа-тыр]
	отыр	[... іс-теб-о-тыр]
	тұр	[... іс-теп-тұр]

10-тапсырма. Оқыңыз.

Мен көрмеге дайындалып жүрмін. Досым баяндама жазып жатыр. Інім қазір сабақ оқып отыр. Мен досымды күтіп тұрмын.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ:

-а/-е/-й		-ып/-іп/-п жатыр/жүр	
ЫЛҒИ			
-ды/-ді	-ған/-ген	-а/-е/ жатыр	-а/-е/-й -мақ/-мек
-ты/-ті	-қан/-кен		-бақ/-бек
-ыпты/-іпті/-пты/-пті	-ып жатыр		-пақ/-пек
-атын/-етін	-іп жүр		-ар/-ер
-йтын/-йтін	-п отыр/тұр		-р
өткен			болашақ
қазір			

Ет. + -ып/-іп	отыр	
-п	тұр	+ жік.ж.
	жүр	
	жатыр	

(Мен) жаз + ып жатыр + мын

11-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Қазір мен сабаққа дайындал... Менің інім музыка тында...  
Өпкем күнде емтиханға дайындал... Ағам көптен бері конференцияға баяндама жаз... Сәуле жиналыста сөйле...

12-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Отыр	Ол орындықта ...
	Мен кітап оқ/ы/...
	Сен хат жаз... ба?

Тұр	Ол көшеде ...
	Сіз күт... ба?
	Олар сөйлес... Біз өлең айт... .
Жатыр	Ол диванда... .
	Ол ұйқта... .
	Сендер демал... ма?
Жүр	Мен көшеде ... .
	Олар қыдыр... .
	Ол коньки теп... . Сіздер ойлан... ме?

13-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) — Сіз қазір не істеп отырсыз?  
— ...
- 2) — Сіздің досыңыз не істеп отыр?  
— ...
- 3) — Сіздің әке-шешеңіз не істеп жүр? /ылғи/  
— ...
- 4) — Сіздің ағаңыз бар ма?  
— ...

14-тапсырма. Диалогты оқып, кім не істеп жатыр, айтыңыз..

- а) — Алло!  
— Алло!  
— Арман, бұл — мен, Асанмын. Халің қалай?  
— Жақсы. Өзіңнің халің қалай, Асан?  
— Жақсы, рақмет. Сен не істеп жатырсың?  
— Мен теледидар көріп отырмын. Ал сен ше?  
— Мен музыка тындап отырмын.
- ә) — Сәлем, Маулет!  
— Сәлем, Жандос!  
— Маулет, не істеп жүрсің?  
— Баяндама жазып жатырмын. Ал сен ше?  
— Мен көрмеге дайындалып жүрмін.
- б) — Алло!  
— Алло!  
— Сәлем, Марат!  
— Сәлем, Сәбит!  
— Халің қалай?  
— Жақсы, рақмет. Не істеп жатырсың?

## Тіл ұстарту

### I. ДИАЛОГТАРЫ ОҚЫНЫЗ.

- Емтиханға текст аударып отырмын. Ал сен ше?
- Мен аударып бітірдім, қазір демалып отырмын. Сөбит, мен кеше Қайратты көрдім.
- Иә, ол не деді?
- Ол: “Көрмеге қатысамын”, — деді.
- Қандай, жақында болатын көрмеге ме?
- Иә.
- Тамаша, біз де барып көрейік.
- Жарайды, барайық.

15-тапсырма. Тексті оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Менің аты-жөнім Қадыржан Бекежанұлы. Мен суретшімін. Алматы қаласында Көркем өнер институтында оқып, 1983 жылы бітірдім. Институтта оқып жүргенде менің жақсы көретін жетекшім бар болатын. Оның аты-жөні Құрасбек Тыныбекұлы еді. Бір күні ол Әбілқан Қастеев атындағы өнер мұражайында болатын көрмеге шақыру қағазын алып, маған келді. Көрме жыл сайын наурыз айында болатын. Ол маған:

— Көрмеге қатыс, сенің салған суреттерің көпшілікке ұнайды, — деді. Мен:

— Рақмет, көрмеге көптен бері қатысқым келіп жүр, — дедім.

Мен бұл көрмеге қатысу үшін көп дайындалып, әр түрлі суреттер салдым. Менің еңбегім босқа кеткен жоқ. Көрмеде суреттерімді мамандар мен көрермендер жоғары бағалады. Мен бұл мамандығымды өте жақсы көремін, қадірлеймін, сондықтан үлкен жетістіктерге жеткім келеді. Менің салған суреттерім Америка, Германия, Түркия, Ресей елдерінде жеке қорларда сақтаулы.

1. Қадыржан кім?
2. Ол қайда оқыды?
3. Жетекшісі қандай қағаз алыпты?
4. Көрме ылғи қашан болатын?
5. Жетекшісі Қадыржанға не деді?
6. Қадыржан не деді?
7. Ол қандай жетістіктерге жетті?

16-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіздің кім болғыңыз келеді?
2. Ол үшін сіздің не істегіңіз келеді/не істемексіз?
3. Сіз өзіңіздің мақсаттарыңыз, істейтін жұмыстарыңыз туралы әке-шешенізге айттыңыз ба?
4. Олар сізге не деді, қандай ақыл-кеңес берді?

1. — Әли, қайда барып келе жатырсың?  
— Мен ғылыми жетекшіме барып келе жатырмын.  
— Иә, ол кісі не айтты?  
— Ол кісі: — Ақпанда болатын ғылыми конференцияға баяндама дайындау керек, — деді.  
— Ал, сенің дайындығың бар ма еді?  
— Дайындалып жүрмін.  
— Өте жақсы.
2. — Сәлем, Сумейра! Хал қалай?  
— Рақмет, халім жақсы. Өз халің жақсы ма?  
— Жақсы. Сумейра, кеше Сәуле: — Театрға барайық, — деді.  
— Ол билет алды ма екен?  
— Білмеймін. Ол билет алатын болған.  
— Олай болса, алған болар.
3. — Мен досымнан хат алдым.  
— Досың не жазыпты?  
— Ол маған: “Сені сағындым, келіп кет”, — деп жазыпты.  
— Ал, енді не істейтін болдың? Барасың ба?  
— Мен оған қыстағы демалыста (каникулда) баратынымды айтып хат жаздым.  
— Қысқы демалыс қай айда болады?  
— Жылда ақпан айында болатын еді. Биыл да сол айда болатын болар.
4. — Тахсин, сен үйден хат алып тұрасың ба?  
— Иә, мен елден хатты жиі алып тұрамын.  
— Саған кімдер жазады?  
— Маған інім мен қарындасым жазып тұрады.
5. — Ибрагим, саған досың келіп отыр.  
— Қашан келді?  
— Келгеніне жарты сағат болды. Өзі асығып отыр. “Жақын-да елге қайтамын”, — дейді.  
— Солай ма? Ендеше, мен қазір бөлмеге барамын.

### СӨЙЛЕСЕЙІК

“Өнер” атты тақырыпқа пікірталас ұйымдастырыңыз. Өнердің қандай түрлерін білесіз, қандай түрі ұнайды, айтыңыз және себебін дәлелденіз. Қандай атақты өнер қайраткерлерін білесіз?

СӨЗДІК

айанлысу	жеке	көркем өнер
асығу	жетекші	көрме
аталу	жетістік	кор
бағалау	жиналыс	сағыну
бұрын	жоғары	сақтау
ғылыми	жолың болсын	табиғат
енбек босқа кету	жыл сайын	табыс тілеу
ертегі	көпшілік	үнемі
	көрермен	шакыру қағаз

19-САБАҚ

**ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ**

**I. Берілген кестені пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз**

*1-кесте*

№	Септіктер	Мағынасы	Сұрақтары	Жалғаулары	
				жай	тәуелді
1	Атау	Заттың, іс-әрекеттің атауын білдіру	кім? не?	—	—
2	Ілік	Заттың, іс-әрекеттің біреуге меншікті екенін білдіру	кімнің? ненің?	-ның/-нің -дың/-дің -тың/-тің	
3	Барыс	1) іс-әрекеттің бағытын және адресатты білдіру; 2) іс-әрекеттің мақсатын, себебін білдіру; 3) іс-әрекеттің уақытын білдіру	қайда? кімге? неге? нешеге?	-ға/-ге -қа/-ке	тәу.ж. I. -а/-е II. III. -на/-не

№	Септіктер	Мағынасы	Сұрақтары	Жалғаулары	
				жай	тәуелді
4	Табыс	Тура объектіні білдіру	кімді? нені?	-ны/-ні -ды/-ді -ты/-ті	тәу.ж. III. -н
5	Жатыс	1) заттың немесе іс-әрекеттің орнын білдіру; 2) іс-әрекеттің уақытын білдіру; 3) жас мөлшерді білдіру	қайда? кімде? неде? нешеде? қашан?	-да/-де -та/-те	тәу.ж. III.-нда/ -нде
6	Шығыс	1) іс-әрекеттің шыққан орнын білдіру; 2) іс-әрекеттің мезгілін білдіру	қайдан? кімнен? неден? қашан?	-нан/-нен -дан/-ден -тан/-тен	тәу.ж. III.-нан/ -нен
7	Көмектес	1) бірлесіп істелінетін әрекетті білдіру; 2) көлікпен жүруді білдіру	кіммен? немен?	-мен/ -бен/ -пен/	

Сұрақтар:

1. Сіз қай жерден, қай қаладан, қашан, немен келдіңіз?
2. Сіздің жасыңыз нешеде?
3. Сіздің отбасыңызда кімдер бар?
4. Сіздің отбасыңыз қайда тұрады?
5. Сіздің досыңыздың отбасында кімдер бар?
6. Сізге не істеу ұнайды?
7. Сіз қай елдерде, қай қалаларда болдыңыз?
8. Қайда барғыңыз келеді?
9. Неге барғыңыз келеді?
10. Сіз қай тілдерде сөйлей аласыз?
11. Қазақ тілін неге үйреніп жүрсіз?
12. Сіздің кім болғыңыз келеді?
13. Сіздің қайда жұмыс істегіңіз келеді?
14. Сіз әдетте түске дейін, түстен кейін не істейсіз?
15. Сіз жеміс-жидекті, көкөністі қайдан сатып аласыз?

II. Берілген сын есімдерді қолдана отырып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

ак	үлкен	жақсы	ауыр	тар	аккөңіл
кара	кіші	нашар	өдемі	ескі	қайырымды
қызыл	кішкентай	жаман	жас	ыстық	қарапайым
сары	ұзын	қиын	көрі	суық	түзу
жасыл	қысқа	оңай	арық	тарихи	қисық
көк	биік	жеңіл	толық	алыс	дөңгелек
сұр	аласа	қалың	нәзік	жақын	сопақ
көгілдір	ұзақ	жұқа	кең	ақылды	жана

1-тапсырма. Тексті оқыңыз.

**БАЯН**



Баян ұзын бойлы, ақ құба, нәзік, сымбатты, сұлу қыз. Оның шаштары ұзын, қап-қара, өзіне жақсы жарасады. Үлкен қара көздері және жіңішке қара қастары да өте өдемі. Оның құлағындағы өдемі, үлкен сырға, мойнындағы зерлі алқа, білегіндегі білезік, қолындағы сақина Баянға одан әрі керік беріп тұр.

Баян жылы жүзді, ақылды, қарапайым қыз.

2-тапсырма. Ал, қанеки, ойнайық! Ойынның аты: "Бұл кім?" немесе "Бұл не?"

Ойынның шарты:

Студенттер бір студентті сыртта қалдырып, бір затты немесе бір студенттің бейнесін суреттеп жасырады. Сырттағы студент аудиторияға кіріп, қосымша сұрақтардың көмегімен ол заттың не немесе кім екенін табуы керек. Мысалы:

Сұрақ:

- Ол кім бе, не ме?
- Ол үлкен бе, кішкентай ма?
- Ол қалың ба, жұқа ма?
- Ол кітап па?


Жауап:

- Ол — не.
- Ол кішкентай.
- Ол жұқа.
- Жоқ, ол кітап емес.

Осылай қашан тапқанша жалғаса береді.

III. Кестені пайдалана отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

2-кесте (Есімше кестесі)



Сұрақтар:

1. Сіздің қазақша сөйлейтін достарыңыз бар ма?
2. Сіздің болашақта істейтін қандай үлкен-үлкен жұмыстарыңыз бар?
3. Сіз оқыған кітаптарыңыздың ішінде сізге қай автордың кітабы ұнады?
4. Өзіңіздің еліңізде тұратын қандай ұлттарды білесіз?
5. Сіздің қазір оқып жатқан кітабыңыз не туралы?

Тапсырмалар:

1. Досыңыздан кітапханадан алған кітабын уақытша бере тұруын сұраңыз.
2. Мұғаліміңізден емтиханға дайындайтын тапсырмаларыңыз жөнінде сұраңыз.
3. Сіз достарыңызға үйреніп жатқан тіліңіз туралы айтып беріңіз және олардан сұраңыз.

IV.

1-тапсырма. Кестені және төмендегі етістіктерді пайдалана отырып, етістіктің шақтарының барлық формаларын жасаңыз.

3-к е с т е. (Етістіктің шақ формалары)

-а/-е/-й -ып/-іп/-п жатыр/жүр			
ЫЛҒИ			
-ды/-ді -ты/-ті -ыпты/-іпті/-пты/-пті -атын/-етін -йтын/-йтін	-ған/-ген -қан/-кен -ыпты/-іпті/-пты/-пті -атын/-етін -йтын/-йтін	-а/-е жатыр -ып -іп -п	-а/-е-й -мақ/-мек -бақ/-бек -пақ/-пек -ар/-ер/-р
өткен	қазір	және	болашақ

оқу	көрсету	бару	жабу
түру	сөйлеу	апару	ойнау
жұмыс істеу	сөйлесу	келу	аталу
дайындалу	айту	өкелу	қарау
жазу	үйрену	қайту	жалғастыру
тыңдау	көру	пісіру	қолдану
басталу	үйрету	дайындалу	пайдалану
аяқталу	отыру	оралу	ашу
болу	жүру	билеу	аудару
алу	жату	жүзу	туу
сатып алу	кездесу	жүргізу	аралау
беру	шақыру	тебу	

2-тапсырма. Айтып беріңіз.

- Сіз — кеше  
— бір ай бұрын  
— бір жыл бұрын  
не істедіңіз, не үшін істедіңіз?
- Сізге бала кезіңізде не істеу ұнайтын. Неге?
- Сіз — ертең  
— бір аптадан кейін  
— келесі жазда  
не істейсіз, не үшін істемексіз?
- Он жылдан кейін сіз не істеуіңіз мүмкін?
- Сіз қазір не істеп жүрсіз? Неге дайындалып жүрсіз?
- Досыңызға телефон соғыңыз. Не істеп жатыр екен? Сұраңыз.
- Сіз әдетте — бір нәрсе сатып алғыңыз келсе,

- театрға барғыңыз келсе,
- досыңызды шақырғыңыз келсе,  
не істейсіз?

V. Коммуникативтік жағдайларға байланысты берілген рөлдік ойын-тапсырмалар.

1. Сіз екі жыл бойы көрмеген досыңызды кездестірдіңіз:

- амандасыңыз;  
— өзіңіз туралы айтыңыз;  
— оның жағдайы, жаңалығы туралы сұраның.

ә) Сізді досыңыз қазір кафеге шақырды.

Сіздің барғыңыз келеді, бірақ бара алмайсыз	кафеге бара аласыз, келісіңіз
себебі	қай кафеге баруға болатынын айтыңыз
кафеге бару уақытын өзгертуін сұраның	себебі

- Сіз достарыңызды қонаққа шақыруды ұйғардыңыз. Не істеуіңіз керек? — Достарыңызға телефон соғып, оларды қонаққа шақырғыңыз келетіні туралы айтып, мекенжайды, уақытты белгілеңіз.
- Сіздің танысыңыз Мұраттың Қазақстанға келіп оқығысы келеді. Онымен өңгімелесіңіз.
  - оның Қазақстанда оқу мақсаты туралы сұраның;  
— өзіңіздің Қазақстанға келу себептеріңіз туралы, мұндағы оқу, өмір сүру тәжірибеңіз туралы айтыңыз;  
— екі елдің арасындағы өмір, тұрмыс-тіршілік, білім беру салаларындағы айырмашылықтарды айтыңыз.
  - Мұратқа қандай ақыл-кеңес берер едіңіз, оның себебі неде?  
— Өзіңіз Алматыда Мұратқа қандай көмек көрсете алар едіңіз?  
— Мұратты Қазақстанның қай жерлеріне апарар едіңіз, себебін түсіндіріңіз.

СӨЗДІК

Аа

аға	арзан
ағай	арман
ағайын	ас
ағаш	аспаз
адам	аспап
аз	аспирант
азамат	аспирантура
аздап	асхана
азық-түлік	асығу
ай	ат
айналайын	ата
айналысу	атақты
айту	атау
ақ	аты-жөні
ақпан	ауа райы
ақыл	аудан
ақылдасу	аудармашы
ақын	аудару
акша	ауру
ал	аурухана
алайда	ауыл
алғаш	ашу
алма	аяғында
алмұрт	аяқ киім
алпыс	аяқталу
алты (алтау)	аялдама
алтын	
алу	Өө
амандасу	өдебиетші
аман-сау бол	өдемі
ана	өдет
анау	өдетте
анықтама	өже
аңыз	өке
апай	өкелу
апару	өкету
апта	өлі
арал	өн
аралау	өн таспасы
	өнші

өңгімелесу

өпке  
өрекет  
өринс  
өр түрлі  
өртіс  
өріптес  
өуежай

Бб

баға  
бағалау  
базарлық  
бақылау жұмысы  
бала  
балабақша  
балмұздақ  
банк  
бар  
бару  
бас  
бас киім  
басқа  
басталу  
бас тарту  
бастау  
басшы  
басылу  
басылым  
баяндама  
бөрі  
безендіру  
бейнекамера  
бейнемагнитофон  
бейсенбі  
белгі  
белгілі  
беру  
бес  
бесеу

билеу  
биолог  
биші  
биыл  
болашақ  
болу  
бор  
бос  
бос уақыт  
бөлме  
бұл  
бұрын  
бүгін  
бүгінгі  
былтыр  
біз  
білезік  
білу  
білім  
бір  
бірақ  
бірге  
біреу  
бірлесу  
бірнеше  
бірінен соң бірі  
бітіру

Вв

вокзал

Гг

газетке басу  
геолог  
гүл

Гг

ғалым  
ғапу ету  
ғылыми

Дд

дайындау  
дайындық  
дала

дөл  
дәптер  
дөрі  
дөрігер  
дәрісхана  
дәріхана  
дейін  
демалу  
демалыс  
денсаулық  
дерек  
деу  
домбыра  
доп  
дос  
достық  
дүйсенбі  
дүксн  
дін

Ее

екеу  
екі  
екінші  
ел  
елтану  
елу  
емдеуші  
емес  
емтихан  
емхана  
енді  
ең  
еркін  
ертең  
есепші  
ескерткіш  
ескі  
есік  
есім  
есіту  
ет

Жж

жабу  
жағдай

жағрапия (география)  
жазу  
жазушы  
жай  
жақ  
жақсы  
жақында  
жаңа  
жаналық  
жанбыр  
жарайды  
жарайсын  
жарнама  
жарым  
жарыс  
жас  
жасау  
жасыл  
жатақхана  
жаттығу  
жауап  
жауын  
жөне  
жезде  
жеке  
жексенбі  
желтоқсан  
жеміс  
женге  
жер  
жетекші  
жетпіс  
жеті (жетеу)  
жетістік  
жинақ  
жиналыс  
жинау  
жиырма  
жиі  
жоғары  
жол  
жолдас  
жолың болсын  
жоспар  
жөнінде  
жуыну  
жұма

жұмыс  
жұмыс уақыты  
жүз  
жүзу  
жүзім  
жүру  
жыл  
жыл сайын  
жылы  
жіберу  
жігіт  
жіп

Зз

заң  
заңгер  
зейнеткер  
зерттеу

Ии

ине  
инженер

Кк

кассета  
кәмпит  
кәрі  
кездесу  
кейін  
келесі  
келу  
(тағы) келіп түр  
келісу  
кен  
кеңсе  
керек  
кесене  
кесте  
кесіп тастау  
кету  
кеш  
кешке  
кешіру  
киоск  
киім  
кию

коньки тебу  
көйлек  
көк  
көкөк  
көкөніс  
көмек  
көмектесу  
көңіл-күй  
көп  
көпшілік  
көр  
көрермен  
көркемөнер

көрме  
көрсету  
көру  
көрші  
көрініс  
көріскенше  
көше  
курс  
күйеу  
күйсандық  
күлу  
күлкі  
күміс  
күн  
күнде  
күндіз  
күт  
күту  
күтіп алу  
кім  
кіру  
кітап  
кітапхана  
кішкентай  
кіші

Ққ

кабырға  
қағаз  
қадір тұту  
қадірлеу  
қажет  
қазақ  
қазақ тілі

қазан  
қазір  
қайдан  
қай жер(ден)  
қайталау  
қайырымды  
қала  
қалай  
қалам  
қалашық  
қалқам  
халің(із) қалай  
қанша  
қаңтар  
қара  
қарағым  
қаратпа сөз  
қарау  
қараша  
қарт  
қарындас  
қарындаш  
қасиет  
қасиетті  
кастерлеу  
катысу  
қауым  
қашан  
қиын  
қойын дәптер  
қол  
қолайлы  
қолдан келу  
қолшатыр  
қонақ  
қоңыр  
қосымша  
қуану  
қуанышты  
құқық қорғау  
құрастыру  
құрдас  
құрылыс  
құрылысшы  
құт  
құтты  
құтты болсын  
құттықтау

қыдыру  
қыз  
қызметші  
қызық  
қызықты  
қызыл  
қымбат  
қыркүйек  
қырық  
қыскарту

Мм

магнитофон  
мағлұмат  
май  
мақала  
мақсат  
мақұл  
мамандық  
мамыр  
маныз  
маусым  
мәдениет сарайы  
мәлімет  
мән  
мәселе  
мезгіл  
мейрам  
мейрамхана  
мейірім  
мейірімді  
мекенжай  
мен  
мерейтой  
мереке  
мүғалім  
мүражай  
мүсылман  
мүлдем  
мүмкін  
мүмкіндік  
мынау  
мінеки

Нн

назар

нақты  
нан  
наурыз  
нашар  
нәзік  
нәрсе  
негізгі  
неліктен  
немере  
немесе  
неше  
нөмір

Оо

ойдағыдай  
ойлау  
ойнау  
ойшыл  
оқу  
оқулық  
оқы  
оқытушы  
ол  
он  
онда  
онша  
орамал  
орналасу  
орта жас  
орталық  
орын  
орындау  
орындық  
от  
Отан  
отбасы  
отыз  
отырғызу  
отыру  
ояну

Өө

өз  
өйткені  
өкініш  
өкінішке орай

өкінішті  
өлең  
өмір  
өмір сүру  
өрік  
өсіру  
өте  
өтіну

Пп

пайдалану  
парыз  
пән  
пәтер  
пікір  
пікірталас  
пісіру

Рр

рай  
рас  
рақмет  
ренжу  
рет  
риза болу  
рұқсат

Сс

сабақ  
сабақ кестесі  
сағат  
сазгер  
сақина  
сақтау  
салдар  
салу  
санау  
сапар  
сарай  
сары  
сату  
сатып алу  
сау бол  
саябақ  
саяхат  
саяхат жасау



саяхатқа шығу  
сәлем  
сәлемдеме  
сәлемдесу  
сәлемет/сіз бе/  
сән дүкені  
сәрсенбі  
сәтсіз  
себеп  
сегіз  
сейсенбі  
сексен  
сен  
сенбі  
сену  
серік  
серіктес  
серуен  
серуендеу  
сирек  
сияқты  
солай  
сондықтан  
сонымен қатар  
сөз  
сөздік  
сөйлем  
сөйлеу  
сөмке  
спорт сарайы  
су  
сусын  
сурет  
сурет салу  
суретке түсіру  
суық  
сұлу  
сұр  
сұрақ  
сұрау  
сүйену  
сүт  
сызу  
сыйлық  
сынақ  
сырға  
сіз

сінлі

Тт

табиғат  
табу  
табыс тілеу  
тағзым  
таза  
тазалау  
тақта  
тақырып  
талабына нұр жаусын  
талап  
тамақ  
тамактану  
тамаша  
тамыз  
таныс  
танысайық  
танысу  
танысып қояйық  
таңдау  
танертен  
тап  
тапсырма  
тапсыру  
тар  
тарак  
таратушы  
тарихшы  
тау  
тәрбиеші  
тәржімеші  
театр  
тез  
тек  
тектес  
теледидар  
телефон соғу  
тиісті  
тоғыз  
той  
токаш  
тоқсан  
топ  
төрт (төртеу)  
туған күн

туралы  
туысқан  
түз  
түздық  
тұрмыс  
түру  
түзу  
түн  
түнде  
түс  
түсу  
түсіну  
түсінікті  
тым  
тындау  
тігу  
тілашар  
тілші

Уу

уақыт  
уәде

Үү

үзак  
үзын  
үйқтау  
үл  
үлттык  
ұлы  
ұнау  
ұсыну  
ұшак  
үят

Үү

үй  
үйрену  
үй тапсырмасы  
үй-іші  
үлгеру  
үлкен  
үнемі  
үш  
үшеу  
үшін

Фф

филолог  
филология  
философ

Хх

хабар  
хабарлама  
хабарласу  
халық  
халықаралық қатынас  
хат  
хатшы

Цц

цирк

Шш

шай

шакыру

шакыру қағаз  
шаңғы тебу  
шаш  
шаштараз  
шеберхана  
шетел  
шеше  
шөп  
шұғылдану  
шүберек  
шығарма  
шырын  
шілде

Ыы

ыдыс-аяқ  
ылғал  
ылғалды  
ыстық

Іі

іздеу  
іс-өрекет  
іске сөт  
іссапар  
істеу  
іні  
ішу

Ээ

экономист  
экскурсия

Яя

яғни

**TDV İSAM**  
**Kütüphanesi Arşivi**  
No TK/123.1

## МАЗМҰНЫ

Сөз басы .....	3
Бастауыш фонетикалық курс .....	8
1-сабақ .....	10
2-сабақ .....	14
3-сабақ .....	19
4-сабақ .....	23
5-сабақ .....	29
Бастауыш грамматикалық курс .....	32
1-сабақ .....	—
2-сабақ .....	41
3-сабақ .....	48
4-сабақ .....	57
5-сабақ .....	63
6-сабақ .....	70
7-сабақ .....	78
8-сабақ .....	86
9-сабақ .....	97
10-сабақ .....	108
11-сабақ .....	117
12-сабақ .....	127
13-сабақ .....	136
14-сабақ .....	144
15-сабақ .....	155
16-сабақ .....	165
17-сабақ .....	176
18-сабақ .....	186
19-сабақ .....	194
Сөздік .....	200

**TDV İSAM**  
**Kütüphanesi Arşivi**  
No **TK/123.1**

Учебное издание

Г.А. Мусаева, А.А. Курьшжанова,  
Ж.Ш. Ахмедова, Л.В. Екшембеева

**АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ**

Первая книга учебного комплекса  
"Хотите ли говорить на казахском языке?"

1-ое издание

(на казахском языке)

ИБ № 305

Редакторы

*Жұмабай Қожақынұлы Қайранбайтегі*

Суретшісі

*Бекен Жапаров*

Көркемдеуші редакторы

*Бекен Жапаров*

Техникалық редакторы

*Салтанат Мұхамбетқазықызы*

Беттеуші

*Н. Шевченко*

TDV İSAM  
Kütüphanesi Arşivi  
No TK/123.


ИБ № 305

Теруге 4.09.97. жіберілді. Басуға 20.11.97. қол қойылды. Пішімі 84 × 108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қағазы офсет. Каріп түрі "Таймс". Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 10,92. Шартты бояулы беттаңбасы 11,13. Есептік баспа табағы 11,4. Қосымша таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 1153. Келісімді баға.

"Кодекс" мемлекеттік еншілес кәсіпорнында теріліп беттелген.  
Тел. 62-10-82.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің  
"Балауса" баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің  
"Кітап" өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.



Ш. Бектұров, А. Бектұрова

КАЗАК  
ТІЛІНІН  
ҚАЛТАЛЫҚ  
ОҚУЛЫҒЫ

КАРМАННЫЙ  
САМОУЧИТЕЛЬ  
КАЗАХСКОГО  
ЯЗЫКА



TDV İSAM  
Kütüphanesi Arşivi  
TK/123.2

Сабақ 1

Танысу




— Сәлем! Мынау  
мен.  
Менің атым Берік.  
Сенің атың кім?

Сабақ 1



- Сәлем! Менің атым Берік.




- Мынау менің досым. Оның аты Джон.




- Джон, анау кім?  
- Ол менің жолдасым.

## Сабақ 1

- Сіздің атыңыз кім?
- Менің атым Роза.



- Мынау менің досым Әлия.
- Ал Сіздің досыңыз кім?





## Сабақ 2

### Отбасы

- Сәлем! Менің атым Берік.  
Менің отбасым бар. Менің атам,  
әжем, әкем, шешем, ағам, апам,  
қарындасым бар. Інім жоқ.  
Сіздің әке-шешеңіз кім? Ағаңыз,  
анаңыз кім?




Сабақ 2

- Әлия, менің отбасым бар.  
- Өте жақсы.  
Мынау сенің атаң және әжең.  
- Иә, дұрыс.  
Олар зейнеткерлер.




- Мынау менің әкешем.  
- Менің атым Әлия.

Сабақ 2



Апасы: Берік - Берік: Мынау менің  
біздің ініміз. апам және ағам.

Олардың аттары -  
Айжан  
және Арман.




Апасы: Мынау  
менің сіңлім,  
оқушы.  
Қарындасы:  
Менің ағам -  
Берік.  
Берік: Айсұлу -  
менің  
қарындасым.

*Сабақ 3*

**Мамандық**


*- Қайырлы таң!  
Мен Берікпін. Мынау  
- Ораз. Біз доспыз.  
Біз студентпіз. Біз  
заңгерлерміз.  
Сендер кімсіңдер?*




Сабақ 3




Мен  
филолог-  
пын




Мен  
заңгер-  
мін



Мен  
дәрігер-  
мін



Мен  
мұғалім-  
мін



Біз  
аспазбыз



Біз  
құрылыс-  
шымыз

Джон: Әлия, Сіздің мамандығыңыз қандай?  
Әлия: Мен дәрігермін. Сіз ше?  
Джон: Мен филологпын.  
Әлия: О-о! Сіз ғалым екенсіз ғой! Роза кім?  
Джон: Роза мұғалім. Берік ше?  
Әлия: Ол қазір студент.  
Мамандығы заңгер.

**Сабақ 4**

**Жас мөлшері**



**Берік:** Джон, Сен нешедесің?

**Джон:** Мен жиырма екідемін.

**Берік:** Ағаларың нешеде?

**Джон:** Ағаларым отызда.

Екеуі егіз.

*- Қайырлы таң! Менің атым Берік. Мен жиырмадамын. (Мен жиырма жастамын.)*

*Сен нешедесің (қаншадасың)?*

*Неше (қанша) жастасың?*



Сабақ 4

Әлия: Ата, Сіз неше жастасыз?

Ата: Мен алпыс жетідемін.

Әлия: Әже де алпыс жетіде шығар?

Ата: Иә, әже де, мен де алпыс жетідеміз.

Әлия: Екеуіңіз құрдас екенсіздер.



Туған жері. Елі. Ұлты




- Қайырлы күн!  
Менің атым Берік.  
Ұлтым қазақ. Туған  
жерім - Ақмола.  
Туған елім -  
Қазақстан. Мен  
Селеті ауданынанмын.


Сенің атың кім?  
Сен кімсің? Ұлтың  
кім? Туған елің  
қайда? Туған жерің  
қайда? Екеуміз  
жерлеспіз бе?



Сабақ 5





-Қайырлы күн!  
Менің атым  
Берік. Менің туған  
жерім Ақмола.




-Ораз, сенің туған  
жерің қайда?  
- Екеуміз  
жерлеспіз. Мен  
Ақмоладанмын

- Ораз, ана,  
кім? Света ма?  
- Иә, Света  
ғой.



- Света, Сіз қай  
елденсіз? Ресейденсіз бе?  
- Жок, мен  
Украинаданмын.

Сабақ 5



- Джон американдық.  
Оның туған елі Америка  
Құрама Штаттарында  
- Солай ма? АҚШ-тан ба?  
- Иә, солай.



- Сіздердің туған  
елдеріңіз Қазақстан  
шығар?  
- Жок, біз Ресейденбіз.  
Біздің туған жеріміз  
- Мәскеу. Біз орыспыз.

Сабақ 6

Туған жылы, айы және күні

- Қайырлы кеш! Мен Берікпін. Фамилиям Жүнісов. Әкемнің аты Асқар. Мен жиырмадамын. Менің туған жылым бір мың тоғыз жүз жетпіс жетінші жыл. Менің туған күнім қаңтардың бірі.

Сен кімсің? Фамилияң кім? Әкеннің аты кім? Туған жылың қай жыл? Туған күнің қашан? Екеуіміз құрдаспыз ба?



## Сабақ 6

Берік: Қайырлы кеш! Қалің қалай?

Әлия: Рахмет, жаман емес.

Берік: Әлия, сен жиырмада шығарсың?

Әлия: Иә, менің туған жылым бір мың тоғыз жүз жетпіс жетінші жыл.

Берік: Туған күнің қашан?

Әлия: Менің туған күнім ақпанның он бесі.

Әлия: Берік, әкеңнің туған жылы қай жыл?





Берік: Бір мың тоғыз жүз елуінші жыл.

Әлия: Онда ол қырық жетіде екен ғой.

Берік: Иә, шешем де қырық жетіде. Оның туған күні сәуірдің жетісі.



TDV İSAM  
Kütüphanesi Arşivi  
No TK/123.2

Желтоқсан Қаңтар Ақпан	ҚЫС 	КӨКТЕМ 	Наурыз Сәуір Мамыр
Қыркүйек Қазан қараша	КҮЗ 	ЖАЗ 	Маусым Шілде Тамыз


Сабақ 7

Апта күндері. Күнтізбе.  
Мерекелер



— Сәлеметсіздер ме! Бүгін сәрсенбі. Бүгін желтоқсанның отыз бірі. Бүгін демалыс күні емес, жұмыс күні. Бүгін мейрам емес, жұмыс күні.

Ертең қай күн? Ертең нешесі? Ертең жұмыс күні ме, демалыс күні ме? Ертең мейрам ба?



### Сабақ 7

Ораз: Сәлеметсіздер ме!

Берік: Сәлеметсіздер ме!

Света: Кіруге рұқсат па?

Әлия: Рұқсат! Келіндер,  
шай ішейік.

Света: Рахмет. Жігіттер,  
бүгін қай күн?

Ораз: Бүгін сәрсенбі.

Ораз: Ертең демалыс  
күні ме, жұмыс күні ме?

Әлия: Ертең мейрам,  
наурыздың жиырма екісі.

Наурыз құтты болсын!

Берік: Бірге болсын!



Сабақ 8

Тұратын жері. Мекен-жайы

-Қайырлы кеш! Менің атым Берік. Алматы қаласынанмын. Мекен-жайым: Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 129-үй, 10-пәтер. Менің пәтерім жақсы. Сен қай жерденсің? Мекен-жайың? Пәтерің қандай?



- Қайырлы күн! Менің атым Берік. Мен Алматы қаласынанмын.

## Сабақ 8

**Берік:** Ораз, сенің мекен-жайың қайда?

**Ораз:** Әйтеке би көшесі 89-ыншы үй, 36-ыншы пәтер.

**Берік:** Светаның мекен-жайы қайда?



**Ораз:** Оның мекен-жайы “Көктем” ықшамауданы, 36-үй, 56 пәтер

**Ораз:** Өзіңнің мекен-жайың ?

**Берік:** Бөгенбай батыр көшесі, 129-үй, 10-пәтер

**Ораз:** Пәтерің жақсы ма?

**Берік:** Тамаша. Менің пәтерім бес қабатты үйде. Оныншы пәтер - менікі.




**Света:** Пәтерінде неше бөлме бар?

**Берік:** Екі бөлме. Олар төргі бөлме және ұйықтайтын бөлме. Ас үйі де, жуынатын бөлмесі де, әжетханасы да бар. Дәлізі кең.



Кітапханада

Қайырлы таң! Мен Берікпін. Мынау Ораз. Біз доспыз. Біз студентпіз. Біз қазір журнал оқып отырмыз. Менің жолдасым Әлия кітапханада кітап алып жүр. Ол қазір Чеховтың әңгімелерін оқып жатыр. Сендер не істеп жатырсыңдар?





Әлия:  
Қайырлы таң!  
Сіз не іздеп  
жүрсіз?

Джон:  
Қайырлы таң!  
Күтпеген  
кездесу! Мен  
бір кітап іздеп  
жүрмін.

Әлия:  
Ағылшынша  
шығар?

Джон: Жок, қазақша. Абайдың өлеңдері ... Мен қазақ тілін зерттеп жүрмін.

Әлия: Мына кітап қалай?

Джон: Абайдың “Өлеңдер жинағы”... .Өте жақсы. қазір сіз не оқып жүрсіз?

Әлия: Мен қазір Чеховтың әңгімелерін оқып отырмын.

Джон: қазақша шығар?

Әлия: Жок, орысша. Мұнда орыс, қазақ және басқа ұлт жазушыларының шығармалары өте көп.

Жыл мезгілдері. Ауа райы



- Сәлем! Мен Берікпін.  
Менің ең жақсы көретін жыл  
мезгілім - қыс, өйткені  
қыста ауа таза. Қыста күн  
суық, қар жауады, тұман  
түседі, сонда да ауа райы  
тамаша.

Бұл - ең әдемі жыл  
мезгілі және қыста менің  
туған күнім. Жаңа Жыл да  
қыста. Жаңа Жыл жылдың  
ең жақсы мейрамы.

Ал сенің ең жақсы  
көретін жыл мезгілің қайсы?

## Сабақ 10

**Әлия:** Бүгін ауа райы қандай жақсы! Күн жылы, аспан ашық. Самал жел соғып тұр. Көктем - жылдың ең жақсы мезгілі.


**Берік:** Меніңше, жылдың ең жақсы мезгілі - қыс. Қыста күн суық және қысқа болады. Қар жауады, тұман түседі. Ауа таза болып тұрады

**Света:** Сен қысты неге жақсы көресің? Өйткені сенің туған күнің қыста ғой. Кешір, бірақ жылдың ең жақсы мезгілі - жаз. Жазда күн ыстық, ұзақ болады, жылы жаңбыр жауады.


**Ораз:** Бәрін де қателесесіңдер. Жылдың ең жақсы мезгілі - күз. Күзде күн салқын, сонда да күз ең әдемі жыл мезгілі.

**Берік:** Ертең ауа райы қандай болады?

**Әлия:** Таңертең күн жылы, күндіз жаңбыр жауады. Кешке жақын салқындайды. Ауаның температурасы 5-7 градус жылы болады.




Сабақ 10




## Сабақ 11

### Азық - түлік дүкенінде



Әлия екеуміз азық-  
түлік дүкеніне барып  
тұрамыз. Мен ет сататын  
бөліміне барамын, Әлия ұн,  
күріш, қант алуға барады.  
Кассаға кезек аламыз.  
Кезекте адамдар көп  
болады. Мен кезекке  
тұрамын, Әлия сүт,  
айран, ірімшік, қаймақ  
және нан сатып алады.  
Ақшаны кассаға төлейміз  
де, үйге қайтамыз.  
Сен азық-түлік  
дүкеніне барып тұрасың  
ба?

## Сабақ 11



**Әлия:** Маған 2 кг ұн, 1 кг күріш, 2 кг қант керек еді.

**Сатушы:** Чекті кассаға соқтырып әкеліңіз.

**Әлия:** Сүт қайда сатылып жатыр?

**Сатушы:** Көрші бөлмеде сатылып жатыр

**Берік:** Сәлеметсіз бе! Маған сиыр етінен 2 кг және тауық етінен өлшеп беріңізші.

**Сатушы:** Тауық еті сатуда жоқ. Сиыр етінен өлшеп берейін... Кассаға 350 теңге төлеңіз.



**Әлия:** Кассаға соңы кім?

**Сатып алушы:** Соңы - мен. Менен кейін ешкім жоқ.

Алдымда мына кісі тұр.

**Әлия:** Онда мен Сізден кейін боламын.



## Сабақ 11



**Әлия:** Берік,  
сен кассаға  
кезекке тұр.  
Мен 2 литр  
сүт, 1 бөтелке  
айран, жарты  
литр қаймақ,  
және 1 кг  
ірімшік алуға  
бара  
жатырмын.

**Берік:**  
Жарайды, нан  
алуды ұмытпа.



## Сабақ 12


### Базарда

- Мен жексенбіде базарға барып тұрамын. Базарда адам көп болады. Базарда көкөніс, жеміс-жидек және азық-түлік сатып алуға болады. Мен оларды көп жүріп, таңдаймын. Өте қымбат көкөністерді алмаймын. Көп жеміс алсаң, сатушылар бағасын түсіреді, сондықтан бәрін аламын да, үйге қайтамын.

Сен базарға барып тұрасың ба ?



## Сабақ 12



**Берік:** Сәлеметсіз бе! Көкөніс, жеміс-жидек сата-сыз ба?

**Сатушы 1:** Сатамын. Келіңіз, алыңыз,

**Берік:** Картоптың, пияздың, сәбіздің бағасы қанша?

**Сатушы 1:** Картоп-30 теңге, сәбіз-25 теңге, пияз-30 теңге.

**Берік:** Қымбат екен. Арзандау бермейсіз бе?

**Сатушы 1:** Көбірек алсаңыз, бағасын түсіремін.

**Сатушы 2:** Азамат, менікін алыңыз.

Мен арзандау берейін. Неше килограмм аласыз?

**Берік:** Сіздікі өте ұсақ екен. Ірілеуі жоқ па?

**Сатушы 2:** Жок, бары - осы.

**Берік:** Сіздікі ше?

**Сатушы 3:** Таңдап алыңыз.

Ұсақтары жиырмадан, ірілері жиырма үштен.

**Берік:** Онда маған 3 кг картоп, 1 кг сәбіз және 2 кг пияз өлшеп беріңіз. Қанша төлеймін?

**Сатушы 3:** Бәрін қосып есептегенде, 154 теңге төлеңіз.

Сағат жөндеу

- Кеше менің сағатым сынып қалды. Жерге түсіріп алдым. Қазір сағат он екіден жиырма минут кетті. Бірақ менің сағатым сағат төртті көрсетіп тұр. Бұл, әрине, дұрыс емес. Мен онда сағат шеберханасына апарып тапсырайын.

Сау болыңыздар!



### Сабақ 13

**Берік:** Сәлеметсіз бе!

**Сағат шебері:** Сәлеметсіз бе!

**Берік:** Менің сағатым сынып қалды. Жөндеп беріңізші.

**Сағат шебері :** Сағатыңыз артта қала ма, озып кете ме?

**Берік:** Сағатым тоқтап қалды. Кеше жерге түсіріп алдым

**Сағат шебері:**

Әкеліңіз,

көрейін...

Әйнегі де сыныпты.

**Берік:** Онда жаңа әйнек салып берсеңіз.

**Сағат шебері:**


Сағатыңызды тазалайын ба?

**Берік:** Иә. Қашан дайын болады?

**Сағат шебері:**

Ертең келіңіз.

**Берік:** Рахмет. Сау болыңыз!



Сауда үйінде

- Кеше Әлия екеуміз сауда үйіне бардық. Әлияға жаңа үлгімен тігілген көйлек сатып алдық. Әлияға жақсы жарасады екен. Аяқ киіміне де сәйкес. Қымбат, бірақ әдемі. Өлшеп көрсе, тұл-тура екен.

Сен сауда үйіне барып тұрасың ба?



Сабақ 14



**Әлия:** Берік, мен сауда үйінен бір зат сатып алсам деп едім ...

**Берік:** Сырт киім бе,  
бас киім бе, аяқ киім бе?

**Әлия:** Мен өзіме көйлек таңдап алсам.

**Берік:** Меніңше, сырт киім бөлімінде жаңа үлгімен тігілген көйлек көп болу керек. Жүр, көрейік.

**Әлия:** Кешіріңіз, мына көйлек қай жерде тігілген

**Сатушы:** Финляндияда. Сізге көйлектің нешінші өлшемі керек?

**Әлия:** Қырық алтыншы.

Бұл көйлектің басқа түсі бар ма?

**Сатушы:** Басқа түсі жоқ, бірақ мына түс Сізге жарасады. Өлшеп көріңізші. Бұл Сіздің өлшеміңіз ғой.

**Берік:** ... Рас, Әлия, саған жақсы жарасып тұр. Аяқ киіміңе де сәйкес. Тар емес пе?

**Әлия:** Жок, тұп-тура. Әдемі екен, бірақ ...

**Сатушы:** Бағасына қарамаңыз, сапасына қараңыз. Сараң екі рет төлейді.

## Сабақ 15


### Дәрігерде

-Қайырлы кеш! Менің атам ауырып қалды. Кеше байқамай салқын қымыз ішіп қойыпты. Тамағына салқын тиіпті. Дәрігерді үйге шақырмай, емханаға кетті. Дәрігерге көрініп, енді емделіп жатыр. Денсаулықты сақтау керек. Денсаулық - зор байлық.

Сіздің денсаулығыңыз қалай?



Сабақ 15



Ата: Кіруге бола ма?

Дәрігер: Кіріңіз, ата, отырыңыз. Қай жеріңіз ауырады?

Ата: Басым және тамағым ауырады. Аздап жөтелемін, түшкіремін, тұмауым да бар. Кеше байқамай салқын қымыз ішіп қойыпшын.

Дәрігер: Тамағыңызды көрсетіңіз, тексерейін. Тамағыңыз қызарып тұр екен. Шешініңіз, өкпеңізді және жүрегіңізді тындаймын, қызуыңызды өлшеймін...

Ата: Тұмау емес пе?

Дәрігер: Жоқ. Баспа ауруы. Қазір Сізге рецепт жазып беремін. Дәріні дәріханадан алып, күніне үш рет ішесіз. Төсекте жатып емделіңіз, бал қосқан сүт ішіңіз. Енді емханаға жұма күні келіңіз. Жазылыңыз. Денсаулық - зор байлық.

Ораз: Сәлеметсіз бе! Қайда бара жатырсыз?

Ата: Тамағым суық тиіпті. Емханаға бара жатырмын. Дәрігер бүгін екіден беске дейін қабылдайды екен. Дәрігерге барып көрінейін деп едім.

Ораз: Онда дәрігерді үйге шақырмадыңыз ба? Суықтан сақтану керек. Мен Сізді дәрігерге шығарып салайын...

Ата: Жоқ, жоқ. Ақырын-ептеп өзім жетемін ғой. Әуре болма.






## Театр өмірі

- Джон қазақ тілін ғана емес, қазақ өнерін де зерттеп жүр. Әлия Джонды қазақ опера және балет театрына баруға шақырды. Ботагөз Джонға Әуезовтің “Қарагөз” трагедиясын көруге кеңес берді. Ал, Ораз оны джазға шақырды. Меніңше, қазақ халық музыкасы адамдарға үлкен ләззат береді. Сіз қалай ойлайсыз?



## Сабақ 16



**Джон:** Әлия, Сіз қай театрға баруға кеңес бересіз?

**Әлия:** Меніңше, опера және балет театрына барғаныңыз дұрыс, өйткені бүгін сахнада Аданның “Жизель” балеті жүріп жатыр. Мен балетті өте жақсы көремін. Маған балет үлкен ләззат береді.

**Берік:** Балет жақсы ғой, бірақ, менің ойымша, қазақ халық музыкасының концертіне бару керек. Бүгін филармонияда халық аспаптары оркестрінің концерті болады.

**Ораз:** Одан да джазға барайық.

**Ботагөз:** Қазақ драма театрында Әуезовтің “Қарагөз” трагедиясы жүріп жатыр.

**Джон:** Дауласпаңдар. Біз былай келісейік. Ешкім ренжімеу үшін, бүгіннен бастап күнде әр театрға барып тұрайық.

## Сабақ 17

### Телефон

TDV İSAM  
Kütüphanesi Arşivi  
No TK/123.2

- Алло! Бұл 45-67-89  
ба? Бұл Берік қой. Сен  
мені естіп тұрсың ба?  
Қалай естіледі ?

Жақсы ма? Мен сені  
нашар естіп тұрмын.  
Қатты сөйлеші! Жа-  
райды, нөмірді қайта  
теремін.

Сенің телефоның бар  
ма? Телефоныңның нөмірі  
қанша? Маған телефон  
соқшы. Телефонымның  
нөмірі 63-12-84.



Сабақ 17



Джон: Алло!  
Сәлеметсіз бе!  
Ата: Ә-Ә! Не дейді?  
Джон: Алло, алло!  
Мені естіп тұрсыз  
ба?  
Ата: Қатты айта  
алмайсыз ба?  
Нашар естіліп тұр.  
Джон: Берікті  
шақыруға бола ма?

Ата: Ештеме  
естілмейді.... Нөмірді  
қайта теріңізші.  
Джон: Алло! Енді  
қалай естіліп тұр?  
Ата: Енді жақсы. Бүл  
кім? Сізге кім керек?  
Джон: Маған Берік  
керек. Атым Джон.  
Ата: Е-е... Берікті  
шақыра алмаймын.  
Ол үйде жоқ. Сағат  
беске дейін болмай-  
ды. Сен бестен кейін  
үйге кел. Мен  
Беріктің атасымын.  
Джон: Жарайды, ата,  
барамын.



Көшеде

Кешіріңіз, мен Берікпін  
гой. Мен қазір Төле би  
мен Желтоқсан  
көшелерінің қиылысында  
тұрмын. Маған “Орбита”

ықшамауданына бару  
керек. Сізге бір өтінішім  
бар еді. Айтыңызшы,  
“Орбита” ықшамауданы-  
на немен жетуге болады?

Отыз екінші автобусқа  
мінуге бола ма? Троллей-  
буспен баруға болмай ма?  
Аялдама қайда? Жолдың  
арғы бетінде ме?



## Сабақ 18

Джон: Кешіріңіз, ...

Кездейсоқ адам: Кешіріңіз, менің уақытым жоқ.

Джон: Айтыңызшы

Кездейсоқ адам:

Кешіріңіз, мен асығыспын ...

Джон: Кешіріңіз, Сізден сұрауға бола ма?

Кездейсоқ адам: Мен Сізді тындап тұрмын.

Джон: Бөгенбай батыр көшесі мен Абылайхан даңғылының қиылысына дейін немен жетуге болады

Кездейсоқ адам: Сіз қазір Абылайхан даңғылында тұрсыз. Бөгенбай батыр көшесіне дейін бесінші немесе алтыншы троллейбуспен баруға болады.


Джон: Автобус бармай ма?

Кездейсоқ адам: Автобус бұл жерге тоқтамайды.

Джон: Троллейбус аялдасамы қайда?

Кездейсоқ адам: Жолдың арғы бетінде.

Джон: Рахмет. Сау болыңыз!



## Сабақ 19

### Транспортта

- Мен студентпін.  
Кітапханаға сабақ оқуға  
баруым керек. Кітапхана  
Абылайхан мен Абай  
даңғылдарының қиылысын-  
да. Мен онда алтыншы  
немесе бесінші троллейбус-  
пен барамын. Билетке 10  
теңге жолақы төлеймін.  
Түсетін жерім екі аялда-  
мадан кейін “Ұлттық  
кітапхана” аялдамасы.

Сен немен жүресің,  
автобуспен бе, троллей-  
буспен бе?



## Сабақ 19

**Джон:** Ғапу етіңіз. Мына орын бос па екен? Арырақ жылжыңыз. Рахмет.

**Жолаушы:** Ештеңе етпейді.

**Джон:** Мен Қабанбай батыр көшесіне дейін бармақпын. Айтыңызшы, мына троллейбуспен жете аламын ба?

**Жолаушы:** Иә, жете аласыз.

**Джон:** Жолақы неше тенге?

**Жолаушы:** 10 тенге.


**Джон:** Мына ақшаны билетке беріп жіберіңізші. Рахмет. Келесі қай аялдама?

**Жолаушы:** Келесі аялдама - Гоголь көшесі. Қазір түспейсіз ғой.

**Джон:** Жоқ.

**Жолаушы:** Онда мен өтіп кетейін. Келесі аялдама - Сіздікі. Түсетін жеріңізден өтіп кетпеңіз.

**Джон:** Рахмет. Сау болыңыз!





## Қала ішін бағдарлау

- Мен Алматыда тұрамын. Менің мекен-жайым: Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 129-ыншы үй, 10-ыншы пәтер. Абылайхан даңғылынан бесінші троллейбуспен Бөгенбай батыр көшесіне дейін келесіз. Содан кейін Абылайхан даңғылымен жоғары көтерілесіз, оң жақ бұрыштағы бес қабатты үй - менікі.

Бізге қонаққа келіңдер!



## Сабақ 20

Джон: Кешіріңіз, мен Бөгенбай батыр көшесіндегі жүз жиырма тоғызыншы үйді таба алмай жүрмін. Қай бағытқа қарай жүру керек?

Кездейсоқ адам: Абылайхан даңғылымен тура жүре берсеңіз, сол жақта Орталық почтаны көресіз.

Джон: Жаяу барсам, алыс емес пе?


Кездейсоқ адам: Жоқ алыс емес, жақын. Бір көше жоғары көтерілесіз және оң жаққа бұрыласыз.

Бұрыштағы үлкен бес қабатты жүз жиырма тоғызыншы үй.

Джон: Рахмет.

Кездейсоқ адам: Енді табасыз ба?

Джон: Енді табармын. Рахмет.



## Сабақ 21

### Сапар

- Қайырлы кеш!  
Бүгін маған қонақ  
келді. Үйді іздеп, біраз  
таба алмай жүріпті  
де, тапқан екен.  
Оның аты Джон.  
Менің атам да Ақмо-  
ладан қонаққа келіп  
жатыр еді. Джон  
атама АҚШ туралы  
өте әдемі кітап  
сыйлады. Джон өзі  
туралы айтып берді.  
Саған жуырда  
(недавно) кім келген  
еді?



Сабақ 21



**Джон:** Ассалаумағалейкум, ата!

**Ата:** Уалейкум ассалам!

**Джон:** Сәлем, Берік, қандай жаңалық бар?

**Берік:** Сәлем! Ешқандай жаңалық жоқ.

**Ата:** Хош келдің, балам! Төрге шық. Өз үйіңдей көр.

**Берік:** Қалай жеттің?

**Джон:** Жаман емес. Осы үйді іздеп, біраз таба алмай жүрдім де, сұрай-сұрай келдім ғой әйтеуір.

Сұрай-сұрай Меккеге де жетесің.

**Ата:** Кел, балам, танысайық. Атың кім? Қайдан келдің?

**Джон:** Атым Джон. Америка Құрама Штаттарынан келдім. Қазақ тілін үйреніп, зерттеп жүрмін.

**Ата:** Солай де ... қазақша жақсы сөйлейді екенсің.

**Джон:** Мен Сиэтлда оқыдым. Қазақстан туралы көп естідім. Қазақ тілін де сол жерде үйрендім. Қиын болса да, қызығып оқыдым. Ата, мына Америка Құрама Штаттары туралы кітап - Сізге сыйлығым.

**Ата:** Рахмет, балам, бақытты бол!

## Қонақта

- Кеш жарық! Қазір менің үйімде қонақтар отыр. Әлия қонақтарды дастарханға шақырды. Джон төрге отырды. Жасы кіші болса да, жолы үлкен. Джон қазының, шұжықтың, бесбармақтың дәмін алғаш татты. Мен қонақтарға салаттардан салып бердім. Джонның алма шырынынан ішкісі келді. Джон атамен танысу үшін келді. Атам үшін тост көтерді.

Сіздің тостты не үшін көтергіңіз келеді?



## Сабақ 22



Әлия: Ал, құрметті қонақтар, дастарханға келіңіздер!

Джон: Рахмет, мен жаңа ғана тамақтандым.

Ата: Сіз қонақсыз, сондықтан дастарханға келу керек. Қазақ дәстүрі бойынша ең алдымен наннан ауыз тию керек.

Берік: Дастарханға жайғасып отырыңыздар, қысылмаңыздар.

Ата: Джон қонақ, төрге отырсын.

Джон: Жоқ, ата, Сіздің жасыңыз үлкен. Сіз отырыңыз.

Ата: Рахмет, қарағым, жасың кіші болса да, жолың үлкен.

Әлия: Астан алып отырыңыздар. Джон, мына шұжықтан, қазыдан дәм тат. Бесбармақ суып қалмасын.

Берік, Джонға салаттардан сал. Ас дәмді болсын!

Берік: Қай сусынды ұнатасың? Қандай сусыннан құяйын?

Джон: Алма шырыны дұрыс болар. Ата, Сізбен танысу үшін келдім. Мына тостты Сіз үшін көтергім келеді. Жасыңыз ұзақ болсын. Ауру-сырқаудан аман болыңыз.

Ата: Рахмет, балам.

## Пойызбен саяхатқа шығу

- Менің атам Ақмоладан Алматыға пойызбен келді. Менің ағам оған жүрдек пойызға алдын ала билет алып қойыпты. Атам төменгі орынға отырып келіпті. Плацкарт вагонға билет болмағандықтан, ол купелі вагонмен келді.


Пойыз 10 минутқа кешігіп келді. Мен вокзалға

атамды қарсы алайын деп келсем, вокзалдың іші ығы-жығы. Атам енді Ақмолага ұшақпен ұшпақ.

Сіз Мәскеуге немен жүресіз?



## Сабақ 23



Джон: Ата, Сіз Ақмоладан немен келдіңіз?

Ата: Пойызбен келдім. Мен үлкен балама жүрдек пойызға билет алдын ала сатып алғыздым.

Джон: Перронда жүк көтерушілер, жолаушылар көп шығар.

Ата: Иә, вокзалдың іші ығы-жығы. Пойыз екінші платформаға, бірінші жолға тоқтады.

Джон: Орныңыз жоғарыда болды ма, төменде ме?

Ата: Төменгі орын болды. Плацкарт вагонға билет болмаған соң, купелі вагонға билет алғыздым. Жолсеріктен төсек-орын алып, өз орныма орналас-тым.

Джон: Пойыз кесте бойынша келді ме?

Ата: Жоқ, он минутқа кешігіп келді.

Джон: Неше сағат жүрдіңіз?

Ата: Бір тәулік жүрдім. Бір балам Ақмоладан шығарып салды да, екінші балам Алматыдан қарсы алды. Енді Ақмолаға қайтарда ұшақпен ұшамын.



ұшақпен саяхат жасау

- Джон Алматыға Мәскеуден ұшақпен келген екен. Әуежайға екі сағат бұрын келіп, тіркеуден өтіп, жүгін өлшетіп, ұшаққа отырғызу талонын алыпты. Жүгінің артық салмағы болмапты, сондықтан ақша төлемепті. Отырғызу басталғаннан кейін, әр жолаушы өз орындарына орналасып, белдіктерін ілгектеп, бір-біріне сәтті сапар тілепті.

Сіз ұшақпен қай кезде ұшасыз?



## Сабақ 24

Ата: Балам, сен өзің Алматыға қашан келдің?

Джон: Мен Алматыға былтыр қазақ тілін зерттеу үшін келген едім.

Ата: Ұшақпен келген шығарсың.

Джон: Мен Мәскеуден Алматыға ұшақпен келген едім. N205 Мәскеу - Алматы рейсі түнде ұшады екен.


Әуежайға екі сағат бұрын келгенімде, тіркеу басталды. Тіркеуден өтіп, жүгімді өлшетіп, өткізіп, отырғызу талонын алдым.

Ата: Артық салмақ үшін қанша төлетеді екен?

Джон: Менің артық жүгім болған жоқ. Бір адамға 20 кг жүкті тегін алып жүруге болады. Артық жүкке төлемеу үшін, көп зат алмадым.

Ата: Содан кейін отырғызу басталды ма?

Джон: Иә, өз орныма орналасып, белдігімді ілгектедім. Сонан соң ұшақ аспанға көтерілді. Жолаушылар бір-біріне сәтті сапар тіледі.



Қоштасу

- Джон бүгін біздің үйде қонақта болды. Өкінішке орай, үйіне қайту керек екен. Ол бізбен қоштасуға келіпті. Бүгінгі күні ол Америкаға қайтады екен. Оны Роза деген жолдасы қарсы алады екен.

Келер жолы Розамен бірге келер деп ойлаймын. Джонды шығарып салайын десем, өзім жетемін деп болмайды. Біз оған жолың болсын, аман-есен үйіңе жет, - деп тіледік.

Сіз қонақтармен қалай қоштасасыз?



## Сабақ 25

Джон: Ата, ғапу етіңіз, қараңғы түсің барады. өкінішке орай, маған үйге қайту керек.

Ата: Неге асығасың? Отыр.

Джон: Жоқ, асығыспын. Есімнен шығып кетіпті, мен кешке Розамен сөйлесемін деп келісіп едім.

Ата: Роза деген кім?

Джон: Ол менің жолдасым. Ол Америкада университетте сабақ беріп жүр. Мен бүрсігүні Америкаға ұшамын. Роза мені қарсы алады.

Ата: Келесі жылы Розаны ала кел.

Джон: Жарайды, ала келейін.

Берік: Мен сені шығарып салайын.

Джон: Әуре болма. Өзім де жетемін ғой.

Әлия: Қош, сау бол! Розаға сәлем айт. Хабарласып тұрындар!

Берік: Ертең кездесеміз деп ойлаймын.

Ата: Жолың болсын, балам.

Джон: Рахмет. Қош, сау болыңыздар! Жайлы жатып, жақсы тұрыңыздар!

